Адамзат өмір сүріп жатқан жоғары технологиялар ғасыры қоғам дамуындағы жаңа әрі өзгеше деңгейге әкелді. Ақпаратпен алмасу, адамдар арасындағы тілдесу, қарым-қатынас орнату әдістері, жұмыс беру ұсыныстары мен іздеу жолдары, демалыс түрлері шын өмірден виртуалды әлемге өтті. Миллиондаған адамдар күнделікті түрде әлеуметтік желілер қызметтерін пайдаланады, жаңа достар мен клиенттер, қызметкерлер іздейді, кейбіреулері уақыттарын бос өткізуге арнайды. Білім деңгейін жоғарылату мақсатында ғаламтор ресурстарын пайдаланғанымен, көбінесе әлеуметтік желілерді виртуалды тілдесу үшін ғана пайдаланушылар жеткілікті екендігі жасырын емес. Сонымен қатар, XXI ғасырдағы азаматтарды тәрбиелеу теледидардан Интернетке көшті. Сондықтан оның қоғамдағы рөлінің жағымды және жағымсыз жақтарын ажырату ақпараттандыру ғасырында қиынға соғары анық.

Жалпы әлеуметтік желілерде жазылған заңдылықтар жоқ. Десек те, әлеуметтік желілер отбасы, мектеп, дос-жарандар секілді әлеуметтендірудің классикалық институттарын қарқынды түрде ығыстыру қаупін туындатып отыр. Виртуалды қауым қалыптастыру шын мәнісінде әлеуметтендірудің дәстүрлі уәкілдерін ауыстыруға ықпалы мол. Бірақ, пайдаланушылардың виртуалды әлемде игеретін жағымсыз қасиеттері шын өмірге келгенде әлеуметтендірудің нақты процесін күрделендіріп, қалыптасқан қоғамдық ережелерді күйретуі мүмкіндігін ұмытпауымыз қажет. Өйткені, әлеуметтік желілерде ішкі тәртіптерге негізделген нормалар мен ережелер қоғамдық стандарттармен сәйкес келе бермейді және оны бұзғаны үшін шын жауапкершілікке тартылатындығын кеш түсініп жатамыз.

Бүгінде әлеуметтік желілердің даму тенденцияларына байланысты түрлі көзқарастар бар. Әрине, оның даму басымдықтары әлеуметтік желі бағыт алып отырған мақсатты аудиториямен тікелей байланысты. Негізінен әлеуметтік желілерді белсенді әлеуметтік күш саналатын жастар кеңінен пайдаланады. Қазіргі заманғы қоғамның күнделікті өзгерістері жағдайында жастарға әлеуметтік желі сайттары жол сілтегіш құралы саналады. Сондықтан әлеуметтік желілерде берілетін кез келген ақпарат сөздері мен көздеріне мұқият қарағанымыз жөн.

Психология ғылымы әлеуметтік желілерді пайдаланудың жоғарғы өсімі әрбір пайдаланушылардың маңызды өмірлік қажеттіліктеріне әсер ететіндігі жөнінде айтады. Әсіресе, шын өмірдегі барлық кемшіліктерді виртуалды кеңістік көмегімен орнын толтыруда көмегін береді. Бірақ, виртуалды байланысты шамадан тыс пайдалану нақты кеңістіктегі қарым-қатынастарға қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Десек те, социомедиалық революция оның жағымсыз жақтарына қарамайтыны анық.

Әлемнің әр аймағында түрлі әлеуметтік желілірдің танымалдылығы әртүрлі. Мәселен, Солтүстік Америкада MySpace, Facebook, Twitter, Nexopia және LinkedIn кеңінен таралса; Еуропада Facebook, Bebo, dol2day, Tagged.com, XING, Skyrock; Оңтүстік және Орталық

Америкада Public Broadcasting Service, Orkut, Facebook; Азияның Филиппины, Малайзия, Индонезия, Сингапур секілді елдерінде Friendstar, Multiply, Orkut, Renren және Cyworld әлеуметтік желілері танымал.

Посткеңестік елдердегі әлеуметтік желілер тобы мынадай: Арменияда — Meet Friends, Hayland. am, Haysite. am, Kuku. am, EsHayem. am; Белоруссияда — ВСети. by, Takepin.com; Қырғызстанда — laytlux.tm.kg; Молдовада — Onspace.net, People. md; Украинада — Connect.ua; Өзбекстанда — muloqot. uz, youface. uz, sinfdosh. uz. Википедияның орыс тілді материалдарында Қазақстанның әлеуметтік желілері төмендегідей: on. kz, vseti. kz, my.nur.kz, www.newkaz.kz, pautina. kz, nsc. kz, liveinternet. kz, namba. kz, www.birge.kz [1]. Уикепедияның қазақ тілді нұсқасында тек Zhelide. kz және www.kazlife.com көрсетілген. Сонымен қатар, Ресейлік әлеуметтік желілер қатарына В Контакте, Мой Круг, Мой Мир@mail.ru, Одноклассники. ru, Живой Журнал жөнінде атап көрсеткен [1, 2].

Сонымен бірге, WEB 2.0 форматында белгілі бір бағытты ұстанған арнайы ресурстар да бар. Мәселен, ғылыми мақалалардан құралған сілтемелер базасының әлеуметтік каталогтары, кітаптар топтамасын ұсынатын әлеуметтік кітапханалар, ойындар тізімін ұсынатын желілік ойындар әлемі, алысты жақындастыратын геоәлеуметтік желілер, кәсіби тәжірибемен бөлісетін кәсіптік әлеуметтік желілер, жас және гендерлік ерекшеліктерге тән әлеуметтік желілер, қайырымдылық көмек беруге бағытталған әлеуметтік-қаржылық желілерін ғаламтордан табуға болады [1, 2].

«Internet World Stats» агенттігінің кезекті зерттеу нәтижесіне мән берсек. Ондағы мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 5,6 миллион адам әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады. Ең танымал әлеуметтік желілердің қатарында күніне 1 млн 125 мың рет қаралатын «Мой мир», 558 мың рет қаралатын «Одноклассники», 525 мың рет қаралатын «В контакте», 410 мың рет қаралатын «Facebook» — ті жатқызуға болады.

Күніне 350 мың қазақстандық ұялы телефонмен «mail.ru agent» — ке кіреді. Өйткені, бұл ақпарат алмасудың тиімді әрі арзан жолы. Агенттік ұсынған тағы бір қызықты дерек, әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі жайында өтірік мәлімет жазады. Тарқатып айтсақ, олардың 29 пайызы есімі мен жасын, 23 пайызы отбасылық жағдайын, 22 пайызы түр-әлпеті және қызығушылықтары туралы, 17 пайызы білімі мен жұмысына қатысты өтірік айтатын болып шыққан [3]. Әрине, бұл нәтижелер көпшілікті ойландыруы қажет деген пікірдеміз.

Бүгінгі таңда еліміздегі қызмет атқаратын кез келген мекемелер ғаламторға өз сайттарын орналастырумен қатар, кері байланысты қалыптастыруда әлеуметтік желілер көмегіне сүйенеді. Әрине, әлеуметтік желілер арқылы өз қызметтерін насихаттау немесе сілтемелер беру арқылы жағымды жақтарын көрсетуде оның беретін көмегі орасан зор. Сонымен бірге, кез келген азаматтың электронды жәшігі болғандықтан оның ішкі сезімі өзгелер секілді виртуалды әлемге енуді қалайды. Әлеуметтік желілердің электронды шақыру хаттары да қызығушылық туындатады.

Қоғамдық дамудың қазіргі заманғы ерекшеліктеріне байланысты, бүгінде ғылымда адамды киберәлеуметтендіру [4] мәселесін тереңірек қарастырған жөн. Бұл ұғымға мынадай түсініктеме беріледі: «Өмірлік іс-әрекет контекстінде қазіргі заманғы ақпараттық және комьютерлік технологияларды пайдаланудан орын алатын ықпал ету нәтижелеріндегі тұлғаның өзіндік сана құрылымындағы өзгеріс процесі, тұлғаның киберкеңістікте әлеуметтенуі». Бұл процесте жаңа мүдделер, себеп-салдар мен мақсаттар қоғам мүшелерінің психологиялық және әлеуметтік белсенділігіне ықпал жасайды

Бұл ғылымның түрлі салаларындағы желілік, әсіресе, әлеуметтік желі ықпалына назар аудартып жатқандығын көрсетеді. Себебі, аталмыш ұғым кейбір қауымдастық мүшелері арасындағы кешенді өзара қатынастарды реттеуде қолданылады. Бүгінгі ғылымда әлеуметтік желілер әдістемесінің адам мінез-құлқына ықпалын зерттеумен қатар, ғылым салаларындағы инновациялық және мәдени ықпалдастығы қарастырылған жөн.

Қазіргі әлемдегі саяси және қоғамдық өмірдегі әлеуметтік желілердің рөлін анықтау мақсатында *SWOT-талдау* жасалды және оның нәтижелері төмендегідей:

Әлеуметтік желілердің *жағымды жақтары*: компьютерлік сауаттылықтың жоғарылығына байланысты ақпарат алу, алмасу жылдамдығы артады; халықтың билік органдары блогтарына хабарласуы арқылы кері және өзара байланыс орнатуға жол ашылады; іздестіру жүйелері арқылы кез келген тақырыпта ақпарат алу және пайдалану; тиімді пайдаланған жағдайда білімін толықтыру; сыныптастар мен курстастарын, ескі достарын табу және хабарласу; тек компьютер арқылы ғана емес, ұялы телефондар арқылы да желіге ену; өз мүддеңе сай келетін азаматпен виртуалды тілдесу.

Әлеуметтік желілердің *жағымсыз жақтары*: бос уақыттың жұмсалуы; оппоненттің манипуляциялық тәсілдеріне мән бермей, алдауына түсу; ақпараттың ақиқаты мен жалғандығын айыра алмау, кез келген ақпараттың ұсынылуы; қоғам құндылықтарына жатпайтын лас сөздерді пайдалану, теріс пиғылды азаматтардың өз мүддесін жүзеге асыру үшін мүмкіндігінің болуы; ақпаратты кез келген тұлғаның өз мүддесі үшін пайдалануы; толықтай электронды бағыныштылық.

Әлеуметтік желілердің *мүмкіндіктері:* ақпарат алмасуда сурет, бейне, блогтар мен микроблогтар, қауымдастық, чат және т. б. көздер арқылы қажетті мәліметтерді кеңінен пайдалану; өз профиліңді құру және автор туралы мәлімет ұсыну; мүдделері бойынша ортақ виртуалды достармен қатар, өмірдегі достар, туысқандар, әріптестер, сыныптастар мен курстастар бірлестігін құру; халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты блогтар арқылы күшейтеді; кез келген жерде қажетті ақпаратты өз уақытында алу және пайдалану.

Әлеуметтік желілердің *қатерлері:* орналастырылған ақпаратты кез келген азамат оңай тауып және өз қажетіне пайдалана алады; ұсынылған ақпаратты жұмыс берушілер, ата-ана, балалары, қылмыскерлер, құқық қорғау органдары кез келген шараларға қолдана алады; әлеуметтік желілерге тәуелділік; ауызша, жазылмаған заңдар басшылыққа алынады; заңнамалық базаның әлсіздігі; виртуалды тілдесуге байланысты сөйлеу, ақпараттың жылдам алынуы және жеке ізденістің жоқтығына байланысты ойлау қабілеті кемиді, дүниетанымы төмендейді; компьютерлік тролльдер қақпанынна түсу.

Әлеуметтік желілердің кеңес берушілік қасиеттерін ғылыми зерттеуде төмендегідей мәселелер қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз: қоғам мүшелері бос уақыттарын қалай өткізетіндігін анықтау; жаһандық Интернет желісін қолданушылардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгешеліктерін анықтау; пайдаланушылардың әлеуметтік желі ұғымы бойынша түсініктерін зерттеу; азаматтар қандай мақсаттармен әлеуметтік желілерді пайдаланатындығын сараптау; пайдаланушылардың демалыс уақытын ұйымдастырудағы әлеуметтік желілердің беретін көмегін айқындау; желідегі қарым-қатынас шын тілдесуге лайықты өзгерістері мүмкіндіктерін анықтау; әлеуметтік желілерде кеңінен таралатын әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды зерттеу; әлеуметтік желілерде таратылып жатқан нормалар мен құндылықтардың ықпалын айқындау.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, бүгінгі күнде Интернет жаһандық өрмегі адамзаттың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде ерекше орын алады. Алдағы уақытта зерттелуі қажет мәселелері де жетерлік. Әсіресе, жасанды қоғам құру заманының жағымды жақтары мен жағымсыз жақтары, мүмкіндіктері мен туғызатын қатерлері пысықталып, зерделенуі керек. Қашып құтыла алмайтын ақпараттандыру ғасырындағы әлемдік білімді қалыптастыру барысында әлеуметтік желілерді пайдаланудағы білім қоғамын құру мақсатының тиімді тұстарын айқындау қажет.

Әдебиет:

1. Социальная сеть // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: http://ru.wikipedia.org/wiki/Социальная_сеть
2. Әлеуметтік желілер // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: http://kk.wikipedia.org/wiki/Әлеуметтік_желілер
3. Әлеуметтік желілерді күніне 5,6 миллион қазақстандық пайдаланады // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: http://www.baq.kz/news/18917
4. Плешаков В. А. Виртуальная социализация как современный аспект квазисоциализации личности // Проблемы педагогического образования. Сборник научных статей. Вып. 21. — М., 2005. — с. 48–49.

# ПСИХОЛОГИЯ

## Болашақ психолог мамандардың рефлексиясының қалыптасуына мектептегі психологтың кәсіби қызметінің ерекшеліктері

Ибрагимова Ғалия Ермағанбетқызы, магистрант;
Қадырова Гүлнұр Мақсатханқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Жаңа формацияда білім беру саласындағы барлық процесте, пән оқытушылары мен топ тәлімгерлеріне кәсіби дайындықтарын өзгертіп, толықтыру онда білімдердің жекелік ерекшелігін ескеру, қабілетіне және тұлғалық бағыттылық ықпалына қарай жағдай туғызуды қажет етеді.

Осындай психологиялық міндеттерді шешуде теориялық және практикалық негізде психолгиялық қызмет көрсету қажеттілігі туындады.

Психология мамандығы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім беру мекемелеріне педагог-психолог мамандығын енгізу туралы нұсқау хаты негізінде, еңбек ақы қорынан жалақысы бекітілген, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңына, Қазақстан Республикасы үкіметінің бұйрықтары мен қаулыларына сүйеніп жұмыс атқарады.

Қазақстанда тоғыз мыңнан аса мектепте үш миллиондай оқушы бар десек, ол саладағы психолог мамандар аса қажет екені өз-өзінен белгілі. Келешекте Қазақстанның әр ұлттық мектебінде психолог маманы болуға тиісті. Әзірге тоғыз мыңдай психологты қажет ететін, елімізде оның үштен біріндей ғана болатын маман бар.

Кез — келген білім беру жүйесінде білім алушы адам үйренуші болып табылады. Осы түсінікте адамның өзі басқалардың көмегімен оқитыны атап көрсетіледі, яғни, ол білім беру процесінің белсенді субъектісі бола тұрып, барлық қарастырылған субъектілік сапалармен, қырлармен сипатталады [1].

Сонымен бірге барлық үйренушілер білім беру жүйесінің белгілі бір сатысында бастапқы, жалпы және тек оларға тән ерекшеліктермен, қырлармен сипатталады. Бұл, әр білім беру сатысы, әдетте, адам өмірінің белгілі бір кезеңімен теңестірілуімен түсіндіріледі. Мысалы, дүние жүзінде бастауыш мектепте 10 жасқа дейінгі балалар оқиды (алайда, экстремалды әлеуметтік ситуацияларда, мысалы, сауатсыздықты жоюда бұл сатыға үлкендер де кіреді).

Жас ерекшелік кезеңдерге бөлу психологиядағы күрделі және бір жақты шешілмейтін проблемалардың бірі болып келеді (А. Валон, Ж. Пиаже, В. Штерн, П. П. Блонский, Л. С. Выготский және т. б.). Яғни психологтардың басты міндеті оқушылардың жас ерекшелігіне қарай білім беріп қалыптастыру болып табылатын болса, оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты Л. С. Выготский бастауыш мектеп, кіші мектеп және жоғарғы мектеп оқушылары деп үш топқа бөліп қарастырды.

Бастауыш мектепте, кіші мектеп оқушысында, осы кезеңдегі жетекші іс-әрекеттің негізгі элеметтері, қажетті оқу дағдылары мен іскерліктері қалыптасады. Осы кезеңде ойлау формалары дамиды, олар ары қарайғы ғылыми білімдер жүйесін меңгеруді, ғылыми, теоретикалық ойлаудың дамуын қамтамассыз етеді. Мұндай оқуда, күнделікті өмірде өз бетінше бағдарланудың алғышарттары қалыптасады. Осы кезеңде «баладан тек елеулі ақыл-ой жұмсауды ғана емес, сондай-ақ үлкен физикалық төзімділікті талап ететін» психологиялық қайта құру жүреді. [2].

Өмір жағдайының өзгеруімен, отбасынан немесе бала бақшадан мектепке ауысуымен байланысты бастауыш мектеп оқушысында үстем беделдер біршама өзгереді. Ата-ана беделімен қатар мұғалім беделі де пайда болады. «Ал мұғалім былай айтты,» — деп бала шешесінің айтқанына қарсы шығады. Осындай балалардың жаңа кезеңге келіп түсініспейтін жағдайлардың пайда болу кезеңдерінде педагог-психологтардың қолдау беріп көмектесуі, кеңестер беруінің пайдасы өте зор. Бастауыш мектептің соңына қарай, дамудың макрофазасы ретінде негізгі бейімделу кезеңі аяқталғанда, оқушы тек қана оқу іс-әрекетінің ғана емес, сондай-ақ, белсенді тұлға аралық өзара әрекеттесудің де субъекті бола бастайды, оның өзі өте маңызды. Кіші мектеп оқушысы жеткіншек бола бастайды.

Орта мектеп жасында (10-11-ден 14—15 дейін) жеткіншек өз іс-әрекеті контексінде құрдастармен қарым-қатынасқа түсу жетекші рөл ойнайды. Осы жастағы балаларға тән іс-әрекет оның оқу, қоғамдық-ұйымдастырушылық, спорттық, көркемдік, еңбек сияқты түрлерін қамтиды. Пайдалы іс-әрекеттің осы түрлерін орындауда жеткіншекте қоғамдық қажетті жұмысқа қатысуға,

қоғамдық мәнді болуға саналы ұмтылу пайда болады. Ол түрлі ұжымдарда қабылданған нормаларды есепке ала отырып, қарым-қатынас орнатуды, өз «Менінің» мүмкіндіктерін бағалау іскерліктерін үйренеді [3]. Бұл балалықтан ересектікке өтудің неғұрлым күрделі жасы, бұл кезде адамның орталық психикалық, тұлғалық жаңа құрылымдары — «ересектік сезімі» пайда болады.

Егер кіші мектеп жасы үшін оқу іс-әрекеті жетекші болса, онда орта жас оқушысы үшін жетекші ретінде сан алуан формалардағы қоғамдық пайдалы іс-әрекет болады, оның арнасында құрдастарымен интимдік — тұлғалық қарым-қатынаста, басқа жыныс өкілімен өте маңызды қарым-қатынас та жатыр. Бұл жерде оқу іс-әрекеті іске асырылып жатқан белсенділік бола бастайды — ол жасөспірімнің даралануын «қамтамасыз» етеді. Әсіресе, оқу іс-әрекетінің құралдарын, тәсілдерін таңдауда ол өзін мақұлдап, бекітеді.

Жеткіншек жас үшін беделге деген қатынас та тән. Егер кіші мектеп жасында мұғалім беделі отбасы беделінен кем болмаса, жеткіншек үшін үлкен адам беделі проблемасы білімбейді. Бір жағынан, жеткіншектің «мен — ересек адам» позициясы оны үлкендерге қарама-қарсы қоятындай, ал келесі жағынан — олардың беделі жеткіншек өмірінің маңызды факторы болып қалады. Үлкен адам беделінің сақталуына ықпал ететін жағдайлар: «1. жеткіншек қоғамдық жағдайының өзгеріссіздігі, ол оқушы болды және болып қалады; 2. оның ата-анадан толықтай материалдық тәуелсіздігі, олар мұғаліммен қатар тәрбиелеуші рөлінде болады; 3. жеткіншекте өз бетімен әрекеттену іскерлігінің болмауы» [4].

Жеткіншек оқу іс-әрекетінің субъекті ретінде тек қана өз мотивациясымен, позициясымен, қатынастарымен, «Мен» — тұжырымдамасымен өзгеше емес, сондай-ақ үздіксіз, көп сатылы білім беру қиындысындағы өмірдегі орнымен өзгеше. Ол өзі үшін осы білім берудіжалғастыру формасын болжайды, шешеді және осыған байланысты не оқудың, не еңбек іс-әрекетінің, қоғамдық айналысу, тұлға аралық өзара әрекеттесу құндылығына бағдарланады, осы уақыттарда педагог-психологтардың кеңесі ауадай қажет. Оқуға бағдарлануда жеткіншек жоғары мектеп оқушысы мәртебесіне өтеді. Жоғары мектеп оқушысы оқу іс-әрекеті субъектісі ретінде — бұл оқуды жалғастыруды таңдаған адам. Жоғары сынып оқушысы (ерте жастық шақ кезеңі 14-15-тен 17 жасқа дейін) орта буынан жоғары сыныпқа немесе жаңа оқу орындарына — гимназияларға, колледждерге, училищелерге өткен кезде бірден дамудың жаңа әлеуметтік ситуациясын атайды. Таңдау жасауға өмірлік ситуациялар мәжбүр етеді, ата-аналар тарапынан ынталандырады және оқу орны бағыттайды. Осы кезеңде құндылық бағдар белсенділігі негізгі мәнге ие болады. Бұл автономия, өзі болуға ұмтылу мен байланыстырылады. И. С. Кон атап көрсеткендей, «Қазіргі күнгі психология нақты, ***мінез-құлықтық автономияны*** (жас өспірімнің тек өзіне ғана қатысты мәселелерді өз бетінше шешу қажеттілігі мен құқығы), ***эмоционалдық автономия*** (ата-аналарынан тәуелсіз таңдалған, өзінің соған деген қызығушылығының, қажеттілігі мен құқығының болуы), ***мораль және құндылытық автономияны*** (іс жүзінде өз көзқарасының болуы қажеттілігі мен құқығы) ажырата отырып, ер жеткен балаларды автономиялау мәселесін қоялы» [5]. Осы жаста достық сенімді қатынастар өте маңызды. «Жоғары сыныпта оқушылардың формалды емес өзара қатынастары біртіндеп құндылыққа ие болады», — дейді М. Ю. Кондратьев, олар «қандай да бір зерттеу «полигонының» рөлін атқарады, онда бозбалалар мен бойжеткендер болашақ «үлкендер» өмірінің стратегиялары мен тактикаларына жаттықтырылып, сынақтан өткізіліп, сенімділікке тексеріледі. Осы кезеңде жоғары сынып оқушылары өмірлік жоспарлар құрып, мамандық таңдау жайлы саналы түрде ойлана бастайды. Бұл таңдау тек, адам өзін дәрігер, педагог, зерттеуші ретінде басқалар үшін максималды пайдалы сезінетін іс-әрекет саласында бейімділікке, өмірлік талаптарға бағдарланудан ғана емес, сондай-ақ берілген мамандықтың елдің қоғамдық дамуының нақты ситуациясындағы конъюктурасынан, пайдасынан, практикалық құндылығынан туындайды. Тек қана мақсатқа ұмтылған және шынымен де әуестенген 15—17 жасар адамдар ғана ары қарайғы кәсіби қалыптасуы, тұлғалық өзін-өзі анықталу жолында табиғи бейімділікке адалдығын сақтап қалады. Жеткіншектік және жас өспірімдік жас шебінде пайда болатын өзін-өзі анықтау қажеттілігі жоғарғы сынып оқушысының оқу іс-әрекетінің сипатына ғана әсер етіп қоймай, кейде оны анықтайды [6].

Жоғары сынып оқушысы жетекші іс-әрекеттің жаңа түріне енеді- оқу-кәсіптік, оның дұрыс ұйымдастырылуы көп жағынан оқушының келесі еңбек іс-әрекетінде субъекті ретіндегі қалыптасуын, оның еңбекке деген қатынасын анықтайды. Бұл одан да жоғары дәрежеде оқу іс-әрекетін неғұрлым маңызды мақсатқа бағындыратындай: болашақ кәсіби немесе кәсіби бағдарланған іс-әрекетке. Оқу іс-әрекетінің өзіндік құндылығы кәсіби өзін-өзі анықтаудың неғұрлым алыс мақсаттарына бағынады. Адам тек білімнің өзі үшін ғана оқымайды, болашақта неғұрлым мәнді нәрсе үшін оқиды, бұл студенттік жаста неғұрлым көп дәреже де көрінеді. Педагог-психологтар әр түрлі кезеңдегі жастардың бейімделуі кезінде пайда болатын проблемаларды шешіп және кеңестер беріп қана қоймай, сонымен қатар сол сыныптағы балалардың ішінен дарынды, қиын балаларды анықтап әрқайсысымен жеке сұқпатаса отырып кеңес беруі қажет.

Білім мен тәрбие — егіз ұғым. Бұл екеуі әрдайым бірге жүргенде ғана адамның рухани байлығы кең болмақ. Ел болу үшін де ең алдымен тәртіп керек. Қазақ халқында «ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп тегін айтылмаса керек. Әлемдегі екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани білім керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» деген. Демек, тәрбиесіз берілген білім апат әкеледі.

Сонымен қатар адам бойындағы ешқандай аспаппен өлшеп болмайтын асыл қасиет — адамгершілік нәрін адам бойына сіңіру. Содан кейін ғана еліміздің болашағы — жастарға білім беру жолындағы тәрбие. Әр жа-

стың санасын білім нәрімен сусындатып, оны ары қарай тереңдете жалғастырып, қазіргі заманның талабына сай етіп даярлау, т. б. Бұлардың бәрі — педагог-психологтың қызметі. Міне, осындай түзу жолдан шығып кетпес үшін арнайы педагог-психологтардың кеңесіне сүйенеміз, үйренеміз және өзгеге үйретеміз.

Тек бұл тұрғыдан емес, көзімізді ашып, айналамызға зер салып қарасақ, көптеген қателіктерге толы прцестер болып жатады. Біреуі — арақ пен темекінің соңынан жүріп, түнгі клубтарға барып, нашақорлықпен айналысып, өмірдің мағынасы мен мәнін түсінбейді. Осындай кереғар қылықтармен айналысып, жастайынан түрме азабын көргендер қаншама? Жаңа туған, өмірге шыр етіп келген бөбектерін тастап кеткен аналар қаншама? Неге олар мұндай жолға түсіп кеткен? Осындай өмірдің тар жолдарына түсіп қалған, қара түнекте өмір сүретін жандардың көзін ашуда осы педагог-психологтар бірінші орында тұрады. Олардың көзін ашып, өмірге қайта әкеліп, алдына мақсат қойдырып, оны да елінің кірпіші болып қаланатын психологтардың қазіргі таңда саны жетпейді. Ал өмірде жолы болмай, тек басы қиыншылықтар мен зардаптардан таусылмайтын жандар қаншама? Осы тұрғыдан да қарасақ, педагог-психологтар оларға күш-жігер, бағыт-бағдар берсе, оларға сүйеніш болып әрдайым қолдап отыратын жан — ол психолог [7].

Қазіргі педагог-психологтың алдына: болашақ өркениетті, дәстүрлі демократиялық мемлекетті құратын жас ұрпақтың ең әуелі адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, содан кейін оның жан сапасын, тән сапасын арттырып, техникалық прогреске сәйкес жан-жақты қолданбалы білім беру міндеттері қойылады. Ол үшін мектептер қаражатпен, техникалық құралдармен, мәдени қажеттіліктермен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Нағыз психологтар қоғамдағы саяси-экономикалық жағдайларда кездесетін келеңсіз үрдістермен күрес жүргізе алатын — күрескер болуы керек. Өйткені ол халықтың қамын, шәкірттің болашағын ойлайтын және сол үшін еңбек ететін тұлға.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». — 2008.
2. «Қазақстан Республикасының азаматтарының жаңа әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру» тұжырымдамасы. — 2008.
3. «Білім мазмұнын гуманитарландыру» тұжырымдамасы.
4. Балғымбаева З. М., Ахтаева Н. С. Мектептегі психологиялық қызмет. Оқу-әдістемелік құрал. — Алматы, 2006.
5. Исследование рефлексии и речемысли. — Алматы, 1979.
6. Мұқанов М. М. Жас және педагогикалық психология. — Алматы, 1982.

## Отбасы психологиясында тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастырудың теориялық мәселесі

Рысбаева Гулнара Исаханқызы, педагогика және психология ғылымдарының магистрі, оқытушы;
Байболова Динара Тұрмағанбетқызы, педагогика және психология ғылымдарының магистрі, оқытушы;
Пірмахан Мархабат Нұрлыбекқызы, студент
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Отбасы сонымен қатар дамушы әлеуметтік жүйе болып табылады. Қоғамдық және мәдени ортаға енетіндіктен, барлық болып жатқан жағдайлар отбасының қызмет атқаруына ықпал етіп отырады. Отбасына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерге, жалғызбасты ересектердің көпшілігі, неғұрлым кеш некеге тұру; туылудың азаюы; әйел адамдардың жұмысқа араласуы; толымсыз отбасылар және аралас отбасылар және де кедейлік жағдайда өмір сүріп жатқан отбасылар баршылық екенін атап өтуге болады.

Соның қарым-қатынасындағы маңызды обьект бала. Бала қай жас ерекшелік кезеңінде болмасын, ол әрдайым отбасының яғни ата-ананың қамқорлығын қажет етеді. Сол кезеңнің бірі яғни бала өміріндегі толқымалы кезең жеткіншектік кезең. Жеткіншектік кезеңді қазіргі зерттеулер оның әртүрлі аспектілерін қамтиды: тұлға дамуының негізгі көздері мен механизмдері туралы зерттеген ғалымдар Фельдштейн Д. Л, Қондратьев және т. б. тұлғалық жаңа құрылымдардың ерекшеліктері туралы шетелдік ғалымдардан Кон И. С. Дубровина зерттеді, ол жас ерекшелік дағдарысының құрылымын зерттегендер Гаврилова Г. П., Драгунова Т. В. және т. б, ал танымдық эмоциялық —еріктік және мінез-құлықтың ерекшеліктерін Кучинский, жеткіншектегі өзіндік сананың құрылымы мен қызметі туралы Баруалкина В. В. тұлғаның анамальды даму механизмдері туралы Дозорцева Е. Г сияқты ғалымдар зерттеді [1].

Ал басқа да қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне үңілсек, Елубаева С. Б. «қазіргі қазақ жеткіншектердің өзіндік бағалаулары мен этностық сәйкестік пен

өзіндік бағалауларының психологиялық ерекшеліктері зерттелінген. Бұл зерттеу нәтижесінде қазіргі замандағы жеткіншектердің өзіндік бағалау құрылымын ересек алдыңғы толқын жеткіншектердің өзіндік бағалауымен салыстырғанда этностық сәйкестіктің компоненттері мәнді түрде азаяатыны анықталды, өзіндік бағалаудың жалпы құрылымында түсінуі «өзін білу» және «ұйымдасқандық» сияқты сапалар бірінші орынға шықты.

Осы мақсатта жеткіншектің өмірлік әрекетін негүрлым байланыстырып отыратын жаңа тұлғалық құрылымдардың кезекті психологиялық талдауы жүргізілген. Осы байланыстағы негізгі мәнділік жеткіншек жастағы тұлғалық жаңа құрылымдардың психологиялық мазмұнының іздестіру мен үлгісін жасау болып табылады, ал жеткіншектерді жаңа әлеуметтік қатынастарының жаңа деңгейге өтуін қамтамасыз етеді. Олардың пікірінше жеткіншектерде осы тұлғалық жаңа құрылымдардың даму жағдайлары мен механизмдерінің тиімді жолы индивид енген отбасылық жүйенің қызмет атқару ерекшеліктері назарға алынып отыратын бағыт болып табылады [2].

Шалғынбаев Т.М. «мінез —құлқы дезадаптивтік жасөспірімдердің кісілік қасиеттері мен кісіаралық қатынастар ерекшеліктері мен оларды келтіру атты жұмысында» мінез-құлқы бұзылған жасөспірімдердің кісілік қасиеттерінің даму ерекшеліктерін және олардың кісіаралық қатынастар жүйесінде көріністерін кешенді түрде психологиялық зерделеу, сондай-ақ психологияның көмек көрсету мазмұнын жасау болып табылды. Зерттелу барысында тәрбиеленуі қиын жас өспірімдердің кісілік қасиеттерінің даму ерекшеліктері анықталған.

Ж. Намазбаеваның жетекшілігімен С.Ж. Өмірбекованың «жас өспірімдік және ерте балауса жас кезіндегі өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктері» мектептегі оқыту жағдайындағы әр түрлі факторлардың жас өспірімдік және ерте жастық кездегі өзіндік бағалауға әсер ету ерекшеліктерін анықтауға болатынын атап көрсеткен болатын. Өзін-өзі бағалаудың деңгейлері мен құрылымдық бөліктерінің ерекшеліктері айқындалды. Өзін-өзі бағалаудың құрылымдық құрауыштарын, оның жас өспірім кезден ерте жастық кезге дейінгі оқушыларда қызмет етуі, жас өспірімдер мен ерте жастық шақтағылардың қала мен ауылдағы әлеуметтік даму жағдайына байланысты өзін-өзі бағалауының танымдық және эмоциялық бөліктерін зерттеу, қала мен ауылдық оқушылардың осы жас аралықтарындағы өзін-өзі бағалауының даму ерекшеліктеріне жыныстық факторлардың әсерін анықтаудан тұрады. Сонымен қатар, тұжырымдай келе: қала мен ауылдың жас өспірімдер мен балаң жас кездегілердің өзін-өзі бағалау арасындағы айырмашылықтар өзін-өзі бағалаудың эмоциялық, сондай-ақ танымдық бөліктерінде көрінеді деп көрсетті [3].

Солардың ішінде Шолпанқұлова Г.К. «гумандық қарым-қатынас» адам бойындағы адамгершілік, түсінік, сезім. және мінез-құлықтың тұтастығымен, бірлігімен анықталады деп келтірген. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты бастауыш сынып мұғалімі мен оқушылардың оқыту үрдісіндегі қарым-қатынас стилінің тәрбиелік негізін дәлелдеді [4].

Шужебаева А.И. «отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың қарым-қатынасындағы қиындықтарын психологиялық-педагогикалық зерттеу» атты жұмысында: балаларды тәрбиелеу жүйесіндегі ең түйінді мәселелердің бірі қарым-қатынас проблемасы. Тұлға аралық қарым-қатынас сферасындағы сәйкессіздіктер психологиялық-педагогикалық бағытта болады, ондай балалар тобын проблемалары бар балалар деп анықтауға болады. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың тұлғааралық қарым-қатынасының ерекшеліктерін анықтау, психологиялық-педагогикалық ғылымда қажетті деңгейде.

Сонымен қатар, Отбасы тәрбиесі жағдайында балалардың ересектермен өзара қарым-қатынасының психологиялық-педагогикалық негіздері, бала мен ата-ана қарым-қатынасының құрылымы зерттелінген бала мінезіндегі қиындықтарды жеңу механизмдері жасалынып, балалар мен ересектердің қарым-қатынасының дербес бағытталған мәдени сәйкес жүргізудің әдістері мен тәсілдері анықтауға болады.

Әдебиет:

1. Абдракова А.Б. Роль общения в воспитании трудных подростков. — Алматы, 2004.
2. Айдарбеков Қ.А. Развитие диалогическии сруктуры самосознания у подростков в системе внутрисемейных взаимодействии. — Алматы, 2003.
3. Атоян А.Д. Конфликтология. — М.: Смысл, 2006.
4. Әбдумүтәліп К.Д. Тәртібі қиын жасөспірімдерді арнайы мектеп жағдайында тәрбиелеудің және қайта тәрбиелеудің педагогикалық жолдары. — Алматы, 2004.

# Жасөспірімдік кезеңдегі балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасын қалыптастыру ерекшеліктері

Рысбаева Гулнара Исаханқызы, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы;
Қожабаева Гаухар Қожабайқызы, студент
«Болашақ» университеті, (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез-құлықтарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелей және жанама түрде ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата-аналар бірлестігін, бір-бірін қолдаушы ата-аналар күшін құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Отбасы сонымен қатар дамушы әлеуметтік жүйе болып табылады. Қоғамдық және мәдени ортаға енетіндіктен, барлық болып жатқан жағдайлар отбасының қызмет атқаруына ықпал етіп отырады. Отбасына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерге, жалғызбасты ересектердің көпшілігі, неғұрлым кеш некеге тұру; туылудың азаюы; әйел адамдардың жұмысқа араласуы; толымсыз отбасылар және аралас отбасылар және де кедейлік жағдайда өмір сүріп жатқан отбасылар баршылық [1].

Отбасы сонымен қатар дамушы әлеуметтік жүйе болып табылады. Қоғамдық және мәдени ортаға енетіндіктен, барлық болып жатқан жағдайлар отбасының қызмет атқаруына ықпал етіп отырады. Отбасына әсер ететін әлеуметтік өзгерістерге, жалғызбасты ересектердің көпшілігі, неғұрлым кеш некеге тұру; туылудың азаюы; әйел адамдардың жұмысқа араласуы; толымсыз отбасылар және аралас отбасылар және де кедейлік жағдайда өмір сүріп жатқан отбасылар баршылық [2].

Жасөспірімдік кезеңі адам тұлғасының қалыптасыуында маңызды кезең болып табылады. Дәстүрлі түрде бұл кезең тәрбиелік қатынасқа қиындықтар тудырытын кезең болып табылады. Ғылыми білімдер жүйесінде жеткіншектерді зерттеумен байланысты мәселелер кешеніне көп көңіл бөлінеді, мәселелер әртүрлі деңгейде және мазмұнда болады. Осы жас кезеңдегі даму көздері, жағдайлары және механизмдерін танып білу тұтастай дамудағы онтогенетикалық заңдылықтарды ашуға негіз бола алады. Қазіргі кездегі зерттеулер жеткіншектік жастың ерекшеліктері мен қасиеттері жайлы үлкен материалдар жинақталды, ол өз кезегінде осы маңызды психикалық кезеңнің ерекшеліктерін қазіргі қоғамның жағдайларында зерттеуге қажетті базаның пайда болуына ықпал етті. Мәдениеттің нақты-әлеуметтік шарттарына, дәстүрлеріне сәйкес бұл өтпелі кезең әртүрлі мазмұнда әрі, әртүрлі ұзақтықта орындалуы мүмкін. Қазіргі таңдағы қоғам жағдайларына сәйкес бұл кезең шамамен 10–11 жастан 14–15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы, балалардың мектептегі орта буында оқуымен сәйкес келеді.

Біз жасөспірімдік «мен» деген қасиетін жете түсіну үшін оның үлкендермен қарым-қатынастарына, әсіресе екі ортада кездесетін қайшылықтарына тоқталсақ. Қайшылық жеткіншекшектің есейіп қалуы мен үлкендердің оған бала деп қарауының келіспеушілігінен болған. Ал қайшылықтың нәтижесінде сол жағдайдан қалай құтылуды білмеуді дағдарыс дейміз. Дағдарыстың жеткіншек жасындағы бұл түрі бөбектердің дағдарыс кезеңінен әлдеқайда басым болады. Дағдарыс дегеннің мағынасы қиын жағдайда тап болған кезді одан қалай шығуын білмеуді білдіреді.

Жасөспірімдік кезеңде үлкендерден өзінің есейгенімен, өзбетілігімен санасуын әр сала бойынша талап етеді. Қыздар киім киюде, не өзін күтуде, ұл бала тиісті міндеттерді өз еркімен, орындағысы келеді. Осыған әуелгі кезде туған-туысқандары қарсы шығады. Бұлардың қарсы шығатын себебі, баласына сенім білдіргісі келмегенен емес, оны «бала» деп бәлендей істі не тапсырманы бүлдіріп алады ғой деуінен. Бірақ жеткіншек осыған түсінбей «мені бала деп сенбей отыр», — дейді. Егер осындай қатынас көп созылса, жеткіншек пен үлкен адамдар арасында түсінбеушілік туып, бала ызаланып, ерегесуге, не негативті халде болып, үлкендер не айтса да соны орындамауға тырысады.

Жалпы алғанда жасөспірімдік кезеңде үлкендерге қоятын талабын түгел қате деуге болмайды: біріншіден, үлкендер өзінің өмір баяанын мысал ретнде келтіріп, «біз жас кезімізде мынадай болып едік..» деп, өзі сол кезде қандай болса, баласы да сондай болуы тиіс десе, қателескен болар еді. Себебі үлкендердің жас кезі мен жеткіншектің қазіргі жас кезіндегі жағдайлар мен талаптар бір емес. Екіншіден, бір кісінің үйренген, не қиыншылықты жеңуге қолданған тәсілдерді өзгелердің игілігіне барлық жағдайда сіңе бермейді [3].

Жасөспірімдік кезеңде балалар сырт пішінің жағынан да, мінез-құлықы жағынан да ересектерге ұқсамйды, олар әлі де көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып, тентектіктер жасайды, өз дегендерін істеп, байыз таппайды, қызу да шамдағыш, әр түрлі салада белсенді, көбінесе ұшқалақ, ынта білдіріп, ден қоюы да, біреуді жақсы көруі, қарым-қатынасы да тұрақсыз басқаның ықпалына оңай көнгіш келеді болады. Алайда балалығы қаз-қалпында болып көрінетін сырт көрініс алдамшы болады да оның сыртында жаңаның қалыптасуының маңызды үрдістері жүріп жатады. Жеткіншектер көп жағынан әлі бала болып жүріп, елеусіз есейеді. Ересектіктің қалыптасу үрдісі көзге бірден түспейді. Оның көріністері мен нышандары әр сипатта және сан алуан. Ересектіктің алғашқы өркендері оның дамыған

формаларынан өте-мөте айрықша болып, кейде жеткіншектің мінез-құлқын ересек адамға жағымсыз жаңа сәттерді салыстырғанда жеткіншекте жаңаның көп болуының нақ өзі дамитын болады және жеткіншектегі дамудың жаңа бағдарларын білмесе және олар ескерілмесе тәрбиелеудің пәрменділігі аз болып шығады. ал жеке адамның қалыптасуы оның дамуының қалыптасуы оның дамуының осы жауапты кезеңінде стихиялы түрде өтуі мүмкін.

Жасөспірімдік кезеңде аяқ басқан баланың жеке басының қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады, осының арқасында бала мен ортаның арасындағы бұрынғы қатынас бұзылады. Жеткіншектің жеке басындағы басты және өзіне тән жаңа құрылым оның өзі туралы енді бала емеспін дейтін түсініктің пайда болуы болады, ол өзін ересекпін деп сезіне бастайды, ересек болуға және өзіне жұрттың осылай деп қарауына ұмтылады. Ересектік сезімі деп аталған бұл ерекшеліктің өзіне тән белгісі жеткіншек өзін балалар қатарынан шықтым деп санайды, бірақ төңірегінділер менің ересек болғанымды таныса, деген қажетсіну бар болғанымен, онда шынайы, толық ересектікті сезіну әлі болмайды. Ересектік сезімі сана-сезімнің өзіне тән жаңа құрылымы ретінде жеке адамның өзекті ерекшелігі, оның құрылымдық ортасы болады, өйткені ол жеткіншектің өзіне, жұртқа және дүниеге деген жаңа өмірлік көзқарасын білдіреді, оның әлеуметтік белсенділігінің өзіне тән бағыты мен мазмұнын, аффективтік ықпалдардың жүйесін анықтайды [4].

Жасөспірімдік кезеңде өзіне тән әлеуметтік белсенділігі ересектер дүниесіндегі және олардың қарым-қатынастарындағы бар нормаларды, құндылықтар мен мінез-құлық тәсілдерін меңгеру алғырлығы болып табылады.

Жасөспірімдік кезеңде жаңа құқыққа ие болмақ тілегі ең алдымен ересектер мен қарым-қатынастың бүкіл саласын қамтиды.

Жасөспірімдік кезеңде бұрын ынталана орындайтын талаптарға қарсыласа бастайды; өзінің дербестігін тежегенге және жалпы алғанда «кішкентай бала сенімді» қамқорлық жасап, бағып-қаққанға, тіл алуды талап етіп, жазалағанға оның мүделерімен, көзқарастарымен, пікірімен санаспағанға, т. б. ренжіп, қарсылық көрсетеді. Жасөспірімдік кезеңде өзінің қадір-қасиетін анық сезіну шығады, ол өзін кемсітуге, дербестікке деген құқығынан айыруға болмайтын адаммын деп ұғынады. Ересектермен қарым-қатынатың балалық кезде болған типі жеткіншек үшін енді қолайсыз, оның өзінің ересектік дәрежесі туралы түсінігіне сәйкес келмейтін болады. Ол ересектердің құқықтарын шектейді де, өз құқықтарын ұлғайтады, өзінің жеке басы мен адамдық қадір қасиетін құрметтейді, сенім білдіріп, дербестік берілуін яғни ересектермен айқын тең құқықтылықты талап етіп, оларға мұны мойындаттыруға тырысады. Жеткіншектің қарсылығы мен бағынбауының әр түрлі формалары ересектермен қарым-қатынастарына тән типіне өзгерту амалы. Жасөспірімдік кезеңде сезімнің және төңірегіндегілердің оны мойындауын қажетсінуінің пайда болуы ересек пен жеткіншектің бір-бірімен қарым-қатынастарындағы құқықтарының мүлдем жаңа мәселені туғызады. Жасөспірімдік кезеңнің маңыздылығы мен ерекше орын баланың қарым-қатынасына тән, саналық тұрғыдан жаңа типіне өту жүзеге асады.

Әдебиет:

1. Елубаева С. Б. Психологические особенности этнической и идентичности и самооценки современных казахских подростков. — Алматы, 2004.
2. Жақыпов С. М., Бизақова Ф. Ә. Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар. — Тараз: Қорғау, 2007.
3. Күнсләмова Т. К. //Жеткіншектердегі өзіндік бағалау, өзіндік реттелу және эго күйдің белсендірілуі мен агрессиялықтан өзара байланысын психологиялық-педагогикалық тренинг негізінде зерттеу. Алматы, 2002.
4. Мұқанов М. М. //Жас және педагогикалық психология А.: Білім, 2002.

# Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастырудағы өзін-өзі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктері

Тауипбаева Айнур Торебековна[1], педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы;
Абдихайымова Гулжазира Торебековна[2], педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
[1]«Болашак» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан);
[2] Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

Тұлғаның көптеген әлеуметтік іс-әрекет түрлерінің ішінде ақыл-ой және соған байланысты тұлғаның дамуындағы өзін-өзі бағалау сұрақтары маңызды орын алады. Кез келген ақыл-ой іс-әрекеті белгілі бір талаптармен мотивтер негізінде жүзеге асады. Ақыл-ой іс-әрекеттің тиімді, жемісті нәтижесіне жетуге жеке бастың қасиеттердің дамуы мәнді сипат алады. Жеке адамның қалыптасуында өзіндік сана-сезім оның құрамдыс бөлігі болып табылады. Студенттер

өзінің даралық ерекшелігін сезіну ретінде өзгелер мен қатынас жүйесіндегі өз орнын табу үшін ұзақ уақыт өзгерістерден өтеді. Олардың ақыл-ойының қалыптасуы негізгі оның өмір жолындағы оқиғалармен, белгілі бір кезеңдер мен жаңа құрылымдар мен байланысты болып келеді.

Тұлғаның болашақ мамандыққа қатысты психологиялық дайындықтары мен ақыл-ой қалыптастыру механизмдеріне өзін-өзі бағалау әсер ете ме? Осы сұрақтар әрқашан да өз маңыздылығын жоймайды. Өзін-өзі бағалау бұл әркімнің өзін басқалардан ажырата алуынан көрінетін, өзінің жеке тұлға екенін білдіретін ұғым. Мендік қасиет іс-әрекетпен адамның айнала мен қарым-қатынас жасауы барысында қалыптасып отырады [1].

Көптеген қатынас объектілерінен кейін ғана сана өзіндік сананың және зейіннің объектісіне айналады. Өзін қылықтың субъектісі ретінде сезініп, өзіне қатынасы зейінділік немесе рефлексивтілік қасиетке айналуына көптеген тәжірибе жинақталу тиіс. Тұлғаның құрылымын және оның тұтастығын қамтамасыз етіп жетілдіретін нақты осы аталған қасиет. Олар өмірдің максатымен және іс-әрекетімен, құнды бағдарлығымен, нұсқаулармен тығыз байланыста, яғни өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару және өзін-өзі ұйымдастыру міндеттерін атқарады.

Өзін-өзі басқара алу өзіндік сананың өзіне қатынасы, өзін сыйлауы және өзін бағалауы сияқты эмоционалдық құрамдастықтарымен тығыз байланысты. Өзін-өзі бағалау — бір жағынан, өзін тану аумағындағы интегративті жұмыстың нәтижесі болса, екіншіден өзіне эмоционалды-құндылық жағынан қатынасы. Өзін бағалау — тұрақсыз шама, ол өркендей келе, әр түрлі болып өзгереді.

Өзін-өзі бағалау бастапқы кезде басқалардың өзін бағалауының интериоризациясының нәтижесі — соңынан эмансипацияланып айналадағылардың бағасынан қылықты ішінен басқару үрдісіне айналады.

Рухани өсу баланың алғашқы өсу дәуірінен қалыптасады, оның «Мен» деген сөзі қалыптасады. Мысалы: «Мен өлең айта аламын», «Мен сурет сала аламын», «Мен анамды жақсы көремін», «Мен айтайыншы!» т. б. «Мендік» көп айтуға тырысады. Мысалы: бір жасында бала өз дене бітімін қабылдап игере бастайды, ал үш жасында іс-әрекет субъектісі болып қалыптасып, өзін «Мен» ретінде ерекшелейді. Жақын адамдармен салыстыра отырып, өзіне деген жеке даралық және дербес субъектілік қатынас пайда болады. Жеті жаста эмоционалды ұғыну, өзін-өзі бағалау туындайды. Ол үшін ата-ана үлгі ретінде ұғынылады. Ата-ананың біреуіне ұқсауға тырысуы кейбір мінез-құлық түрлері мен психикалық жағдайларының белгілі бағдарламасын қалыптастыру жүреді. «Мен» образында «шынай-Мен», «идеалды-Мен» деңгейлері пайда болады. Жасөспірімдік және бозбала мен бойжеткендік кезеңде «Мен» — тұжырымдамасы нығайып, «Мен» сипатын, образын ұғыну тереңірек сипатта болады. Өзін-өзі бағалауы қалыптасады. Өзін-өзі тану және өзіндік сана жоғары даму деңгеіне жетеді [2].

Тұлғалық қасиеттің өзекті белгісі ол адамның өз «Менін» айыра алуы. «Меніне» өзіндік дене бітімін, жақындарын, өзіне тиісті заттарды т. б. жатқызады. Ал психологиялық саладан алғанда тұлғаның мінез-құлқын айқындайтын өзіндік қасиеттеріне темперамент, мінез, қабілетті жатқызады. Сондықтан «Мен» тұжырымдамасы дегеніміз адамның өзі туралы түсініктерінің жүйесі, ол басқа адамдармен өзара әрекеттестігін осы жүйеге негіздеп құрады және өзіне-өзі сол тұрғыдан қарайды.

Өзіндік сананы дамытатын козғаушы күштерді индивидтің шынайы өздігінше әрекеттене, айналадағылармен ара-қатынасын өзгерте алуынан іздеу кажет. Сана, өзіндік санадан өз «Мен» — інен туындамайды, керісінше тұлға санасының дамуынан, яғни өз бетінше субъект бола бастағанда өзіндік сана туындайды. Практикалық және теориялық іс-әрекеттің субъектісі боларда, «мен» — нің өзі сол іс-әрекетте қалыптасады.

Өзіндік сананың даму тарихы тұлғаның шынайы дамуымен, оның негізгі өмірлік жолындағы уақиғаларымен үздіксіз тығыз байланыста. Қоршаған ортадан өзін бөле алатын субъект ретінде тұлға дамуының алғашқы кезеңінде, ол өз тәнін (денесін) игеріп, ырықты қимыл-қозғалыстарды жасайды. Соңғысы бірінші заттық әрекеттер үрдісінде қалыптасады. Дамудың келесі сатысы, өз бетімен қозғалыстар жасай алуында көрініс береді. Мұндай жағдайда сол әрекеттердің техникасы емес, айналадағы адамдармен индивидтің ара қатынасының өзгерісі, ұстай алатын қимылдарды өздігінше игере алу мүмкіндігінің мәні зор. Адам әр түрлі әрекеттердің шынайы субъектісі ретінде айналасындағылардан бөліне бастайды. Осындай объективті фактіні ұғыну негізінде өзіндік сананың және өзінің «мен» — і туралы алғашқы елестер туындай бастайды. Мұнда адам өзінің дербестілігін, қоршаған ортадағылардан ерекшелігін басқалармен ара қатынасы арқылы өзіндік санасы жетіледі, яғни басқа адамдарды танудың арқасында өзінің «Мен» — ін таниды. «Мен» — нің «саған» деген қатынасынсыз болуы мүмкін емес, өзіндік сананың дербес басқа адамды субъект ретінде түсіну негізінде ғана қалыптасады.

Өзіндік сана салыстырмалы түрде сананың кешеуілдеп дамуының жемісі, баланың практикалық субьект ретінде айналадағылардан өзінің ерекшелігін саналы бөле алатын сапалық негізі. Өзіндік сананың даму тарихында негізгі жәйт сөйлеуді игеру, ойлау мен сананың тұтастай бар екенін көрсетеді. Сөйлеу бала санасының дамуында маңызды рөл атқара отырып, оны қоршаған ортадағылармен арақатынасын өзгертіп, әрекеттену мүмкіндіктерін өрбітеді. Қоршаған ортадағы ересектерге оған бағытталушы объект болудың орнына, сөйлеуді игерген бала олардың әрекеттерін өзінің тілегіне сәйкес бағдарлайтын мүмкіндіктерге ие болып, әлемге өздігінше ықпал ете алады. Бала қылығындағы осындай және басқалармен қатынастарындағы өзгерістер, оның санасына да әсер етіп, оның басқа адамдарға деген ішкі өзгерулеріне алып келеді [3].

Субъектінің дербестігі қандайда болмасын тапсырмаларды орындауымен шектелмей, одан да маңызды өз іс-әрекетін саналы түрде алдындағы түрлі міндеттер, мүддeлер арқылы бағытын анықтай алуға жетелейді. Бұл ішкі дүниесінің үлкен жұмыстар жасауын талап етіп, тұта-

стай дүниетанымды қалыптастыру үшін өз бетінше ойлай алу қабілетін қажет етеді. Даралық өз бетінше ойлауды, сезімнің күрделілігін, қайрат-жігерді, белгілі дәрежеде жинақылық пен іштей талпынысты көздейді. Мұндайда тұлғаның шынайылықтан көтеріліп, сол іс-әрекетке тереңірек енуіне жетелейтін жәйттер болады. Тұлғаның терендігі мен байлығы және әлеммен, басқалармен байланысының құндылығы; яғни ол байланыстардың үзілуі оны бездіреді. Ағза бірлігінің негізінде қиылыса, тұлға тәнін өзінің «мен» — іне жатқызып, оны иемденеді. Адам өзінің тұлғалығын белгілі бір сырт бейнемен азды-көпті тығыз байланыстырады, себебі сол бейнеде өмірінің салты және іс-әрекетінің стилі көрінеді. Сондықтан, тұлғаға адамнын тәні де. санасы да қосылғанмен, физикалық және рухтық тұлға туралы айтуға болмайды, себебі тәннің тұлғаға қосылуы тұлғаның физикалық және рухтық жақтарының әрекеттестіктеріне негізделген. Мұның тұлғаның рухтық жағына да қатысы бар. Рухтық тұлға өз бетінше тәнсіз өмір сүруі мүмкін емес. Өз бетінше субъект ретінде алғашында тек қана материалдық тірі жан болып қоршаған ортаға әсер ете алады. Сонымен, физикалық және рухтық — тұлғаға ішкі ара байланысы және олардың бірлігі ретінде енеді. Өзінің "Мен"-іне адам тәнінен төрі ішкі психикалық мазмұнын жаткызады.

Адам психикалық сферасынан өзінің «мен» — іне қабілетін және мінезі мен темпераментін — қылықтары арқылы өзгешелігін аныктайтын тұлғалық қасиеттерін атайды. Адамның басынан кешіретін ахуалдары мен күйлері, бар өмірінің психикалық мазмұны тұлғалық құрамына кіреді. Бірақ арнайы мағынасына, өзінің «мен» — іне қатысы барлардың ішінде психикасында бейнеленіп ішкі өмірінің тарихына, сезіміне әсер еткендерді ғана тән алады. Кез келген санасына қатысы бар дайын күйіндегі ойларды емес, тұлғаның қоғамдық болмысында өзі зейінділікпен терең ойларды игергендерді ғана өзінікі деп санайды. Өзінің психологиялық ерекшеліктерінің шынайы көрінісін, айналасындағылармен катынастағы мінез-құлкының мазмұнын және атқарылған іс-әрекетіндегі өзімен болғандарды менікі дейді. Сонымен, жоғарыдағыларды ескере отырып, өзіндік сана, зейінділік және «мен» тұжырымы тұлғалық дамудың негізі және себепшісі ретінде жан жақты әрі терең практикалық зерттеуді талап ететінін ұғына, болашақта тәжірибелік әдістемелерлі нақты үрдіске бағдарлап іске асыруға болады. Өзін-өзі бағалаумен ақыл-одың байланысын қарастыруда өзіндік сана мәселесіне тоқталған жөн. «Мен» — тұжырымдамасы өзіндік сана сезімінің негізін қалайды және құрамдас бөлігі болып табылады. Нақты өмірлік әрекет барысында «Мен» — тұжырымдамасы және өзін-өзі бағалау саналы және сезілмейтін деңгейде көрінеді [4].

Өзін-өзі бағалау кіші жастағы оқушының өзінің табыстары мен сәттіліктерін, оқу мақсатына карай жылжудың сипатын бағалауға мүмкіндік береді. Б. Ананьев өзін-өзі бағалауды оқыту үрдісінде жүзеге асатын тұлғалық білім алу, белсенді қалыптасу ретінде қарастырады, оның оқушының оқу-танымдық әрекетіне маңызды ықпалы бар екендігін айтады. Оның пікірінше, оқу үрдісінде езін-өзі бағалаудың қалыптасуы, педагогтердің, I сыныптағы және отбасы тұрмыстық ортаның ықпалымен жүзеге асады. Ол «оқушыда оның білімдері, жетістіктері мен үлгірмеушілігі жайлы түсінік тоқсанның аяғындағы бекітілген үлгірім бойынша ғана емес, сондай-ақ, оқу үрдісінде жекелеген парциальдық, бағалар бойынша да қалыптасатындығын, мұғалімнің жеке парциальдық, бағалауы неғұрлым айқынырақ, нақтырақ болса, оқушының білімге соғұрлым бейімделе түсетінін» атап көрсетеді.

Сонымен, психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау жасау келесі тұжырымға келуге негіз болады, өзін-өзі бағалау оның кіші жастағы окушының оқу-танымдық рөлі тұрғысынан екі аспектіде қарастырылады.

1. Өзін-өзі бағалау оқыту үрдісінде белсенді қалыптасатын тұлғалық білім алу ретінде алға шығады жөне кіші жастағы оқушының оқу-танымдық әрекетіне маңызды ықпал жасайды.

2. Өзін-өзі бағалау — оқу ерекеті тұтастай құрылымының ерекше бөлігі, оның қызметі кіші жастағы оқушы осы әрекет субъектісі ретінде оқу міндеттерін шешуде оның қаншалықты алға жылжығанын анықтай білу болып табылады.

Өмірде өз орнын табуда өзін-өзі тәрбиелеп, өз бетінше оқып білім алу, өз білімін өзі жетілдіру, өзін-өзі шектеу, өзіндік бақылау, өз-өзін ынталандыру әдістерін тұлға уақытылы пайдалана алғанда, зор нәтижеге жеткізіп өзін-өзі бағалай алудың аясы кеңейді.

Тұлғаның «Мен» — бейнесі, «Мен» — бағдарламалары мен өзіндік бағалауы жинақталып, «Мен» тұжырымдамасын құрайды. Өзін-өзі бағалау арқылы тұлға мінез-құлқын реттейді. Тұлғаның өзіңді бағалауы қалай жүзеге асады? Тұлға бірлескен іс-әрекет және қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасады. Тұлға танымдық әрекетке араласа отырып, қарым-қатынаста бағдарланады және қоршағандардың кұтулерімен салыстырады [5].

Өзіңді бағалау өзіндік сана сияқты әлеуметтік жағдайларға негізделеді. Кеңес психологтарының зерттеулерінде өзіңді бағалау — еңбектің, танымның және қарым-қатынастың күрделі өнімі болып табылады.

Әдебиет:

1. Құдиярова Ғ. М. Жас өспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтары — Алматы, 2004.
2. Аймауытов Ж. Психология — Алматы, 1995.
3. Тәжібаев Т. Жалпы психология — Алматы, 1993.
4. Адамзат ақыл — ойының қазынасы — Алматы, 2005.
5. Құдиярова Ғ. М. Жас өспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқушылықтары — Алматы, 1996.

# ПЕДАГОГИКА

## Педагогика ғылымында өзіндік зерттеу жұмыстарының алатын орны

Абдраманова Гульмира Бостановна, биология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Ажмолдаева Клара Байжигитовна, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған рөлі атап көрсетілген: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрініп, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті» — делінген.

XXI ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдықтарының бірі — мектеп білімін жаңарту. Ол оқушылардың негүрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты — жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат — өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болып тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар — бүгінгі мектеп оқушылары.

Қазіргі өркениетке ұмтылған қоғам талабына сәйкес, Қазақстан Республикасының дамыған елдермен иық тіресіп тұруы үшін, еліміздің болашағы мен қазіргі кезеңі үшін білімді, зерделі, өз бетімен іс-әрекет ете алатын, қоғамнан өз орнын таба алатын шәкірттерді дайындау ұстаздың міндеті [1].

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғары деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуге ұтымды жолдарды қолдана білуімен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс- әрекетін бақылап, бағалай білумен сипатталады.

Іздену жұмыстары арқылы оқушының ойлау қабілетін анықтап және олардың жетілуіне тиімді жағдай жасау. Балалардың ізденіс жұмысқа бейімделуі — терең білімнің негізі болып ғана емес, оқушының ойлау қабілетінің даму кепілі болып табылады [1, 2].

Жеке тұлғаның дамуында маңызды рөл атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу; сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау; оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру. Осыған орай өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты — оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс — тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс — пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқытудың жаңаша әдіс — тәсілдері арқылы өткізілген әрбір сабақ оқушыларды терең ойлауға, ізденіске жетелейді.

Мектептегі ізденіс жұмысының және оқушының ойлау қабілеттінің даму жолдарының алғы шарттарының бірі — баланың пәнге деген қызығушылығын анықтау, тәрбиелеу, жетілдіру, бойындағы ерекше қасиеттерін көрсетуге, дамытуға мүмкіндік көрсету. Осы қағиданың негізінде ерекше қабілеті бар балалар ізденіс жұмыстарына белсенді қатысып тартылады [3].

Білім берудегі ең басты қағида -оқушыларды үнемі шығармашылық әрекетке шыңдай отырып, өзін-өзі дамытуға жетелеу.

Оқушылардың өзіндік жұмысына, мұғалімнің тапсырмасы бойынша, олардың өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар оқушылардың өзіндік жұмысының жоғарғы формасына олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып, жасайтын шығармашылық жұмыстарын жатқызамыз. Мұғалім оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда өзінің басшылық әрекетін олардың талап-тілектеріне сәйкес ойдағыдай ұштастыра білуі қажет. Бұл мұғалімнен шығармашылық еңбек пен әдістемелік шеберлікті талап етеді. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының түрлері сан алуан. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын топтастыруда бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру қажет. Оқытудың мақсат-міндеттеріне, жеке пәннің мазмұнына, ғылым мен оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, оқушылардың дербестігі мен жалпы даму дәрежесіне, оқыту үрдісіндегі алатын орнына, т. б. белгілеріне қарай олардың өздігінен істейтін жұмыстарын бірнеше топқа бөлуге болады. Оның ең жиі кездесетін бір

тобы — сабақ мақсатына қарай қолданатын жұмыстың түрлері:

а) жаңа білімді меңгеру (материалды жан-жақты талдау, мұғалімнің ауызша баяндауының жоспарын, конспектісін жасау т. б. тәсілдерге үйрену);

ә) жаңа білімді бекіту (түрлі жаттығулар т. б.)

б) білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру (түрлі жазбаша, практикалық жұмыстар). Оқушылардың өзіндік жұмыстарының екінші тобына ғылым мен оқыту әдістеріне байланысты іске асырылатын жұмыстардың түрлері жатады: оқулықпен, оқу құралымен және басқа да ғылыми анықтама әдебиеттермен жұмыс істеу; шығармашылық жаттығулар, бақылау және т. б. [4, 5].

Оқушылардың дербестігінің даму дәрежесіне қарай олардың өздігінен істейтін жұмыстары репродуктивтік және шығармашылық болып екі топқа бөлінеді. Репродуктивтік жұмыстарға оқушылардың дайын үлгіге еліктеу негізінде жасайтын жұмыстары (жай жаттығу, көшіріп жазу, мұғалімнің берген сұрақтарына кітаптан жауап беру, берілген жоспарға сәйкес оқулықтағы мәтінмен жұмыс істеу т. б.) жатады. Шығармашылық жұмысқа оқушылардың өздігінен шығарма, баяндама, реферат, пікір жазу, модельдер т. б. жатады. Репродуктивтік және шығармашылық жұмыстар өзара байланысты болады, біріншісі екіншісіне ауысып отырады.

Төртінші топқа — мұғалімнің тапсыруынсыз: міндетті түрде емес, оқушылардың өз еркімен, ықыласымен жасайтын жұмыстары жатады: қосымша әдебиеттерді оқуы, ғылыми үйірмелер мен ұйымдардың жұмысына араласып, байқау, олимпиадаларға қатысуы, қоғамдық пайдалы жұмыстарға, үгіт-насихат, көпшілік мәдени-ағарту, өлкетану жұмыстарымен шұғылдану т. б.

*Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда төмендегідей талаптар қойылады:*

1. Жұмыстың көлемін шамадан асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару.

2. Оқушылардың өзіндік жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу.

3. Оқушылардың дербестігін арттырып, өздігінен білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту.

4. Өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған саяси-қоғамдық мәні бар материалдарды, хабарларды енгізу.

5. Оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру.

6. Оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, әр уақытта дербес және белсенді әрекет жасауға баулу.

Биология пәні бойынша өзіндік жұмыстың түрлері көп болғанымен, оның оқушылардың бағыттылығын ұйымдастыруға бағытталған түрлерін, оны орындауға жұмсалатын уақытты және нәтижесін айқындайтын критерилерін саралаудың да өзіндік ерекшелігі бар.

Орта білім беретін мектептерде жеке өзіндік жұмыстың түрлері өте көп, олар: дәрістерге дайындық; практикалық, зертханалық жұмыстарға, эссе жазуға, пікірталас, бақылауға дайындық, рефераттарды орындауға дайындық.

*Педагогикалық әдебиеттерде өзіндік жұмыс түрлерін әр түрлі тұрғыдан қарастырып, төмендегідей жіктейді:* 1) ұйымдастыру түрлеріне қарай: ұжымдық, топтық, жеке-дара жұмыс; 2) мақсатқа бағытталу сипатына байланысты: теориялық және практикалық; 3) логикалық бағыттылығына байланысты: фактілерді бақылау және ұғымның белгілерін айрықшалау, құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтату; өз бетімен игерген оқу материалындағы ұғымдарды анықтату және игергендерді жинақтау; кейбір типтес құбылыстарды айрықшалау; фактілер арасындағы байланысты анықтату; 4) іс-әрекеттің сипаты бойынша: репродуктивті (қайталаушы), реконструктивті-вариативті, жартылай ізденісті және зерттеушілік (шығармашылық) өзіндік жұмыс; 5) танымдық үдерістегі қолдану орнына байланысты: жаңа білімді қабылдау және игеру үшін арналған; алынған білімнің негізіндегі өзіндік жұмыстар; бекітуге бағытталған; білімі мен білігін жүйелеп, жалпылауға бағытталған; қайталау мен білім, білік және дағдыны тексеруге арналған өзіндік жұмыс түрлері; 6) мұғалім ұйымдастыратын өздігінен зерттеу жұмыстарының өткізілу уақыты мен орнына, мұғалім тарапынан жасалынатын жетекшіліктің сипатына, нәтижелеріне бақылау жасау тәсілдеріне байланысты шартты түрде мынандай түрлерге бөлуге болады: негізгі дәрістік сабақ (зертханалық жұмыс) үстінде жүргізілетін өзіндік жұмыстар; жоспар бойынша жүргізілетін кеңестер, шығармашылық байланыстар, оқу және шығармашылық сипаттағы үй тапсырмаларын орындаудағы мектептен тыс оқушының өзіндік жұмыстары; 7) оқушының өз бетімен жұмыс істеу (дербестілік) деңгейіне қарай: еліктеу, жаттықтыру, шығармашылық, зерттеу өзіндік жұмыстары; 8) білім көздері мен мұғалімнің тарапынан бақылаудың дәрежесіне байланысты: оқулықтармен, оқу әдебиеттерімен, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс; жаттығулар, шығарма және сипаттама беру, қадағалау және басқа да жұмыстар [6].

Бұл жұмыстарды бірнеше кезеңдерге бөліп жүргізуге болады.

1. Тапсырма, кеңес алу және жұмыстың жоспарын жасау;

2. Тапсырма тақырыбына қатысты материалдарды жинау, әдебиеттерді оқу;

3. Материалды өңдеу;

4. Жұмыстың жоспарын нақтылау;

5. Пән бойынша өзіндік жұмысын қорғау.

Педагогикалық тұрғыдан өзіндік жұмыстар, танымдық белсенділік ұғымдарына берілген бірнеше анықтамалар бар. Танымдық белсенділік — білім мен іс-әрекет тәсілдерін өз күшімен игеруге ұмтылысынан көрініс табатын жеке тұлғалық қасиет (Т. Ш. Шамова), танымдық белсенділік — дара тұлға өзінің танымдық іс-әрекетін өз күшімен ұйымдастыруы және оны жаңа танымдық проблеманы шешу үшін қолдана білуі сияқты және адамның сапасы (И. Я. Лернер), танымдық белсенділік -мектеп оқушы-

ларының білімді игеруде өз күшімен талпынуына дайын екендігінде, яғни қабілеті мен ұмтылысы (Н. А. Половникова), өзіндік оқу жұмысы оқушының мәселені қойып, оны шешкенге дейінгі жеңілден күрделіге өту, өзін-өзі бақылау және түзету ізденісінің белгілі бір деңгейдегі дербес оқу әрекеті; өздігінен білім алу, танымдық қабілетті қалыптастырудың құралы болып табылады (педагогикалық сөздік). Өзіндік жұмыс оқу әрекетінің арнайы бір формасы. Оқушылардың күрделі әрекеттерінің бір түрі. Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша олардың өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап, орындайтын жұмыстар жатады (Т. С. Сабыров). Өзіндік жұмыс — бұл оқытуды ұйымдастырудың формасы да емес, оқытудың әдісі де емес, ол оқушының алдына қойылған мақсатқа сәйкес, белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыру құралы болып табылады (П. И. Пидкасистый), өзіндік жұмыс дегеніміз — мұғалімнің тікелей қатысуымен емес, бірақ оның белгілі уақыт мөлшеріне есептелген тапсырмасы бойынша орындалатын жұмыс, бұл кезеңде оқушылар өздерінің ой-өрістерін және іс-әрекеттерін қорытындылай отырып, алға қойған мақсатына жетуге ұмтылады (Б. П. Есипов) және т. б.

Қазіргі кезде зерттеу ісі бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады. Бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті баланы өзіндік ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін үйрету. Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін оның танымдық қабілетін түрлі әрекете көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет.

Оқушыларды өзіндік жұмыстарға баулу арқылы біз өз бетінше шешім қабылдай алатын, терең ойлайтын, тың пікірлер айта білетін жеке тұлғаны тәрбиелейміз.

Әдебиет:


1. Қатубаев Н. «Шығармашылық жұмысқа баулу»/Оқушылардың танымдық ізденісін арттыру // Қазақстан мектебі. — 2002. — №4. — 60–61 бб.
2. Қожамқұлова Б. Е. Физиканы оқытуда дидактикалық материалдар жүйесі арқылы оқушылардың өзіндік жұмыстарының тиімділігін арттыру: автореферат. — Алматы. 1996. — 200 б.
3. Елубаев А. О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі // Дарын. — 2009. — №5. — 112–116 бб.
4. Мизамбаева Р. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту // Қазақ тарихы. — 2005. — №4. — 52–56 бб.
5. Сыздықова М. Оқушы — ізденісі // Биология, география және химия. — 2002. — №3. — 61–62 бб.
6. Дабысова. Ж. Ж. Орта мектепте оқушылардың өзіндік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі оқу- әдістемелік нұсқаулық. — Ақтау, 2011. — 35 б.


## Сюжеттік — рөлді ойындар және оны ұйымдастыру әдістемесі

Абдраманова Гульмира Бостановна, биология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Байзулдаева Гулсим Опабековна, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Адам іс-әрекетінің ерекше түрінің бірі — ойынның пайда болуы туралы зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерінде ойын — өнер мен көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіріледі. Ойында шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Өмірдің әр түрлі құбылыстары мен үлкендердің әр түрлі әрекеттеріне еліктеу ойынға тән нәрсе. Ойын кезінде шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында:

1) Өзін еркін сезінеді.

2) Ізденімпаздық тапқырлық әрекет байқатады.

3) Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.

Педагогика бала ойынына ерекше мән беріледі. Өйткені балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмір бақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толытқан бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас барысында:

1) адамдар іс-әрекеттің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойлауды үйренеді.

2) жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі, оларды қуантуға асығады.

3) бір-біріне көмектесе біледі, жанашырлық сезімі оянады, қамқорлық жасай біледі.

4) кешірімді болуға, өзгені ренжітпеуге тырысады. Халқымыз ойынға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқа-

растарының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп те ерекше бағалаған.

Ойынға басшылық жасау кезінде бұйыруға болмайды. Егер мұғалім баланың эмоциясына, қиялына әсер ету арқылы олардың қызығушылығын арттыра түссе, онда баланың құштарлығы өсіп, ойынға құмарта түседі.

Балалардың іс-әрекетін ұйымдастыруда әр мұғалім өзінің әдісін оқушының психологиялық және физиологиялық дамуын ескере отырып іске асырады. Ненің жақсы, ненің жаман екенін ойын үстінде ауызекі сөйлесу барысында түсінеді. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Күнделікті өмірдегі қиындықтың бірі күтпеген жағдайлардағы адамның өзін ұстай білмеуі болып табылады. Әдеттен тыс жағдайға тап келген адамның дұрыс шешім жасай алмауы жиі кездеседі.

Осындай жағдайларды яғни, сюжеттік-рөлдік ойындарды сахнада ойнап көрсету балалардың бойындағы жағдайды ойластыру және одан шығудың жолын табу қабілетін дамыту әдісі болып табылады. Бұдан басқа, осыған ұқсас ойындарда бала басқалармен өзара әрекет жасай білуге, өзінің әрекеттерін басқалармен ақылдаса отырып шешуге үйренеді.

Сюжеттік-рөлдік ойындарды сабақ үстінде де, үзілісте де, бос уақытта да, өткізілетін ертеңгіліктер мен кештерде дидактикалық, қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Демек, ойын арқылы балаларды өмірге ең қажетті қасиеттерге: өжеттілікке, іскерлікке, жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелейміз.

Ойын — балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

Тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын, оқушылардың зор ынтамен тыңдап, толық меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды.

Сюжеттік-рөлдік ойындарды сахнада ойнап көрсету үшін, оқушылардың оған толық қатысуы үшін сыныпты 4—6 адамнан тұратын топтарға бөлген жөн. Топтар бір ойынды кезек-кезек көрсетуі мүмкін. Бұл кезде қалғандары көрермен болып отырады. Содан соң бүкіл сынып болып әрекеттерді талқылауға болады.

Алғашқы кезде балаларды белгілі әңгіме, ертегі немесе мысалды сахналауға үйрету оңай болады. Кейіннен олар мұны меңгеріп болған соң, олардың өз шығармаларын ойнап көрулеріне болады. Мысалы, «Сүйіспеншілік» ойынын алайық.

Мұғалім бағыттаушы сөзді таңдап айтады. Ойынға қатысушылар соған мәндес сөзді айтып, допты келесі ойыншыға лақтырады. Мысалы, сен әдемісің, сен бүгін сүйкімдісің!

«Құнды қасиеттер» ойыны.

Музыка ойнайды. Балалар шеңбер құрып отырады. Күні бұрын даярланып қойған парақтарға құнды қасиеттер жазылады. Бала соның мағынасын аша білу керек.

«Пантомима» ойыны.

Балалар топтарға бөлінеді. Әр топқа, мысалы: достық, қамқорлық, сыйластық, сүйіспеншілік деген секілді тақырыптар беріледі. Әр топ музыканың сүйемелдеуімен өздері құрастырған сюжетті көрсетеді. Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастырады.

Спорт, ойындар, серуен, мектептен тыс кездесулер кезіндегі пікірталастар, әсерлі әңгімелер, мұражайға, театрға немесе классикалық музыка концертіне бірге бару, үйірмелер, театрланған сабақтар — осының бәрі рухани-адамгершілік тәрбие үшін тамаша құралдар. Олар баланың шығармашылығын оятып, жан дүниесімен сезінетін тамаша ойларға жетелейді. Ал одан жағымды қасиеттер туындайтыны белгілі.

Еліміз білімді, ақылды жастармен толығып келеді. Ендеше, болашаққа деген сенімділік те мол. Өмір талабының әсерімен өсіп келе жатқан ұрпақтарды тәрбиелеу мен оқытудың жаңа мақсаттары, тәсілдері анықталады. Біздің республикамызда әлеуметтік, экономикалық, білімділік өсу адамдардың санасының өзгеруін қажет етеді. Олар білім мазмұнын қайта құрылуын және оны білім жүйесі арқылы жүзеге асыруын талап етеді. Білім стандартының негізгі қағидалары: «Білім туралы заңы», 2005—2010 жылдарға арналған ҚР-ның білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы, жеке тұлғаның жан-жақты дамуын және оқыту процесінің гуманизациялық бағыттарын анықтап көрсетеді.

Осының барлығы оқушының шығармашылық қабілеттерін ашуын және тәрбиеленушінің жеке басына тән психологиялық ерекшелігін қадағалауын талап етеді. Біздің, яғни ұстаздардың алдында азаматтарды тәрбиелеу және отанымыздың интеллектуалды потенциялын сақтап қалу ғана емес, оны мүмкіндігінше одан әрі өркендету міндеті тұр. Сонымен қатар педагог үнемі ізденіп, өз шеберлігін жетілдіріп, оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін іздестіріп отыру қажет. Сабақта оқушылар тек жаңа материалды оқып, есте сақтап қана қоймай, өмірдің түрлі бағалы тәжірибесінен үйреніп, әлемдік зерттеу ақпараттарымен танысып, солармен біте қайнасып, бағалай білуге үйренсе ұстаз еңбегінің зая кетпегені деп білеміз. Әр ұстаз өз сабағының қызықты да тартымды болғанын қалайды, бұл үшін өз пәнін жақсы білу жеткіліксіз, ұстаз жақсы әңгімешіл болуы қажет.

Оқушылардың күнделікті оқу материалын қабылдауын қызықты да, тартымды ететін, олардың шығармашылық ізденісін шыңдай түсетін, оқу үрдісінің бірден-бір тиімді тәсілі — ойын технологиясы болып табылады.

Ойын тәсілдері таным қызметінің эмоциональды және тиімді жаңа жақтарын біріктіреді. Бұл бала үшін табиғи дұрыс тәсіл. Ойын кезінде бала өзінің нақты өмір тынысын, шынайы табиғатын танытады. Бұл оқушының оқиғаға деген ынтасын арттырып, ойлау қабілетін, қиялын дамытады.

Ойын — шығармашылық ізденіске жол бастайды, қабілетін қалыптастырады. Бұл жерде белгілі ғалым психолог Д. Б. Элкониннің айтқанын еске алсақ: «Ойын — баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді таныпбілуге бағалауға үйретеді».

Ойынның ұйымдастырылуы оның негізгі арқауынан: өткізілу орнын, уақытын, қатысушыларды айқындаудан басталады. Бұл үшін тақырыптық күнтізбе жоспар құру кезінде әр түрлі сабақтарда ойындарды қолданудың перспективалары айқындалады.

Сабақ жоспарларын қарастыру кезіндегі ойынның ережелері құрылады, атрибуттары дайындалады. Ойынды әрекеттің басқа түрлерінен шартты болуы ерекшелендіреді, өйткені қызығушылық — шарттылық жағдаят туғызу арқасында әрекет ойын өзгешелігіне айналады. Сондықтанда керекті шарттарды ескере отырып, ойындарды топтарға бөлуге болады.




Мысалы «Терушілер ойыны» фонетиканы өтіп біткен кезде қолданылады. Басқа жағдайларда ойындарды олардың мәнді ойын негізіне қарай сұрыптауға болады.




Сонымен, балалардың өзіндік өмірлік тәжірибесін, олардың ой-өрісін, әлеуметтік өмірге қызығушылығын, өмір жайлы түрлі білімдерді кеңейту негізінде сюжеттік-рөлдік ойындардың мазмұны, сюжеттің ауқымы және рөлдермен байыта отырып, жағдай жасалады. Ойын — бала әрекетінің бір түрі, адамзат мәдениетінің қазынасы. Ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалаған. Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, атын — түсінігін арттырады, еңбек ете білу дағдысы қалыптасады.

Әдебиет:

1. Венгер Л. А., Дьяченко О. М. Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста. — М: Просвещения, 1989. — с. 212.
2. Нұрғаева Г. Ойын сабақ // Бастауыш мектеп. — 2001. — №7. — 40–46 бб.
3. Жайлауова М., Сексенбаева З. Дидактикалық ойындар және оларды пайдалану // Бастауыш мектеп. — 2004. — №6. — 28–30 бб.
4. Қаженбаева А. Е. Бала танымын ойынмен дамыту // Отбасы және балабақша. — 2002. — №1. — 9–10 бб.
5. Қоянбекова С. Ойын мақсатын талдау жэне оның мәні //Қазақстан мектебі. — 2002. — №1–2. — 45–49 бб.

## Инновациялық технологияларды педагогикалық процесте пайдалану

Абдраманова Гульмира Бостановна, биология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Жусупова Эльвира Усенбаевна, оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

XXI ғасыр — әлемдегі өзгерістерге негізделген білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені, ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін анықтауда негізгі көрсеткіш болып табылады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты әсіресе соңғы кезде педагогика саласына түбегейлі өзгертулер, жаңалықтар енгізілуде. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтарының білімділігімен анықталады.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке — ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Бүгінгі күні әртүрлі елдер үшін білім беру мен тәлім-тәрбиені дамыту бағытында ортақ қиыншылықтардың туындағанына қарамастан, олар бір-бірінен білім беру мәселелерін шешу жолдары, әдістері және мақсаттары тұрғысынан елеулі дәрежеде ерекшеленіп отырғандығы байқалады. Мұндай айырмашылықтар адамның ролі мен оны жетілдірудің маңызын, осыдан барып қоғамның жекелеген мәселелерін шешудегі, оның қажеттіліктерін қанағаттандырудағы және жалпы қоғамды дамытудағы білім беру жүйесінің міндеттерін әртүрлі түсінуден келіп шығады. Осыған байланысты, әртүрлі қоғамдық-саяси жүйелерімен ерекшеленетін елдерде білім беру саласына жаңалықтар әртүрлі мақсаттармен, әртүрлі тәсілдермен және әртүрлі атаулармен енгізіледі де, олардан әртүрлі нәтижелер күтіледі. Әртүрлі елдердегі бірдей жаңалықтар әртүрлі қызметтерге ие болып, оларды қолдану нәтижелері де түрліше бағаланады. Нарық экономикасының қажеттіліктерін қанағаттандыру және экономиканың, өндіріс салаларының дамуына сай жастарды құзыретті тұлға ретінде қалыптастыру үшін оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланып, ғылыми — техникалық ілгерлеуін жетілдіруді жүзеге асыра алуы қажет. Себебі, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез — келген бәсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Сондықтан да ғылыми — техникалық процесс бүкіл әлемде «инновациялық процесс» — ұғымымен тығыз байланыста болуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті — оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» — деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1,5].

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты — инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Инновациялық білім беру үдерісінің мән-маңызы, оның инновацияны бастау, жаңа өнімдер мен мәмілелерді дайындау, оларды нарықта сату және одан әрі қолданысқа енгізу жөніндегі мақсатты іс-әрекеттер тізбегін қамтитындығынан көрінеді.

Инновациялық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің

әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізер еді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру — қоғам талабы.

Инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру үдерісінің шынайылығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы, инновациялық деңгейі, гуманитарлығы, өңделгендігі және таралу мүмкіндігі жатады.

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясы мәселелерімен Ш.Т. Таубаева, С.Н. Лактионова, Е.З. Батталханов, Қ.Қ. Қадашева, Т.О. Балықбаев, Ж.А. Қараев, Г.Қ. Нұрғалиева, Қ. Бұзаубақова, С.Д. Мұқанова, Н.И. Хван, Л.Е. Румянцева, З.У. Имжарова, М.М. Мұқаметқалиқызы және т. б. педагог ғалымдар айналысты [2-6].

«Инновация» сөзі латын тіліндегі *in* (ішіне) *novus* (жаңа) сөздерінен құралып, жаңару, жаңалық, өзгеру деген мағынаны білдіреді. Инновация ұғымының шығу кезеңі мен тарихын дәл анықтау мүмкін болмаса да, бұл ұғым қоғамдық ғылымдарға жаратылыстану ғылымдарынан келген деп есептеледі. Өйткені, инновациялар көбіне экономика, техника, агрономия, өнеркәсіп және медицина салаларында кеңінен қолданылады. Инновациялар қоғамның пайда болу кезеңінен бері жүзеге асырылып келе жатса да, педагогикалық категория ретінде XX ғасырдың 70—80 жылдарында ғана қолданысқа енгізілді. Мұның басты себептерінің бірі — олардың мағынасының түрліше түсінілуінде. Қазіргі кезеңде батыста білім беру саласындағы технологияны белгілеу үшін «білім беру технологиясы» — ұғымы пайдаланылып жүр. Осы ұғымның ғана мейлінше аясы кең, білім берудің түрлі салаларында қолданылатын кез келген технологияны қамти алады. Сондықтан, «білім беру технологиясы» — терминін бүкіл білім беру жүйесін технологияландыру заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пәнге қатысты қолданған дұрыс болар еді. Бірақ, әзірше бұл термин көп жағдайда тек мектептегі оқыту процесі төңірегін сипаттауда ғана қолданылып жүр [7]. Еліміздегі жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың кредиттік жүйесін, қашықтан оқыту формасын енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады.

Қазіргі кезде педагогикалық инновацияның білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелерінің бірі — жаңалықтарды топтастыру. Мұғалім үшін ашылған жаңа әдісті жан-жақты түсіне білу үшін, бұл жаңалықтың басқа жаңалықтардан ерекшелігін, айырмашылығын, артықшылығын көре білу қажет. Оқыту процесін жандандыру білім алушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың практикалық іскерлікті мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқу процесінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік дайындығы және сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, инновациялық технологияларды игерулеріне тікелей байланысты болады. Сондықтан білім алушылардың ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр мұғалімнен оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болатын іскерлікті талап етеді.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2000.
2. Беспалько В.П. Программированное обучение. Дидактические основы. — М., 1970 (11).
3. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2004, 21-бет (5).
4. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2006.
5. Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002
6. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Алматы, 2001.
7. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология. М., 2002. с. 12.

# Дене тәрбиесінде халықтық педагогиканың көріністері

Есіркепов Жандос Мергенбайұлы[1], педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Зулпыхаров Хайролла Шариатуллаұлы[2], мұғалім
[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан);
[2]«Қаражон» шағын жинақталған мектебі (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Қаражон ауылы, Қазақстан)

Әр ұл пен халықтар өздерінің тіліне, дініне, дәстүріне, тіпті сол халықтардың мекендеген этникалық өмір сүру, орналасу жағдайларына байланысты мыңдаған жылдар бойы адам бойына тән асыл мұра, ізгі қасиеттерді, өнерді, өнегелікті өз бойларына жинақтай отырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа аңыз әңгімелер, аталы сөздар, түрлі өнер көріністері арқылы жеткізіп отырған.

Өкінішке орай кеңес өкіметіндегі өмір сүру кезеңінде бұл көріністер көмескіленіп кетті. Әр ұлттың өзіне тән ұлттық бояу тұрғысынан насихатталмады. Ұлттардың тілі, салт-дәстүрлері, тәрбиесі мен өміріндегі өрнектері тоқыру деңгейіне дейін жетті.

Ал, қазіргі демократиялық саясат дәуірінде әр ұлттар өздерінің тарих беттерін қайта парақтап өз халқына тән тәрбиені, салт-дәстүрді, ұмытқан тілді қайта жаңғыртуға мүмкіндік алып отыр. Ұлттық педагогика қазақ халқының өмір салтына өз алдына жеке дара оқшауланып дараланбаған. Оның есесіне кіндік қаны қазақ топырағына тамған әрбір қазақ өз жұртының төрінде өмір сүрген, тәрбие мен тәлімге сөз құдіретін шебер пайдалана білген, тіл, өнер зергерлерінің палуан тұлғалы батыр бабалардың бойында тұнып тұрған ерлікті, ақыл-алғырлықты, өнегелікті, парасаттылықты айналып өте қоймас. Ата-баба дәстүрінен әрқашан үлкенге — ізеттіліктің, ілтипаттылықтың, кішіге — өнегеліліктің нышанын байқаймыз.

Қазақ халқының лексикондық сөз құрамы жөнінде дүние жүзі елдерінің алдыңғы қатарында. Тиісінше өмір сүру дәстүрлерініің құрылымы да әр алуан болып келеді. Оның үстіне жер көлеміне бірнеше Батыс елдері сиып кететін географиялық (республика территроиясы) көлемінде халықтардың этникалық (өңір аралық) орналасу жағдайлары да қазақ халқының тілі мен дәстүрінің, өнері мен тәрбиесінің түрлендіріліп көрсетіліп жүргізулеріне жан-жақты мүмкіндіктер бар.

Қазірге дейін (тұсау кесу, сүндет той, келін түсіру, қыз ұзату, ас беру, т. б.) қазақтың «аударыспақ», «қыз қуу», «теңге алу», «аламан бәйге», «жаяу жарыс», «көкпар», «палуан күрес», «бүркіт салу», сияқты ойындары өткізіліп келеді [1].

Бұл ойындарда алды атан түйе, ат бәйгелерін ұсынып отырған. Бір ерекшелігі ойын-сауықтарға қатысып тамашалау жөнінде, жас ерекшелігіне шектеу болмаған. Тұсау жібін кескен баладан, ақ сақалды қарияға дейін ойын-сайықты тамашалауға түгел қатысып отырған. Жастар жағы үлкендердің өнеріне қайран қалып тамсанып, солардай болуға еліктесе, кішілер жағы алғырлығымен апайтөс алыптарды аттарынан аударып түсіріп тәнті еткен.

Міне, осы ұлан ғасыр қазақтың ұлы даласындағы өтілген әртүрлі деңгейдегі той думандарға қатыса жүріп, ондағы алған әсерлерін жадында жырдай сақтай жүріп, «Мен қазақпын» деген әрбір балаң жігіт сол той туман додасынан өзін ешқашан шеттеткен емес, ұлты қазақ бабаларымыздың өткен тарихы, дәстүрі, салты, үні, шері, мұң-зары, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген өнегесі, өнері, тәрбиесі деп қабылдаған абзал.

Ұлттық тәрбиенің, ұлттық педагогиканың негізгі мазмұн мағынасын да осы тұстардан іздестірген дұрыс-ақ.

Қазақ халқы, асырлар бойы өмір сүріп өткен өз тұрмысының мазмұны, мағынасы тұрғысында кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге боларлықтай көптеген нақыл, мәтел, тапқырлық сөздерді жинақтап, тұжырымдап кейінгілерге жеткізіп отырған.

Олардың логикалық, философиялық мазмұны қазақ халқының болмысын, тұрмыстық жағдайын, мінез-құлқын, рухани байлығын, ұлды-қызды тәрбиелеуге, өнерлі-өнегелі болуға, мінез-құлыққа, туыстық-сыйластыққа, жақсы мен жаманды айыра білуге саяды.

Бұрынғы КСРО мемлекеттінде АҚШ-тағыдай адамдар қатынасы институты болмаған кезде адам тәрбиелеу мәселесі тек коммунистік идеология прниципі негізіне жинақтаған ұлттық бояумен өрнектелген тәрбие құралы жоғалып кетті. Тіпті діннен, тілінен айырылған ұлттар да бар. Мектептердегі тәрбие негізінен орыс халқының үздік педагогтары А. С. макаренко, К.Д. Ушинский, В.А. Сухомлинский еңбектері тұрғысында насихатталды. Ол үшін көп оқу сағаттары да жоспарланды. Керісінше, Әл-Фараби, Қорқыт Ата, Асан қайғы, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Базар жырау, Мұхтар Әуезов, Махамбет Өтемісұлы, Шәкәрім Құдайбердиев, Сәбит Мұханов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы сынды т. б. қазақ топырағынан түлеп шыққан ағартушы-ғалымдардыңхалықтық педагогикаға арналған шығармалары назардан тыс қалды.

Қазақ ғалымдарының кейбір еңбектеріндегі халықтық педагогиканың оқу бағдарламасындағы жүйесі оқушының тек нақты өмір сүру немесе өмір сүру дағдысына ерте кезеңнен емес, тек сынып, лабораториялық (кітаптан оқу, бірақ көзбен көрмеу, теориялық ұғым тұрғысында) жағдайда дәріс алумен шектеді. Әсіресе бұл қала оқушыларына тән құбылыс.

Мысалы: қала оқушылары үй жануарларының түртүсін кітаптан, кинодан көргенімен нақтылы жағдайда олардың өмір сүру, өсіп жетілу үдерісінен бейхабар екенін байқаймыз немесе абстракты тұжырымда болды. Ал, осы жануарларды баптап бағу үшін де көптеген қол еңбегінің

қалай жұмсалатынын біле бермейді. Тіпті, әр өңірдің өз ерекшелігіне байланысты өңіраралық этникалық орналасуы да кейбір оқушының еңбекке ерте араласып, айналада, ортада болып жатқан барлық тіршіліктерге саналық пайымдаумен өарауына мүмкіндік туғызатынын ескере берілмеді. Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы мақта теру, күріш ору, жеміс жинау жұмыстарына мектеп оқушылары (әсіресе ауылдық мектеп оқушылары) ерте жастан араласады.

Жасөспірімдерді неғұрлым жас кезінен еңбектенуге баулып, сол арқылы дене тұлғасын қалыптастыруға, бұлшық ет, буын қозғалғыштарын дамытуға ықпал етіп қоршаған ортаның құдірет-күшін сезіну, пайымдау, дүниетанымын жетілдіруді қамтамасыз етуге болаады. Мұны Абай Құнанбаев жастарды еңбекке баулуға байланысты өлеңінде былай тұжырымдайды:

«Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған», — бұған қоса талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой. Бес асыл іс көнсеңіз, — деген еді [2].

Қазақ халқының тарихында «Он үшінде отау иесі» атанғандар болғаны рас. Ал, он үшінде отау иесі болу оңай шаруа емес. Демек, ол ұл өзін отау иесі болғанға дейін асауды ауыздықтап, ересектермен үеңгі қағыстыра алатын, бойына жігер-қайрат, ақыл-парасат, өзгеге, өзіне де сын көзбен қарай алатын дәрежеде дайындауға әрекеттенген. Біз қазір күнделікті дене шынықтыру сабағында оқушыларға ана жаттығуды орында, жылдамдығың, шыдамдылығың, икемділігің, күшің дамиды, мына жаттығуды жасама — жүйкеңе жүктеме түседі деумен шектейміз. Оның үстіне ол жаттығуларды жас ерекшеліктеріне бөліп жіктеп қоямыз. Ойын түрлері де солай. Бұларды әртүрлі тәсілдермен жүйелейміз. Әрине, көп жылдар бойы ғылыми-тәжірибе негізінде сұрыпталған әдістерді ешкім жоққа шығармайды. Бірақ әрбір әдіс соңы және бірінші емес екенін де ұмытпау керек.

Еңбекке ерте араласқан оқушы кез-келген дене шынықтыру жаттығуларын ешбір қиындықсыз-ақ біз ұсынып жүктеме деңгейінен әлдеқайда жоғары қарқынмен, қайталау санымен, екпін ырғағымен жасай алады. Өйткені, онда бұлшық ет, буын, т. б. қимыл әрекеттері қарапайым еңбектену барысында дағды қалыптастыруға бейімделіп машықтанған. Бұл көрініс қимыл қозғалыстарына, еңбек әрекеттеріне неғұрлым жас кезеңнен ертерек қатысқан ауыл балаларының арасында кездеседі. Мұны спорт мектебіндегі шұғылданатын оқушылардың бірқатарының бірнеше жылдар бойы жаттығу жүктемесін өз дәрежесінде орындай алмай, керісінше сол спорт түрінде кешеңдеу келсе де еңбекке ерте араласқан баланың қимыл әрекетінің белсенді, шыдамдылық қасиетінің басымдау екенін байқаймыз.

Бұдан баланы (қыз балаларды) өзі атқара алатын еңбектің барлық түрлеріне неғұрлым жас кезінен бастап белсене қатыстыру керек деген тұжырым жасауға болады. Оның үстіне барлық адамдарды тек спорт пен дене шынықтыру арқылы өзін өмірге дайындауға, күшті, епті, шыдамды, икемді болып баулуға мүмкіндіктері бола бермейді.

Тума таланттың өзі де өмір сүру барысында 99 пайыз еңбектен тұратынын ескерсек, еңбектің адамның мінез-құлқын қалыптастырып, дененің сау, іскер болуын қамтамасыз ететін, таптырмайтын құрал екенін байқаймыз.

Эмоционалдық тұрғыдан қарағанда белгілі қимыл дағдыларын, әрекеттерін, жаттығу, ойын жүктемелерін белгілі жастан, белгіленген жаттығу, ойын түрлерінен, топтармен, сыныптармен жүргізгенге дейін әрбір сәбидің, баланың өз бетінше немесе ересектердің (ұстаздардың) ықпалымен әртүрлі еңбек түрлеріне үнемі қатысып отырылуы керек. Қарапайым жағдайда (шартсыз белгіленген нұсқаумен емес) бала қимыл әрекеті өзінің физиологиялық мүмкіндігіне қарай өз ықтиярымен тиянақты атқаруға тырысады. Өз жұмысының нәтижесін көріп, көңіліне қуаныш сезімін ұялатады.

Әдебиет:

1. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы, 1994.
2. Құнанбаев А. Көптомдық шығармалары. 2 Том. — Алматы, 2009.

# Мектепте химиялық өндірістерді оқыту барысындағы экологиялық білім берудің ерекшеліктері

Еспенбетова Шолпан Омарқызы, техника ғылымдарының кандидаты;
Орақбаева Гулжазира Әбілқызы, студент;
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Тимурқызы Айжан, мұғалім
№212 мектеп-гимназиясы (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі таңда экологиялық мәселе аймақтық немесе республикалық қана емес, дүниежүзілік сипат алып, адамзат тағдырымен байланыста қаралатын дәрежеге жетті.

Осыған байланысты ел басының халқына жолдауы тарапынан облыс мектептері мен білім ошақтарына кең қолдау көрсетілді. Ол негізінен XXI ғасырда өмір сүретін жас ұрпақ арасында салауаттылық өмір салтын орнықтыруға арналған. Еліміздің қазіргі экологиялық жағдайларын сауықтыруды ілгерілетуге экологиялық білім міндеттерін шешу үшін мектеп оқушыларына экологиялық білім мен тәрбие беру мәселелеріне айрықша көңіл бөлінуде. Экологиялық білім мен тәрбие беруді күшейту — қазіргі өмір талабынан туындап отырған қоғамымыздың алдында тұрған басты мәселе. Өркениеттің даму үрдісінің ажырамайтын құрамды бөлігі болғанымен химия және химиялық өндірістер көптеген экологиялық проблемалар тудырып отыр. Дегенмен химия және химиялық өндіріссіз адам толық мәнді тіршілік ете алмайды. Бірақ қоршаған ортаның негізгі ластаушылары ретінде олардың зиянды әсерінен адамзат пен табиғат зардап шегуде. Сондықтан химияны экологияландыру адамзаттың адамгершілік борышы болып саналады. Химия мен экологиядағы кіріктірілген үрдістердің білім беруде маңызы зор [1].

Экололгиялық жағдайдың күн өткен сайын күрделене түсуі азаматтардың экологиялық мәдениетінің төмендігі. Дүниежүзілік мәселеге айналып отырған қоршаған ортаның тазалығы мен оны қорғаудың бірден-бір жолы жас ұрпаққа мектеп қабырғасынан бастап экологиялық білім беру. Елімізде мектеп бағдарламасында экологиялық пән ретінде енгізілмесе де, оқушыларға химия пәнінің негізінде экологиялық білім беруге болады. Экологиялық білімді мектеп қабырғасынан бойына сіңіре білген әрбір азамат болашақта қоршаған ортаны сақтауға, бүлдірмеуге жанашырлықпен қарайтыны анық.

Химияны басқа жаратылыстану пәндерімен бірге оқыту айналадағы қоршаған орта және оның заңдылықтары туралы біртұтас түсінік қалыптасып, сол арқылы оқушының жан-жақты дамуына, адамгершілік қатынасының және еңбекке даярлығының қалыптасуына әсер етеді. Қазіргі заман талаптарына жауап бере алатын ұрпақ, алдағы болашақ өмірде қандай дағдарыстағы түсетіні бізге беймәлім. Табиғатты аялап, оның құндылықтарын тиімді пайдаланып, сақтауда жас ұрпақ өзінің бойындағы тәрбиесімен қарайтыны анық. Қоршаған ортаны — тау, орман, су, тірі организмдер, пайдалы қазбаларды адам баласы барлық қажеттілігіне пайдаланып отыр [2]. Кең байтақ Қазақстан еліміз ірі өндіріс орындарына өте бай, сондықтан экологиялық мәселенің маңызы зор. Өйткені өнеркәсіптен шығатын бейорганикалық және органикалық қалдықтар, автокөлік шығаратын зиянды заттардың қоршаған орта мен адам денсаулығына тигізетін әсері зор болғандықтан, бейорганикалық және органикалық химия пәні барысында өнеркәсіп өндірістерін оқытуда экологиялық аспектілерін қарастыру қажеттілігі туындайды. Осы қажеттіліктің негізінде алға қойған мақсатқа жету жолдары көрсетіліп, нақты шаралар белгіленеді. Бұл шаралар негізінде:

— оқу жоспарлары жасалынады;
— жаңа буын оқулықтары жазылып, дайындалады;
— оқу-әдістемелік кешендері жасалынады;
— оқытудың жаңа технологияларын енгізу жолдары белгіленеді;
— базалық білім берумен қатар қосымша білім беру бағыттарын жетілдіру жолдары қарастырылады.

Бағдарламадағы оқыту процессін жақсарту мақсаты да оқыту процессін технологияландыру ісіне көмектесу үшін мамандар біліктілігін арттыру мақсатында қайта даярлау арқылы үздіксіз білімді дамытуды көздейді. Қазіргі кездегі қоғам мектеп бітіруші түлекке бірқатар талаптарды қояды. Оларға жауап беруші мектеп түлегі:

— проблеманы көре алатын және оны шеше алатын;
— барлық ақпарат түрлерімен жұмыс істеп, қажеттісін пайдалана алатын;
— өзінің көзқарасы бар;
— өзінің көзқарасын нақты жеткізіп дәлелдей алатын;
— алған білімдерін өмірде кездескен нақты жағдайда пайдалана алатын;
— қоғамдағы кез келген топпен, жұмыс істей алатын болуы керек.

Осындай талаптарға сай жастарды тәрбиелейтін білім ордаларының бірі — мектеп өзінің оқу-тәрбие процестерінде оқыту технологияларын пайдаланып, жаңа ғасыр адамын тәрбиелеуде жаңа қадамдар жасаулары керек. Жалпы оқыту пароцессі- бұл шығармашылық жұмыс, ал әрбір мұғалім жеке шығармашылықт қызмет етуі тиіс. Әрбір мұғалім оқыту технологияларының түрлерін игеріп, өзіне қажетті, тиімдісін таңдап алуы қажет. Бұл ретте оқыту технолгиясын түсінбей, қажет, қажет еместігін ажыратпай, кез келгенін ала беруге болмайды. Өйткені әрбір

нақты жағдайда мұғалімнің білімі оқушының біліміне, қажеттілігіне байланысты болуы керек.

***Бұл жағдайда мұғалім оқушыға:***

— мектепте алған біліммен шектелмей, білімді өз бетінше ала білу қажеттілігін, өйткені өмірде өзінің білімін үнемі толықтыру және қажет болған жағдайда мамандықты өзгерту қажет екендігін;

— өмірде кездескен жағдайларды шеше білуге, осы жағдайға байланысты өзінің жеке көзқарасының болуын, бұл көзқарас басқалармен сәйкес келмеген жағдайда оны дәлелдей білу қажеттігін;

— өмірде кездескен жағжайларды шеше білуге, осы жағдайға байланысты өзінің жеке көзқарасының болуын, бұл көзқарас басқалармен сәйкес келмеген жағдайда оны дәлелдей білу қажеттілігін;

— алған білімді өмірде пайдалана білу қажеттілігін;

— қоғамдық ортада өзі басқалардың көзқарасын тыңдай алып, өзінің көзқарасын дәлелдей білк керектігін: түсіндірсе, осының барлығын оқушы қабылдай алатындай етіп, дұрыс ұйымдастырса, бүгінгі мектеп бітіруші жаңа әлуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүруге және еңбек етуге дайын болады [3].

Әрбір адам белгілі бір білімді қабылдау не ұғыну үшін өзінің ақыл-ой қабілеті арқылы, абстрактылы түрде қабылдайды. Бұл кезде оқушыда білім алуға деген қызығушылық туындаса, ол оқушыда эмоционалдық сезім туғызады. Эмиционалдық іс-әрекет адамның ішкі дүниесіне әсер етеді. Бұл өз ретінде оқушыда білуге деген қызығушылық туғызып, білім рухани қажеттілікке айналады, ол қандай да бір дене қозғалысын жасауға, ізденуге, еңбектенуге итермелейді.

Көтеген зерттеулерде экологиялық білім беру жалпы білім берудің бір бөлігі ретінде ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениеті, санасы, іс-әрекетке дайындығы жоғары деңгейдегі тұлғаны тәрбиелеу мақсатын көздейтін үрдістің жаңа мәні қарастырылады. Жоғары оқу орындарында экологиялық мәдениетті қалыптастыру Қазақстанның тұрақты дамуының басты факторларының бірі болып саналады.

Экологиялық білім мен тәрбие беруге байланысты қазақстандық ғалымдармен бірқатар зерттеулер жүргізіліп, экологиялық білім мен тәрбие берудің қажеттілігі, мақсаты мен міндеттері, мазмұны мен принциптері зерттелді, экологиялық ұғымдар жүйесі анықталды.

Осыған байланысты бейорганикалық және органикалық химия курсы арқылы экологиялық білім беру мүмкіндіктерін анықтау үшін бағдарламаларды, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, оқулықтарды, оқу құралдарын талдау жасалынды. Оқушылардың экологиялық білімі мен біліктілігін анықтайтын диагностикалық сауалнамалар, бақылау жұмыстары әзірленді. Оқушылармен әңгімелесу, тест тапсырмаларын пайдаланып қорытынды білімдері тексерілді. Зертханалық жұмыстар ұйымдастырылды. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерді пайдаланып экологиялық мазмұндағы тапсырмалар жүйесі жасалынды. Педагогикалық эксперимент жүргізіліп және сандық және сапалық жағынан талдау жасалынып оның нәтижесін математикалық жолмен қорытындыланды.

Дидактиканың, оқыту әдістемесінің принциптеріне сүйеніп, химия пәні бойынша, типтік бағдарламасына анализ жасай отырып, химия курсын оқыту үрдісінде оқушылардың экологиялық білімнің құрылымдық жүйесіне сүйеніп, химиялық, экологиялық және табиғатты қорғау ұғымдары негізінде экологиялық білім беру жоспары құрылды (1-кесте).

1-кесте. **Химиялық өндіріс, экология, табиғатты қорғау ұғымдары негізінде экологиялық білім беру жоспары**

| Тақырыптар (химиялық түсінік) | Қарастырылатын экологиялық түсініктер | Өткізілетін сабақтың түрі | Табиғатты қорғау түсініктері |
|---|---|---|---|
| **10-сынып бойынша** | | | |
| Күкірт қышқылын жанасу әдісімен өндіру. | Күкірт қышқылын өндіру барысындағы экологиялық жағдайының жалпы сипаттамасы. | Дәстүрлі емес пәнаралық сабақ | Қоршаған ортаның бірлігі мен жүйелігі |
| Аммиак синтезі. | Аммиак өндірісі барысында кездесетін экологиялық мәселелер. | Дәстүрлі емес проблемалық сабақ | Ластанудың тұрақтылығы. |
| Азот қышқылын өндіру әдісі. | Азот (II) оксидінің және азот (IV) оксидінің процесс барысында түзілуі | Дәстүрлі емес топсеруен сабағы | Табиғатты қорғау және адам денсаулығы. |
| Силикат өнеркәсібі. Шыны өнеркәсібі | Әктас, сода және кварцты құмды қыздырғанда көміртегі (IV) оксидінің түзілуі. | Дәстүрлі емес панорамалық сабақ | Түзілген қалдықтарды залалсыздандыру |
| Шойын өндіру. | Көміртегі (II) және көміртегі (IV) оксидінің түзілуі. | Дәстүрлі емес конференция сабағы | Табиғаттағы зат айналымы. Қоршаған ортаның бірлігі мен жүйелігі. |
| Болат өндіру. | Өндіріс қалдықтары, көміртегі (II) көміртегі (IV) оксидінің түзілуі. Экологиялық аспектілері. | Дәстүрлі емес конференция сабағы | Ластанудан сақтау шаралары. |

| 11-сынып бойынша | | | |
|---|---|---|---|
| Мұнайды өңдеу. | Күкірт және азот оксидтері түзіледі (жергілікті жер материалын қолдану) | Дәстүрлі емес панорамалық сабақ | Түзілген қалдықтарды залалсыздандыру |
| Коксохимия өндірісі. | Күкірт, көміртегі және азот оксидтері түзіледі. | Дәстүрлі емес конференция сабағы | Ластанудан сақтау шаралары. |
| Метанолдың өнеркәсіптік синтезі. | Күкірт, көміртегі және азот оксидтері түзіледі. | Дәстүрлі емес конференция сабағы | Табиғатты және адамзатты қорғаудағы әлеуметтік экономикалық аспекті |
| Синтетикалық жуғыш заттар өнеркәсібі. | Биологиялық толық ыдырамай, тіршілікке қауіп төндіреді. | Дәстүрлі емес проблемалық сабақ | Табиғатты қорғау және адам денсаулығы. |
| Химиялық талшықтар өндірісі. | Органикалық молекулалар адам ауруына қарсы. | Дәстүрлі емес панорамалық сабақ | Табиғатты қорғаудың саяси әлеуметтік және ластанудан сақтау шаралары. |

Соңғы жылдары мектепте химиялық өндірісті оқыту біраз қысқартуға ұшырады. Бірақ, 12 жылдық оқытуға көшу кезінде жағдай өзгеруі мүмкін. Химиялық өндірісті оқытудың мақсаты — оқушыға ғылымның қол жеткен табыстарының халық шаруашылығында пайдаланылуы, өндіріспен прогрестің қозғаушы күші ретінде рөлін көрсету. Химиялық өндірісті оқыту химияның экологиялық жағын ашып, химиялық өндірісті сауатты ұйымдастыру арқылы экологияны сауықтыруға болатындығы жайлы тәрбие беруге мүмкіндіктер ашады. Химиялық өндірісті оқыту кезінде пәнаралық және пәншілік байланыстар, әсіресе химияның физикамен (аппараттармен танысу кезінде), биологиямен (ауыл шаруашылығын химизациялау), сызу, математика және соның ішіндегі негізгі саланың бірі болып табылатын, қазіргі кездегі көкейтесті мәселенің алдыңғы қатарында тұрған экология пәндерімен байланыстарын жүзеге асырған жөн.

Әдебиет:

1. Қаримов А. //Экологияландырылған практикум. «Химия мектепте» журналы №4, 2004ж, 9-11б.
2. Нұрахметов Н., Ысқақова Г. Химиялық — экологиялық берудің негізгі аспектілері. //Химия мектепте журналы №1, 2004ж, 25—29 б.
3. Сакарьянова Қ., Шакирова А. Органикалық химияны оқыту барысында экологиялық мәселелерді қамту жолдары. // Химия мектепте журналы №5, 2004ж, 49—53 б.

# The effectiveness of extracurricular works in language learning in schools

Қадырова Гүлнұр Мақсатханқызы[1], магистр, аға оқытушы;
Егізбайқызы Гүлзат2, тәрбиешінің көмекшісі;
Калдыбаева Райхан Тургыновна[1], магистр, аға оқытушы
[1]«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)
[2]Назарбаев зияткерлік мектебі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

In teaching a foreign language the learners are not expected to know not only the language, but also the culture of the nation which language he or she is learning. In order to gain this aim, we suggest that teachers should carry out the extra — curricular works. Teachers are expected to build the relationship between culture and language and to explore effective ways to bring a cross — cultural element into the classroom: pupils are to be aware of the following: a way of life; a system of beliefs; a shared history or set of experiences. A culture may be synonymous with a religion, though followers of Christianity or Judaism or Islam. They may also come from different cultures. Language itself is defined by culture. We cannot be competent in the language if we do not understand the culture that has shaped and informed it. We cannot learn a foreign language if we do not have an awareness of that culture. Learners should be aware of the culture of a nation, and then they are expected to master the language [1, 439-477].

Extra — curricular work in foreign languages becomes more and more popular. This work is carried out both in town and village schools. Various books and articles on the subject recently published are a proof of the popularity of this work among foreign language teachers and its importance in attaining the aims and objectives set by the syllabus. However there are many schools where teachers either do not carry out extra — curricular work of this kind is not obligatory; it

is just additional, therefore they may do it only if time permits. These teachers do not realize that their success in foreign language teaching depends to a great extent on what interest they can evoke in their pupils.

Cooperative learning groups are typically made up of students or pupils with heterogeneous backgrounds and abilities. By working together to succeed in groups, they learn to appreciate differences in skills, aptitudes, learning styles, personalities, goals, and interest. Cooperative learning also helps learners to reach higher academic achievement levels.

The best way to avoid interpersonal problems, whether in pairs or small groups, is to structure the cooperative learning activities so that the content is challenging and the pace is appropriate. Avoid monotony by planning a balance of whole — class, pair, small group, and individual activities.

When you feel comfortable with your students, you are ready to experiment. This confidence may surface the first day, or it may take a few months. Variables include your own style, the school culture and the attitudes in your classroom [2, 933-958].

In caring out extra — curricular work various forms should be used to that the majority of the class is able to take part in it. The following forms of extra — curricular work are used at schools: individual, group and mass work.

Individual working in teams develop a greater understanding of the variety of approaches that can be used to accomplish any given task. This understanding of diversity is an advantage that has social significance beyond the classroom.

Group work includes: 1. 'hobby' groups that work systematically; they are: play and game sections (schools theatre), chorus sections, conversation section, reading and translation hobby groups, drama section, literature and art sections, football, basketball sections. 2. Groups for temporary activities, namely to make up an album, to make a display —stand or a bookstand with English books and booklets, to illustrate a story read, to organize a school library, etc.

Mass work includes: the organization and holding TOEFL section in the foreign language; talks in that language, pleasure parties, conference, Olympiads and excursions to films in a foreign language with following discussion: dramatization of the stories; holding of guessing games; issuing wall — newspapers; making up school display — stands, making posters, etc. When the entire class is actively engaged in mass work, everyone is communicating. And mass work is easy to initiate. Without a great deal of organization, you can simply ask two learners to help each other with an exercise or assignment. As they discuss their answers, students working as partners have immediate opportunities to give and receive feedback. For those who are uncomfortable speaking in front of a group or the entire class, mass work offers the lowest stress of all — each student is facing an audience of one. One of the most entertaining types — of mass work that wins more and more popularity among pupils is **club work.** The foreign language club gives an opportunity to have natural situations for communication, in the foreign language. The work of the club may contribute to international friendship among young people, as one of the main activities of the members of the club is establishing contacts with foreign friends, mainly through correspondence. Sometimes guests from foreign countries may be invited to view performances of the club, in which case direct association with foreigners is established. Club work is varied in form and content. Pupils will resent pair work if they are forced to work with the same partner all the time, especially if a personality clash exists. Be conscious of the good friends who are entertaining themselves with a little mischief. Partners who aren't participating need to see that you are holding them accountable through your grading system. And dominant overachievers can be helpful at times but they can also intimidate lower achievers [3, 20-24].

Extra —curricular work is voluntary. However, for those who wish to take part in this work it becomes obligatory. Since through extra — curricular work the teacher can raise the level of the pupils' command of the language in general, it is bad practice to draw only the best, bright pupils into the work, as some of the methodologists and teachers recommend. No marks are given to the participants for non — class activities, although the teacher keeps a careful record of the work done by each of them. The results of extra — curricular work done can be evaluated when the school holds contests, assemblies, reviews of wall — newspapers, amateur art reviews, pleasure parties, etc., in the foreign language.

Since extra —curricular work is voluntary and based upon pupils' activity, initiative and creativeness. Pupils should render help to the teacher to carry out this work.

The teacher recommends various kinds of non — class activities to his pupils, selects the material and elaborates methods and techniques as to how this or that work should be carried out. Teachers choose participant in accordance with their aptitude and keep a record of the work done. Extra —curricular work may be closely connected with the work of the school.

It is quite obvious the teacher may success in promoting greater interest for studying the language provided his works skillfully in class, explaining new material in a clear and comprehensive way, using various methods and devices to make his pupils active; and interested in the work done, applying audio — visual aids, preparing exercises which give the pupils satisfaction of a job well done, making them feel their own progress in the target language after energy lesson.

All the educationists and educators have realized the importance of extracurricular activities in academic life. These activities keep students refreshed both physically and mentally.

Extracurricular activities work as stress buster. To be fully involved in the studies can make students feel fatigue. Academic curriculum seems to be very vast these days, so it becomes really necessary to give some refreshing treatments to students. Such activities keep students happy and being happy itself means keeping depressions and stress at bay. It increase concentration power of the students enhances their academic performance.

While learning in schools or colleges most of the time of the students passes while sitting. But the age of students requires more physical activities. Absence of adequate physical activities can lead to a lot of health disorders. Obesity is one of the worst outcomes of it. Involving in such activities improves digestion which ensures good functioning of almost all the body parts by supplying proper nutrients to all the body parts.

Students can learn time management with help of these activities. Adjusting study and extracurricular activities can make students wiser in managing their time. They also learn multitasking through it. The team spirit in the students also enhances with these activities. Most extracurricular activities involve teamwork. Thus the students learn how to work in a team.

These activities can help students to find out their interests. When they get opportunity to choose from a number of extracurricular activities, they come to assess which activity are they most interested and comfortable are. Teachers and parents can also help students in finding out their interests and skills. Such skills can also make them make some good money in later life. For example if a student selects music as extracurricular, he can choose to teach music on part time basis along with his regular employment in future [4, 332–346].

Moreover the students can develop some very useful skills like communication skills, leadership skills, bargaining skills and so forth. These skills help students throughout their lives in leading a successful life. One more thing that students learn from extracurricular activities is to socialize well among people. While performing such activities the students interact with a lot of people which makes them more efficient in socializing.

References:

1. J. George, «Creativity in Organizations,» in Academy of Management Annals, vol. 1, J. Walsh and A. Brief, Eds. Routledge Taylor & Francis Group, 2007.
2. C. Shalley, J. Zhou, and G. R. Oldham, «The Effects of Personal and Contextual Characteristics on Creativity: Where Should We Go from Here?» Journal of Management, vol. 36, no. 6, 2004.
3. H. Fenci and K. Scheel, «Engaging Students: An Examination of the Effects of Teaching Strategies on Self Efficacy and Course Climate in a Nonmajors Physics Course,» Journal of College Science Teaching, vol. 35, no. 1, 2005.
4. Sorge, C., Newsom, H., & Hagerty, J. (2000, August). Fun is not enough: Attitudes of Hispanic middle school students toward science and scientists. Hispanic Journal of Behavioral Sciences, 11 (3).

## Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың тиімділігі

Кулмырзаева Ақерке Хасенқызы, мұғалім
№264 мектеп-лицей (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*«Ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналады. Бала ойында қандай болса, өскенде жұмыста да сондай адам болады».*
*А. С. Макаренко*

Ойын дегеніміз — жас ерекшеліктеріне қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын — төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

Ағылшын тілі — қазақ елін әлемге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Сол себепті ағылшын тілін үйренудің маңызы зор. Ағылшын тілін оқытуда ойын түрлерін қолдану оқушының тілді үйренуге деген ынтасын арттырады. Ағылшын тілін үйрету кезінде ойын элементтерін пайдалану оқушының шет тіліне деген қызығушылығын арттырып, жаңа тақырыпты жақсы түсінуге әсер етеді. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандығын сезбей, әсерлене, қызыға отырып ағылшын тілін тез үйренеді.

Егерде мұғалім ойынды тек балалардың көңілін көтеру, демалдыру үшін ойнатса, онда пайда болмайды. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп ойналған кезде ғана нәтижелі болады.

Ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде бастауыш және орта буын сыныптарда пайдаланаты: ойын-сабақ, ойын жаттығу, сергіту ойындар, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар және тағы басқа.

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғал-

малы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрсені көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Тақырыптық «рөлдік ойындар» оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады.

Ойын — оқушылармен дидактикалық қарым-қатынас жасаудың әмбебап нысаны. Ол білім берудің ең көне нысаны болып табылады, өйткені қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды, ойыншыларға өздерін оқу үрдісінің субъектілері ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Мұғалім ағылшын тілінің әр сабағында ойын әдістерін пайдалануы тиіс. Төменгі сынып оқушыларының жасы мен психологиясының ерекшеліктерін ескере отырып, бұл тәсілдер ең тиімді болып табылады.

Ағылшын тілін үйренудің бастапқы кезеңінде оқу ойындарының тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық), рөлдік және динамикалық түрлерін араластыра пайдаланған жөн. Тілдік ойындар дыбыстау дағдысын, лексикалық және грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға, тілдік құбылыстарды пайдалануға жаттықтыруға бағытталған. Фонетикалық ойындар:

— фонематикалық есту қабілетін дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларға (ағылшын тілінің дыбыстарын дұрыс қабылдау үшін қажетті);

— дыбыстау (оқушылар үшін фонетиканың ең маңызды әрі күрделі бөлімдерінің бірі);

— дұрыс интонациялау дағдысын қалыптастыруға арналған ойын тәсілдері

Ойын қызметі оқушылардың сабақтағы жұмысын түрлендірумен қатар жұмыс нысандарын, әдіс-тәсілдерін саралауға мүмкіндік береді.

Коммуникативтілік қағидасы арнайы берілген тілдік құралдар — белсенді лексика мен белсенді грамматикалық материал арқылы коммуникативтік міндеттерді шешуге бағытталған күнделікті жағдайларда рөлдік ойындарды пайдалану арқылы іске асырылады.

Ойынның сабақ барысындағы басты мақсаты — білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының:

— қисынды ой-қабілеті дамиды;
— өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
— сөздік қоры баийды, тілі дамиды;
— зейіні қалыптасады;
— байқампаздығы артады;
— өзара сыйластыққа үйретеді;
— ойынның ережесін бұзбауға, тәртіптілікке баулиды;
— бір-біріне деген оқушы сенімділігі артады;
— сабаққа қызығушылығы артады.

Сабақ барысында оқушының зейінін сабаққа аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілетін дамытуда дидактикалық ойындардың үлесі зор. Мәтінді мазмұндауға үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке қарап тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету дидактикалық ойындарды ойнау барысында қалыптасады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тыңдап, ой-өрісін кеңейте алады, білім алудағы қызығушылығын артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшеліктеріне, сабақтың мақсатына сай ұйымдастырылған ойындардың берері мол.

Ағылшын тілі сабағында әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Алайда, ойын әрекетін қандай мақсатта қолдануға болады? Қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді? деген сұрақтар әрбір мұғалімді толғандыратыны сөзсіз.

Ойынды мынадай *мақсаттар* қойып пайдалану керек: алфавитті және лексиканы меңгерту, қарым-қатынас жасай алуға үйрету, тілдік материалдарды есте сақтау, белгілі бір тілдік білімді дамыту, қажетті психикалық қызметтер мен қабілеттілікті дамыту, білім беру. Сондай-ақ, ойын арқылы қызықсыз тақырыптарды жеңіл, оңай меңгертуге болады.

Ағылшын тілінде жұмбақтар, сөзжұмбақтар, лото, лингвистикалық ойындар, бөлмедегі жиһаздарды орнына қою, дүкендерді аралау, телефонмен сөйлесу, т. б. түрінде де ойналады.

*Ойынның түрлері:* лексикалық, орфографиялық, дидактикалық және грамматикалық, рөлдік болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілінде сөйлеуге және жазуға үйрететін арнайы ойындар да болады.

Ойынды сабақтың әр кезеңінде пайдалануға болады. Мысалы, ұйымдастыру бөлімі кезінде фонетикалық рифмовка алуға болады. Жарыс түрінде өткізсеңіз (Кім өлеңді бірінші жаттайды?), оқушылар өлеңді жарыса отырып қалай жаттап алғандарын байқамай қалады.

Ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойындар:

«Let's draw a Rainbow!» ойыны.

*Мақсаты:* түстерді үйрету.

*Ойынға қажет құралдар:* түрлі –түсті қарандаштар, кемпірқосақ салынған сурет.

*Ойын барысы:* біріншіден мұғалім кемпірқосақ салынған суретті тақтаға іледі. Оқушылар 7 түрлі қарандашты партаның үстіне қояды.

*Мұғалім:* This is a rainbow. I can see red colour (суретті көрсетеді, балалар сол түсті қарындашты көтереді), orange colour, yellow colour, green colour, blue colour, dark blue colour, violet colour. The rainbow is colourful. It's beautiful. Let's draw a rainbow!

Сосын мұғалім балаларға кемпірқосақтағы түстерді реттілігімен есте сақтап алуларына уақыт береді де, суретті тақтадан алып тастайды.

Балалар кемпірқосақты салып болғаннан кейін, мұғалім суретті тақтаға іледі. Балалар өз суреттерімен салыстырады. Суреттер салынып, салыстырылғаннан кейін, мұғалім кемпірқосақтың түстерін көрсете отырып сұрайды. What colour is it? Балалар сұраққа жауап береді.

*«Кесек қар» дидактикалық ойыны.* Оқушылар шеңберге тұрады. Бірінші оқушы отбасының бір мүшесін атап, допты екінші оқушыға лақтырады. Ол допты ұстап алып, алдыңғы екі сөзді қайталап, өз сөзін айтып, допты келесі оқушыға лақтырады. Алдыңғы оқушының артынан барлық сөздерді қайталап, өз сөзін айта алған оқушы жеңімпаз атанады.

*«Доппен ойын»* — балалар допты бір-біріне лақтырып, тез заттың атын немесе түсін, яғни жалғастырып айту керек. «Сұрақ қой» ойынында үстелдің үстінде бірнеше заттар жатады, оқушылар әр затқа сұрақ қою керек. «Затты тап» ойынында мұғалім әлдебір затты газетпен жауып, сұрақтар қою барысында оқушылар ол не зат екенін шешу керек, «Сөз құрау» — суретке қарап атын атау және осы сөздің бірінші әрпіне сөз құрау керек, «Дым білмес» ойынында дым білмес тақтадағы сөзді немесе санды дұрыс оқымайды, мысалы: мұғалім 20 санын көрсетеді, ал дым білмес *It's twelve* десе, сынып түзетеді *No, it's* twenty деп жауап беру керек, «Түсті ата» ойынында мұғалім қызыл түсті карточкыны көрсетіп *«What colour is it?»* балалар *It's red* деп жауап береді.

«Bingo» ойыны. Әр оқушы бір сөйлемді таңдап, сонымен ғана жұмыс істейді. Мұғалім оқылған сөздерді бейнеленген флэш-карталарды мөлдір емес дорбаға салады. Балалар кезек-кезек 1 карточкадан шығарып, осы сөзді айтады. Бірақ сыныпқа көрсетпейді. Қолында осы сөзді бейнелейтін суреті бар оқушылар өздерінің жолынан оны сызып тастайды. Жолдағы барлық сөздерді сызып тастаған бала «Bingo!» — деп айқайлайды. Мұғалім жаттығудың дұрыс орындалғанын тексереді. Егер сөздердің барлығы аталған болса, бұл бала жеңімпаз атанады

Қорыта келгенде, ойын әрекетінсіз ағылшын тілі лексикасын оқушының есінде қалдыру тиімділігі аз және ақыл ой күшін көп қажет етеді. Оқу үрдісіне енгізілген ойын ағылшын тілі сабағында оқутыдың бір түрі ретінде қызықты, жеңіл және жанды болуы керек. Ойын оқу үрдісін жеңілдететінін ескеру қажет. Оқытушының сабаққа қойған мақсатына, міндетіне, шартына байланысты ойын түрі өзгертіліп отырылуы қажет. Ойын арқылы кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл-күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарын қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді.

Әдебиет:


1. Мектептегі шетел тілі. Республикалық әдістемелік журнал. №6.2011
2. Мектептегі шетел тілі. Республикалық әдістемелік журнал. №6.2012
3. Қазақстан мектебі. №1.2004. Ғылыми-педагогикалық журнал.


## Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді қалыптастыру

Оспанова Гульнар Утепбергеновна, тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Бекқадам Гүлфариза Әлиасқарқызы, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі кезде мектептің тұтас педагогикалық үдерісінде халық педагогикасын пайдалану бойынша мол тәжірибе қалыптасқан. Негізгі мақсат — жас ұрпаққа қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық өнерін, дәстүрлерін меңгерте отырып, оларды оқушылардың бойына дарыту, ұлттық мінез-құлық, қадір-қасиетін қалыптастыру. Өйткені еліміз үшін жас ұрпақтың өнерлі, іскер, жігерлі, намысты өсуі айрықша маңызды болып табылады.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2030» халыққа жолдауында: «...біздің ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтыны...» туралы баса атап арқалайтыны...» туралы баса атап көрсетілген болатын [1].

Ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлар сан қырлы. Оған ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын мәселелердің өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлык нәрсе. Дегенмен, осы кешенді құбылыстардың арасынан ұлттық тәрбие үдерісінде ұлттық психология

үлесінің қомақты екендігі дау тудырмаса керек. Мұның өзі — қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр. Оған нарықтық қатынастар дәуірінің өмір салтының психологиялық, дәстүрлік өзіндік қасиеттері қосылады. Соған орай көптеген тарихи-дәстүрлік белгілер жаңа рухымызға, ұлттық тәрбиеге үйлесімді жүзеге асуы қажет [2].

Тарихи мәдениет, оның өрістері ұлттық рухтың көзі болғандықтан тәрбие үдерісіне әсері жүйелі әрбір әлеуметтік топтың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілгені дұрыс. Сондықтан бала бақшалардағы, мектептің әрбір сыныптарындағы ұлттық тәрбиенің барысы ерекшеленіп түруы қажет. Мұндағы ескерілетін жағдай-еліміздің көп ұлттылығында. Әсіресе, мектептердегі қазақ және орыс сыныптарына арналған міндетті оқу құралдарының ұлттық тәрбиеге байланысы мен мазмұны негізі жатса пайдалы болар еді. Осы мәселенің ара жігін дәл анықтап тәрбиенің құралына айналдыра білу де әдіснамалық міндеттердің бірінен саналады. Басты бағдар-барлық ұлт балаларының елімізге деген ортақ сүйіспеншілік сезімін, мүдделерін қалыптастыру. Тек оқу үдерісі емес, мәдени-көпшілік шаралары да оқушыларға ұлттык тәрбие беруде түрлі тәсілдердің шебер әрі ұтымды пайдаланылуын іздестіруді талап етеді.

Бастауыш сынып тұлғасының ұлттық психологиялық ерекшелігі ұлттық психикалық құрылымға байланысты. Ұлттық психикалық құрылым үш компоненттен тұрады: ол ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер және ұлттық мінез-құлық. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері болып табылады.

Ұлттық тәрбиені тар мағынасында, белгілі бір ұлттың халықтық педагогикасы арқылы оқушыны тәрбиелеуді көздейтін салыстырмалы түрде мақсатқа бағытталған үдеріс ретінде қарастырамыз. Кең мағынасында, ұлттық тәрбиені — халықтық педагогиканың іс-тәжірибедегі шынайы тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиелілігін қалыптастырудың тұтас үдерісі.

Ұлттық тәрбиелілік — бұл адамды белгілі бір ұлттың өкілі, ұлттық дәстүрді, халықтық тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ретінде сипаттайтын адами қасиет болып табылады, ол ұлттық тұлғаның таным-білімімен, сана-сезімімен және алынған білімді іс жүзінде жүзеге асыра алу дәрежесімен мінез-құлқымен өлшенеді. Демек, бұдан шығатын қорытынды: бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәрбиелілігі өз кезегінде кіріктірілген біртұтас тұлғалық құрылым болып табылатын когнитивті, эмоциялық және мінез-құлықтық компоненттерін қамтиды.

Тұтас педагогикалық үдерістің өзіне тән компоненттері бар. Олар оқыту мен тәрбиенің мақсаты, мазмұны формалары мен әдістері, сонымен қатар нәтижесі. Бұл компоненттер бір-бірімен тікелей байланысты түрде іске асырылады, демек, педагогикалық үдеріс сонда ғана татымды нәтиже береді [3].

Біз үлгі құру барысында тәрбие үдерісінің ерекшеліктеріне де сүйендік. Тәрбие үдерісі — күрделі динамикалық жүйе. Қазіргі теориялық педагогикада тәрбие үдерісі жүйесінің төмендегідей өлшемдер бойынша құрылған моделі белгілі: тәрбие үдерісінің мақсаты мен міндеттері, мазмұны, үдерістің жүру шарттары, тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекеті, қолданылатын әдістер, формалардың, үдерістің даму сатыларының, т. б. өзара байланысы.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде негізінен белгілі бір тұлғалық сапаларды анықтауға қатысты диагностикалық мағлұматтар болады. Осы мағлұматтарды есепке ала отырып, ұлттық тәрбие жұмысын жоспарлау жолдары талданды. Бірақ педагогтар оқушы жеке тұлғасының дербес ерекшеліктерінің сан қырларын оқып-үйренуде әртүрлі қиыншылықтарды бастан кешіріп отыр, мұның өзі бастауыш сынып оқушыларымен ұлттық тәрбие беру жұмысын ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға кедергілер келтіруде.

Бастауыш сынып оқушысының тұлғасын оқып-үйрену жұмысы дербес құрылуы керек. Оның өзіндік ерекшелігі, тума қасиеттері, қабілеттері, қызығушылығы мен бейімділігі, білім дәрежесі, қарым-қатынасы, өзіндік танымы тек нақты өмір жағдайында ғана айқын көрінеді.

Оқу іс-әрекеті бастауыш сынып оқушысы ең алғаш нақты кіріскен қалыпты әлеуметтік іс-әрекет болып табылады. Әрине, өйткені оның ары қарай дамуы «бала мектеп оқуына қандай дайындықпен келгендігіне және екіншіден, оған әсер етіп отырған педагогикалық ықпалдардың жүйесіне» байланысты, оқуға, жаңа әлеуметтік рольді орындауға деген қарым-қатынастың өзі осы кездегі баланың жеке тұлғасы дамуының басты және аса маңызды көрсеткіші болып табылады.

Тұлға дамуының тағы бір көрсеткіші бастауыш сынып оқушысының ұлттық сана-сезімінің дамуы, оның моральдық нормаларға сәйкес ұлттық мінез-құлқын оқу іс-әрекетінде және одан тыс уақытта, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жүйесінде жүзеге асыру қабілеті болып табылады.

Бастауыш мектеп жасында жеке тұлғаның қалыптасуы тәрбиенің басты факторы болып табылатын құрбы-құрдастарының арасында өтеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушысының жеке тұлғасының дамуының маңызды үшінші көрсеткіші балалармен қарым-қатынасының сипаты болып табылады [4].

Қорыта айтқанда, біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу — бүгінгі күн талаптарының маңыздысы.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан — 2030» Президенттің Қазақстан халқына жолдауы — Алматы, 1997.

2. Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбие — ұлағатты іс. — Алматы, 1992.
3. Бөлеев Қ., Ибраимова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие // Оқу құралы. — Алматы: Нұрлы әлем, 2008.
4. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика // Алматы, 1994.

# Физика сабағында оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамыту тиімділігін арттыру ерекшеліктері

Смайлова Гулзира Сарсембайқызы, мұғалім
Шиелі ауданы, Н. Бекежанов атындағы №156 орта мектеп (Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Қазақстан)

Ойлауды дамытудың жоғарғы кезеңдерінде — оның логикалық формаларында — ақыл-ой әрекеттері іштей сөйлеу тұрғысынан жүзеге асырылады, түрлі таңбалар жүйелері пайдаланылады. Алайда, мектеп жасына дейінгі баланың ойлауы таңбадан гөрі, бір жағдайларда нақтылы заттарды бейнелеп, басқа жағдайларды біршама жалпылама және схемалы боатын бейнелерді көбірек пайдаланады. Мұның өзінде бала мәселе шешуді зат немесе оның баламаларымен жүргізілетін бірсыпыра өрісті әрекетті де түсінеді.

Физика сабағында оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту оқу материалының мазмұны арқылы, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы мен тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Мектеп практикасында физикалық есептермен жұмыс істеу процесінде негізінен оны шешу жолдары көзделеді, шешуді іздестіру оқушылардың тиісті есеп шығару іскерліктерін қалыптастыру мәселесіне жеткіліксіз көңіл бөлінеді [1].

Есептің шығарылу жолдарын жан — жақты талдау, оны басқа есептер шығаруға қолдану жақтары да аз қарастырылады. Оқушы белгілі бір есепті шығару нәтижесінде алынған жаңа белгілі бір есепті қарастыру мақсаты аяғына дейін жеткізілмейді. Яғни фактілер пайдалануда шығарылған есеп оқушылардың білімдері мен іскерліктерінің арасындағы байланысты жеткілікті мөлшерде анықтай алмайды. Мұндай жағдайда есеп шығару процессінде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту жөнінде айту қиынырақ болады.

Бұл мақсатты мазмұнды есептер шығару кезінде жүзеге асыру мүмкіндіктері бар.

1–4 сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда мазмұнды есептермен жұмыс істеудің жалпы тәсілдерін үйрету негізгі орын алады.

Мектеп практикасында мазмұнды есептерді практикалық, графиктік, арифметикалық және алгебралық тәсілдермен шығарады. Негізінен кеңінен қолданылатын — арифметекалық және алгебралық тәсілдерге көп назар аударылады. Баланың ойлау қабілеті оның қиялын, сөйлеу мәнерінің дамып, есте сақтау мүмікіндігін арттырады. Оқушыларда мағыналы ойлауын тудыру әрекеті контексте жаңа элемент ендіру және өзгерту әдісі қолданылады. Мәтіннің мазмұнын жаңғырту әрекеті: оқушы позициясында, ситуативті элементерін тауып, оларды контексте мағаналы сөз формаларын немесе сөз қосындыларын ендіру арқылы жоюю. Мұғалім ертегіні бастайды, оқушы оны жалғастырады. Мағыналы мазмұнды ойлау арқылы тудыру әрекеті, мәтіннің мазмұнын түсініп, кері байланыста қайта қабылдауы арқылы сөз арқылы қайталайды [2].

Ойлау мен ауызекі және жазбаша тілдің арасындағы айырмашылық келесі төрт параметрлерде көрініп тұрады — ситуативтілік, лексикалық жан-жақтылық, ақиқаттың сапалы белгілерін бейнелеуі, ақиқаттың белсенді жағын бейнелеуі. Сондықтан, оқушылардың ауызекі және жазбаша тілдерін салыстыру осы параметрлермен жүріп жатады. Берілген параметрлердің мазмұндарын қысқаша түсінік берейік.

Мазмұнды есептерді шығарудың арифметикалық және алгебралық тәсілдері өзара байланысты, өйткені мазмұнды есептерді алгебралық тәсілмен шығару арифметикалық тәсілге негізделген. Бұл мазмұнды есеппен жұмыс істелудің жалпы тәсілдерін қалыптастыру есепті шығарудың арифметикалық тәсілінен алгебралық тәсіліне көшу арқылы жүргізіледі деген сөз.

Физикалық мазмұнды есептер шығару кезінде оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында есептерді талдаудың жалпы тәсілдерін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу орынды. Ол үшін есепті талдаудың мынадай кезеңдерімен таныстырған жөн:

1. Есептің мәнін оқып талдау.

Бұл кезеңнің мақсаты — есепте баяндалған жағдаймен танысу және оны терең ұғыну, оның нысанды жақтары мен объектілер арасындағы байланыстарды анықтау.

2. Есептің мәтінін физикалық тілге көшіру. Бұл кезеңде есептің объектілері үшін шартты белгілер алынып, олардың арасындағы байланыстарға математикалық, графикалық нтерпретация беру — шешу моделін құру.

3. Модельмен жұмыс істеу [3].

Физиканың есептерін шығару кезінде оқушылардың есептерді талдай білу іскерліктерін қалыптастыру оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру міндеттерді

шешу барысында (онтогенез бен өзекті генездің өзектілігіне қатысты) ойлау әрекеттерін қалыптастыруды П. Я. Гальперин зерттеген. Ойлау әрекеттері материалдық әрекеттердің түрлі деңгейдегі тақырыптық психологиялық құрылымдармен (қабылдау, елестету, ұғыну) әрекет жасауға ауысуы арқылы қалыптасады. Мұндай әрекет жасау, алдымен, дыбысталатын сыртқы тілдің, кейін ішкі тілдің құралдары арқылы жүзеге асырылады. Соңғы деңгей — «таза ойлаудың», «мінсіз» әрекеттің ең жоғары нысаны көрініс табады.

Баланың ақыл — ойының жоғары жұмыс істеу қабілеті — ағзаның функциялық жағдайының қолайлы болуы мен денсаулығының жақсы болуына қызмет етеді. Осы орайда барлық жағдайына қарай балаларды салыстырғанда денсаулығы нашар оқушылардың ақыл — ой еңбегі денсаулығы жақсы оқушылардыкінен төмен сипатта болады. Оқушылардың ой еңбегінің төмендеуі — олардың шаршағандығын байқатады. Шаршау — оқушы қызметінің нашарлап, еңбек ету қабілетінің төмендегенін сипаттайды. Шаршағандық орталық жүйке жүйесінде өзгерістердің болуына байланысты. Шаршаған заңдылық бола тұрумен қатар, ол физиологиялық қолайлы процестер. Ол бір жағынан ағзаны өте шаршап кетуден сақтаса, ал екінші жағынан жұмысқа кірісерден бұрын ой қабілетінің жұмыс деңгейін белгілі бір мөлшерде реттеп отырады. Мұндай жағдайлар үнемі жұмыс істеу жүйесінде ағзаның функциялық кеңею мүмкіндігін үнемі толықтырып отыратын көрініс. Олар спорттық жаттықтыру негізінде оқушылардың оқудағы жұмыс істеу қабілетін ынталандырады. Сондықтан оқушыларды мектептен шаршататын жұмыспен айналыстырмай, оқу еңбегінің шаршатпайтын тиімді жолдарын құрастыру қажет. Бұл мәселеде тек қана оқу қызметінің мазмұны Ұйымдастыру формаларымен ғана шектеліп қалмай, олардың белсенділігін арттыруда, демалуына да қатты көңіл бөлген дұрыс.

Егер оқушылардың оқу жүктемесі баланың функционалдық жүктемесіне сәйкес келмесе, әсіресе, ауру немесе денсаулығы нашар болса, оқу еңбегі лайықты ұйымдаспаса тұрақты күн тәртібі бойынша дем алмаса, мұндай жағдайларда қорыта айтқанда ағзаның өте шаршағандығы байқалады. Ұйқының бұзылуынан, қабылдауы, сезінуі, еске ұстауы, тез ашулану, себепсіз дау, себепсіз алаңдау т. б. осындай жағдайларда көңіл күйі шарасыздыққа тіреледі. Ой қабілетінің жұмыс істеуі және танымдық белсенділігі тез төмендеп, оқу үлгеріміне әсер етеді.

Демек, оқушының оқу қызметі кезінде ағзаның жұмыс істеу қабілеті заңды түрде өзгереді. Алғашқы кездерде біраз уақыт бойында еңбектің сандық және сапалық көрсеткішінің жақсарғандығы байқалады. Бұл жұмыс істей алу қабілетінің бірінші фазасы-жұмысқа кірісудің қалыптасуы, яғни ағза жұмыс істеуге кіріседі, күйіне келеді. Орталық жүйке жүйесінің белсенділігі артады, алмасу процестер деңгейі өседі. Мұндай жағдай сабақ бойындағы алғашқы 5—7 минут көлемінде байқалады. Яғни жұмыс істей алу қабілеті қалыптасқаннан кейін дамудың екінші фазасы жұмыс істей білу қабілетіне оңтайланады [4].

Ағзаның барлық жүйесі бір-бірімен байланысып келісімді, жоғарғы тиімділікті қамти отыра, психо-физиологиялық шығындарды азайта жұмыс істейді. Оқушы оқу ақпаратының белгілі көлеміндегі сапасын көбірек меңгереді. Сабақта осы фазаға, еңбекке ынта қою, күш салу, оқушылардың жағдайына, сыныптағы тазалық сақтау жағдайларына да байланысты болады. Кіші жастағы оқушыларға 15—20 минут жеткілікті. Осыдан кейін жұмыс істей алу қабілетінің үшінші фазасы-шаршаудың (жеңе алу) орның толтыру. Оқушылардың жұмыс істей алу қабілеті жоғары деңгейде болуы — психикалық жүйкесінің еркін эмоциялық мүмкіндіктеріне байланысты болады. Белгілі бір жағдайға байланысты шаршағаны байқалады, бірақ жұмыс істеуі керек және ол қажет. Демек алдын ала дене шынықтыру минутын өткізіп және де олардың іс-әрекетін өзгертіп отыру шарт [4]. Жұмыс істей алу қабілетінің төртінші фазасы-шаршағанның орнын толтыра алмайтын фаза. Тіпті мұнда ерік күші де жұмыс істей алудың күрт төмендегенін жеңе алмайды. Ойлану мен оны ой елегінен өткізу ақпараты және жаңа білім алуға деген қабілеті төмендейді. Мұндай жағдай шаршаудың шегіне жеткендігін байқатады. Фазалардың сыртқы белгілері-енжарлық, ұйқышылдық, жұмысқа деген қызығушылығының жоғалуы, оны істеуге бой ұрмауы. Балалар бұл кезде өзі-өзіне көмек жасайтын тірек іздейді. Қолын партаға салып, басын қояды, жағын таянып қисайып жатады.

Мұның барлығы баланың ми қабының дұңгіршектерінің дамуына байланысты болатындығын көрсетеді. Оқу процесінің барысында баланың накты функциялық процестерінің үнемі өзгерістерге түсіп отыруы — сабақ құрылысын ұтымды ұйымдастыруды мезгейді. Сабақ процесінде тәрбиелеу мен оқытудың түрлі амал тәсілдері, жекелік, топтық, ұжымдық, тәжірибелік түрлері пайдаланылады. Оқушының мектептегі, сыныптағы ортасы-сабақ процесінде оған үлкен әсер етеді. Оқушы мектептегі, сыныптағы өмірінде әлеуметтік рөл атқарады. Оқушылардың оқу тәрбие процесін дұрыс жолға қоюда мұғалімдерден көптеген әдістердің жетістіктерін зерттеуді қажет етеді. Қазіргі оқытудың жаңа үлгісі жағдайында мұғалім не істеу керек, оқушыларға калай әсер етуі тиіс? Оқу тәрбие процесін қалай ұйымдастыру керек? Сабақ жолдарын ұйымдастырудың тиімділігі неде? Оның нәтижесі қандай болады? Деген сияқты сан қырлы сауалдарға жауап іздеу. Егер мұғалім өзінің айтқанын бұйрықпен орындатса, онда ол түсінікті. Яғни мұнда мұғалім оқушыларды тек өзін тындату туралы ойлайды. Бұл жағдайда көрсету бұйыру, бақылау баға әдістерімен жұмыс істету. Демек, осылар арқылы оқушыларға әсер ету. Екінші бір жолы: білім талап, бақылау баға. Мұның барлығы да оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде мұғалімдердің қолданатын әдістері.

Білім мазмұнының басты ұстанымдарына сүйенсек, оқушы мен мұғалім рөлі, олардың әрқайсысының орны қандай болмақ? Баланы жеке тұлғаға бағдарлап оқыту және тәрбиелеу ұстанымы тұрғысынан қарасақ, «оқушы-субъект», яғни ол-өзіндік орны, өз көзқарасы, пікірі бар

тұлға. Олай болса, ол тұлғаның басқа да қасиеттері мен қабілеттерін, болмысын ашып, тани білу керек.

Баланың танымдық, ақыл-ой қабілеттерін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды есепке ала отырып, олардың интелллектуалды үздіксіз дамуын қамтамасыз ету, олардың пікірі мен көзқарасын бағалау, оларға ізгілік, адамгершілік тұрғысынан құрмет көрсету, білімді өздігінен алуына жағдай, ықпал жасайды [5].

Әдебиет:


1. Тәжібаев Т. Жалпы психология — Алматы, 1993.
2. Тәжібаев С. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. — Алматы «Білім», 2008.
3. Асама. И. Әдептен озбайық. — Алматы, 2004.
4. Сүйеуова Г. Мінез-құлық ерекшеліктері анықтау // Қазақстан мектебі, — 2007.
5. Жарықбаев. Қ. Жантануға кіріспе. — Алматы, 2000.


## Білім беру процесіндегі инновациялық технологияларды дамыту


Тауипбаева Айнур Торебековна[1], педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы;
Абдихайымова Гулжазира Торебековна[2], педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
[1] «Болашак» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан);
[2] Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті


Ғылыми — педагогикалық әдебиеттерде теория жүзінде анықталып, практикада қолданыс тапқан әрі оқыту үрдісінің тиімділігін арттыратын жаңа әдіс — амалдарды инновациялық тәсілдер деп атайды. «Инновация» ұғымы білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс — тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану дегенді білдіреді.

Білім беру процесіне енгізілген инновация адамның кәсіптік қызметіне тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденстің, жекелеген оқытушы мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесінен туындайды. Бұл процесс өздігінен дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді [1].

Тұтас педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде оқытушылар үлкен роль атқарады. Оқыту процесінің көп түрлілігіне қарамастан дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдік және басқа да жетекші педагогикалық қызметті іске асыру оқытушының еншісінде болады. Оқытушының кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика және психологияны оқыту мен тәрбие технологиясының салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан оқытушыдан арнайы психологиялық — педагогикалық дайындық талап етіледі. Осының негізінде ғана педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәні — педагогикалық маңызы бар екі проблемадан тұрады:

— озық педагогикалық тәжірибені зерттеу жинақтау;
— инновациялық процестердің мазмұны мен механизмін анықтау.

Осы кезге дейін бір — бірінен оқшау қарастырылып келген бұл екі проблема өзара тығыз байланысқан екі процестің тұтастығына айналуға тиіс.

Әлемдік өркениетте жинақталған барлық игіліктердің негізінде қоғамның интеллектуалдық — рухани қуатын экономикалық — қаржылық әлеуетін әрі қарай дамытуы мақсатында білім беру жүйесін дамыту міндеттерін шешу үшін жоғары оқу орындарының оқытушы — профессорлар құрамы күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістер батыл жол ашарлық қарекет жасаулары керек. Оқыту түрлерін, оның әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет.

Қазаргі заманда нақты педагогикалық қызметті іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген оқытушыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптасып үлгермеген, сол сияқты ол тәжірибелерді таңдау мен талдаудың дағдарысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Оқытушы қызметінің инновациялық бағыттылығының екінші құрамды бөлігі психологиялық — педагогикалық зерттеулердің нәтижесін педагогикалық қызметтің тәжірибесін ендірумен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми — зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» деп көрсетілген [2].

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе әлеуметтік — педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнын оңтайлы анықтаудың тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр.

Жаңа дәуір ұлттық бәсеке, мәліметтік сайыс, психологиялық өзгерістер сияқты көріністермен бөлене алады. Сондықтан сол кезеңге сай интеллектуалды, ой-өрісі жоғары дамыған, дені сау азаматты қалыптастыру — мемлекеттік сайыс, психологиялық өзгерістер сияқты көріністермен бөлене алады. Сондықтан сол кезеңге сай интеллектуалды, ой-өрісі жоғары дамыған, дені сау азаматты қалыптастыру — мемлекеттің бүгінгі күнгі ең өзекті мәселесі.

Бүгінгі студент, оқушы — ертеңгі маман. Жоғары оқу орнында білім беру үрдісінің болашағын жоспарлау, ол — экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани жұмыстардың қоғамдағы дамуына байланысты шешілетін мәселе. Білім беру студент қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан, оны басқарудың студенттің ой-өрісін дамытуға, өз өмірінің нысаны болуы үшін жағдай туғызуға негізделеді.

Қысқаша айтатын болсақ, өмірлік тәжірибе ойды қозғайды, ойғылымды туғызады, ғылымның дамуы зерттеуді талап етеді. Қазіргі нарық кезінде озат тәжірибені дұрыс басқару үшін — орнымен бақылау, жоспарлау, болашақты болжау дұрыс бағдарлама жасауға жол сілтейді. Осының бәрі сайып келгенде болашақта жақсы маман даярлауға мүмкіншілік береді [3].

Қазіргі кезде әлемдік экономика жаңа сапалық деңгейдегі білімге негізделген. Білімге негізделген салалардағы экономикалық өсудің қарқынынан тұрақты түрде асып отырады. Осы орайда, ақпарат легінің артуы және оның одан әрі шектеусіз өсу перспективасы, адамзат жинақтаған білімді жай игеріп қоюдың нәтижесіз мақсат екенін көрсетеді. Әлемнің көптеген алдыңғы қатарлы елдерінің білім беру жүйесі — білім берудің құрылымын, мақсаттарын, мазмұны мен технологиясын түбегейлі өзгертулер енгізумен іске асырылады. Білім, білік, дағдыларды бұрынғыша механикалық түрде беру емес, ақпараттық — зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашық көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру — қазіргі басымдық болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беру процесін дамытудың 2005—2010ж. ж. арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру процесін дамытудың мынадай негізгі басым бағыттары көзделген:

1. Оқыту 6 жастан басталатын, одан әрі жоғары сынып оқушыларын бейінді және кәсіпке бакғытталған жүйеде оқытатын 12 жылдық жалпы орта білімге көшу;

2. Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру процесінің жаңа деңгейін құру;

3. Кредитті технологиямен оқыту жүйесіне негізделген кәсіби мамандарды даярлаудың 3 сатылдық жүйесін (бакалавриат — магистратура — докторантура) құру;

4. Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесі тиімді қызмет істейтін білім беру жүйесін қалыптастырып, Қазақстанның қазіргі әлемде лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту және мамандар даярлаудың сапалы білім деңгейіне қол жеткізеді [4].

Әдебиет:


1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейнгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы.
2. Бұзаубақова Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. — Алматы, 2006.
3. Әйтімова Б. Уақыт талабы — ізденіс // Егемен Қазақстан. 2006. 1 қыркүйек.
4. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. — Алматы: Жазушы, 2009.


## Орта мектептегі технология сабағында қазақтың ұлттық қол өнерін пайдалану ерекшеліктері


Тауипбаева Айнур Торебековна[1], педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы;
Абдихайымова Гулжазира Торебековна[2], педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
[1] «Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан);
[2] Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті


Қазақстан Республикасының 2011—2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында орта білім берудің мақсаты — алған білімнің кәсіби дағдыларының негізінде өзгермелі өмір жағдайында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін іске асыруға, адамгершілік тұрғыдан өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті тұлға тәрбиелеп шығару көрсетілген. Жалпы білім беретін мектептің мақсаты — жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мұрасының сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу және әрбір шәкіртті тұлға деп санап,

оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау болып табылады. Бұл мақсаты жүзеге асыру үшін технология сабағында оқушы санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты енгізу және туған халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу мүмкіншілігі мол.

Мектепте технология сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетті айналу үшін еңбек ету талабын қалыптастырудың зор маңызы бар. Бұл міндет адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімділігі мен мүддесіне сай келетін және моральдық қанағаттану сезімін беретін іспен шұғылданып жағдайда ғана жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу — еңбекті дұрыс таңдап алумен тығыз байланысты. Еңбекке шығармалышық тұрғысынан қарау ғана еңбекті тек жасау мен материалдық игілік алудың құралынан, ортақ рухани және ең алдымен адамның адамгершілік дамуының құралына айналдыра алады [1].

Технология сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрге тәрбилеудің артықшылығы көп. Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулумен қатар ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы. Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы шығармашылықпен іске кіріседі. Технология сабағының мақсаты: қолөнердің барлық салаларын бағдарламаға енгізіп, ұлттық педагогиканың негізінде шәкірттерге білім мен өнегелі тәрбие берудің тиімділігің көрсету тиіс.

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үй сүйегін, ағаш төсек жасау, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу кең өріс алды. Бұл кезде ер адамдарға арнап ер-тұрман мен белдік, қыз-келіншектерге арнап сәукеле, шашбау, білезік, сырға жасап, оларды түрлі-түсті өрнектермен әшекейлеу өнері де өрістей түсті. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын тұтыну бұйымдары мен жабдықтардың сапасына жоғары талап қойып, олардың әрі ұнамды, әрі сәнді болуын қалады. Еңбек үстіндегі шығармашылық ізденудің нәтижесінде тұрмысқа керекті заттардың жаңа неше алуан түрлері жасалып отырды. Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беру ісін кейбір шеберлер қолға ала бастады. Бұл — өте игілікті іс. Оны ары қарай жаппай дамыту қажет.

Көпшелі өмір салты мен өнеркәсібі тудырған негізгі дүниенің бірі —киіз үй. Бәрі де — өнеркәсіптік құрал-жабдықтар да, олар шығаратын бұйымдар да, осы бұйымдардың әсемдігі де киіз үйдің айналасына жинақтылғын. Міне, осылай киіз үйдің жиһаздары, кілемдер, тұскиіздер, текеметтер, сырмақтар, аяққаптар, баубасқұрлар, қайталанбастай болып әсем бұйымдар пайда болған. Жүн өңдеумен әйелдер ғана айналысқан. Қазан төңкерісіне дейін осының бәрі мүлтіксіз сақталып отырды. Нағыз көркем еңбек болып табылатын әсем сазды әуенге толы ою-өрнекпен көмкерілген халықтық шығармашылық бүкіл елге тән болатын [2].

Төрт түлік малдың жүні халықтың өмір тіршілігінде үлкен рөл атқарған және оны ұқсатуды бұдан мыңдаған жылдар бұрын білген. Жүннен ең қажетті мүліктер жасалған. Қазақ халқының шаруашылығында мал жүнінің ең асылы, бұйымдар жасуға ең көп пайданылатын түйе және қой жүндері, ешкі түбіті, оның қылы, жылқының жал-құйрығы, түйенің жүні, шудасы. Халқымыздың дәстүрінде киім-кешек пен төсек орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің баскиімі, белбеуі киімнің жең-жағалары мен балақтары әр түрлі жамылғыштар мен киімдер және басқа да осы сияқты жол-жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілген.

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеу дәстүрі отбасындағы еңбек тәрбиесіне негізделген. Кәсіп пен өнердің түрлері олар үшін күнкөріс көзі ғана емес, рухани қажеттілік тәрбие құралы да болған. Отбасындағы еңбек тәрбиесі екі түрлі мақсатқа: баланы еңбек етуге қабілет-икем дағдысын дамытуға немесе, сол негізінде оның бойында халықтық ізгі қасиеттерді дарытуға бағытталған. Балалардың отбасындағы еңбек дағдыларын одан әрі дамытуда елге танымал өнер мен кәсіп шеберлерінің халықтық тәрбиеші ретіндегі тәрбиелеу ықпалы зор болған.

Ұлы Абайдың қара сөздерінде (Жетінші сөз) «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі — білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені» деп жазған тәлімі бар.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында оқушылардың жалпы білімін көтеру, біліктілігі мен дағдыларын қалыптастырып, бүгінгі оқушы, ертеңгі жас маман екенін ескере отырып, оларға кәсіби білім беріп, қабілетін, дарынын аша білу, шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әр мұғалімнің мақсаты болып табылады.

Әр оқу пәні оқушы алдында мүмкіндігінше еңбек пен мамандықтар әлемін ашады. Бұл мүмкіндік әсіресе технология пәнінде жүзеге асырылады. Технология — шеберлік, іскерлік, білгірлік мектебі. Технология сабақтарында оқушылар жан-жақты дүниетанымын қалыптастыра отырып, болашақта өмірге, өндіріске қажетті мамандық алып шығады, саналы, сұлулық сезімін түсінетін, шебер, заман талабына сай өмірге бейімделген, еңбекті бағалайтын, үнемшіл ұрпақ тәрбиеленеді. Еңбек сабағында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізіледі [3].

Шығармашылық- бұл жекелеген мотивациялық құрылым арқылы берілетін ақыл-ой жемісі, ол жеке тұлғаның бойында білім мен ептілік, қажырлы еңбектену мен қызығушылық қабілеттерінің әсерімен қоғамдық

маңызды нәтиже. Жазушы Л. Н. Толстой, суретші Репин, композитор Глинка өздерінің ұлы шығармаларын «1пайыз талант, 99 пайыз еңбектің күшімен жасадық» деген екен. Сондықтан оқушының шығармашылық қабілетін дамыту да үлкен қажырлы еңбекті талап етеді. Осы шығармашылық қасиеттерді дамытудың негізгі тәсілдері:

- оқушы білімінің өмірмен байланысы;
- ғылыми негіздердің зертханалық-сарамандық жұмыстармен байланысы;
- алған білімін сапалы, жүйелі меңгеру;
- теория мен сарамандық әдістердің өзара байланысы;
- іздену жұмыстарының ғылыми тұрғыда орындалуы;
- нәтижеге жету ынтасын қалыптастыру.

Қолөнерге ұштастыра білім мен тәрбие берудің түрі — шығармашылыққа баулу. Ал қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек, қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ, оқушы шығармашылықпен іске кіріседі. Еңбек үстінде шығармашылық ізденудің нәтижесінде алуан қолөнер туындылары дүниеге келеді.

Әр ұлттың өзіне тән тарихы, рухани сән-салтанаты, қолөнері бары анық. Халық қолөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Қолөнердің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезеңінде өнерге, өзіне деген көзқарасын, білімін, біліктілігін арттырып, шығармашылыққа баулыймыз. Ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұраның ең асыл құнды қазынасы. Қолөнер- өресі биік, өрісі кең өнер. Қазақ халқы —кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші. Ысырапқорлық — қазақтарға жат қылық. Ежелден-ақ ата-бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажетіне ұқсатып, аяқ асты тастамаған. Олай болса, ізденімпаздықпен атқарған әр жұмыс ысырапқорлықтан тыйып, үнемділікке үйретеді. Қазір ұлттық салт-дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге тереңдеп енгендіктен, қазақтың ұлттық қолөнері қайтадан дамып отыр.

Ұлттық қолөнердің негізгі салалары:

- Өрнек, тоқыма тоқу
- Сырмақ сыру
- Жүн өңдеу, киіз басу
- Мата өңдеу, киім тігу
- Кесте тігу
- Тері өңдеу
- Ою-өрнек өнері
- Ағаш өңдеу
- Металл өңдеу
- Қалдық материалдардан бұйым жасау

Қолөнер бұйымдарын дайындау барысында оқушылардың жұмысына жүргізілген бақылау- іс-әрекеттің түрлі дәрежесімен ерекшеленетін бірнеше топты анықтауға мүмкіндік береді.

**I топ:** Бұлшық еті, қимыл координациясы онша дамымаған оқушыларды жатқызамыз. Бұл оқушылардың қимылдары мен қозғалыстары бөгеліп, жұмыста шиеленісуі және шапшаңдықтың баяуланғаны байқалады. Іс жүзінде олар жұмысты басқа оқушылардан баяу, өте сенімсіз орындайды. Оқушылардың бұл тобына жұмыс амалдарын қайталап көрсету қажет. Бұл топ 3—5 адамнан құралады.

**II топ:** Іс жүзінде тапсырманы орындау кезінде артық, тиімсіз қимылдардың көп мөлшерін жіберетін, жұмысты бәрінен бұрын бітіруге асығатын оқушылар тобын жатқызамыз. Әдетте, бұл топтың бұйымдары сапасыз болады, технологиялық жұмыстарда көптеген қателіктер мен кемшіліктер кездеседі.

**III топ:** Көркем шығармашылық және технологиялық жұмыстарды тез және салыстырмалы түрде жеңіл орындайтын оқушыларды топтастырамыз. Бұл оқушылардың қозғалыстары мен қимылдары сенімділікпен, ұқыптылықпен, тиянақтылықпен ерекшеленеді, орындаған барлық жұмыстары жақсы сапамаен, атқарудың үлкен дәлдігімен айрықшыланады [4].

Сыныптарда оқушылардың мұндай топтарының болуы-білімді қалыптасытыру кезінде шеберлікті, шығармашылықты дамыту үшін дифференциалды көзқарасты керек етеді. Мектеп шеберханаларының құрал-саймандарын, станоктарын және басқа жабдықтарын қолдануда қол қызметінің көркемдік-қолданбалы түрі оқушының сенсорлық-қозғалыс қабілетіне жоғары талап қояды. Қимыл-қозғалыс жұмыс барысында бірден пайда болмайды, сол себепті ең алдымен қолөнермен айналысу техникасы мен орындау технологиясын оқытып, үйрету қажет. Бұйым жасаудың барлық кезеңдерінде оқушылардың орындайтын әрекеттері:

- Алға қойған жұмыстың нақты тапсырмасын ойлау
- Ақырғы нәтижені ой елегінен өткізу, болжап көру
- Түрлі нұсқауларды оқу (эскиз, жоба, сурет, технологиялық карта, т. б)
- Нұсқауларды талдау

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, ғылым жолына жетелеудің алғашқы баспалдағы оларды ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға баулу. Сол себепті қабілетті оқушыларды іріктеу әртүрлі зерттеулер жүргізу арқылы жүзеге асады [5].

Әдебиет:

1. Тәжімұратов Ә.. Шебердің қолы ортақ. Алматы. Қазақстан, 2005.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. Өнер, 2009.
3. Қасиманов С. Қазақ ұлттық қолөнері. Алматы. Рауан, 2012.

4. Большая советская энциклопедия, т. 8, стр. 132
5. Қазақстан шеберлері. — Алматы, 2013.

# Орта мектеп оқушыларын патриотттық рухта тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері

Тауипбаева Айнур Торебековна, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы;
«Болашак» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Нуралиева Меруерт Хамитовна, мұғалім
Шиелі ауданы №219 Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің мұғалімі

Қазіргі заманда еліміздегі болып жатқан саяси-экономикалық, ғылыми -техникалық, мәдени өзгерістерге байланысты жасөспірімдердің тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Сондықтан бүгінгі тәриенің басты мақсаты — дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, мәдениетті, отансүйгіштік сезімі жоғары, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Елбасы биылғы 2015 жылғы жолдауында: «Патриотизм Қазақстандық қоғамның шешуші құндылықтарын бекітетін жаңа құжат — «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленіп, қабылданатын болады» делінген. Сондықтан қазіргі тәрбиенің ең басты ұстанымдары — ол халықтың салт-дәстүрлері, ұлттық өнерді дамытатын ана тілін, дінін қадірлеп ұстанатын, өз Отанын шексіз сүйетін, жан-жақты қалыптасқан азамат тәрбиелеу болып табылады [1].

Ана тілін, туған жерін сүю, ата-ананы, үлкендерді құрметтеу, инабатты, әдепті болу — халқымызға тән асыл қасиеттер. Қазақ халқының ғасырлар бойы даму тарихында тәлім-тәрбие мәселесі әсіресе халықтың ауыз әдебиеті туындыларында жан-жақты қамтылады. Мысалы: «Батырлар жырының» мән-мазмұны өскелең буынды отаншылдықпен елі мен халқын қорғауға баулитын болған.

Патриоттық тәрбиенің күре тамыры Күлтегін елімен туған, жері үшін жан алмасып күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Бөгенбай, Жанқожа, Бұқарбай тағы да басқа батырлар ісінен бастау алады. Сонымен қатар жас ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда қазақ ойшылдары мен ақын-жырауларының мұрасында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері осы күнге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жойған жоқ деп артық айтқандық болмас.

Білім мен жас ұрпаққа тәрбие беру тарихыда түрлі кезеңдерге байланысты патриоттық тәрбие беру мәселесі жан-жақты зерттелген. «Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан: «Отаншылдық, отансүйгіштік, патриотизм, (грек, patris — Отан) — адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезім деген анықтама берілген.

Қазақ халық педагогикасында «Отанды сүю от басынан басталады» деген ұғым бар. Ата-бабаларымыз өз ұрпағына: «Туған жер — алтын бесігім», «Шет жерде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол», «Кіндік қаның тамған жер», «Отан — оттан да ыстық», «Туған жеріңді қасық қаның қалғанша қорға», «Ел намысын аяққа баспа!» деген өсиеттерді айтып отырған. Сонымен қазақ халқы Отанға деген сүйіспеншілік, өз бойындағы күш-жігер, бар білгенін, елінің намысын қорғауды өз ұрпағының барынша парызы етіп ұғындырудан жалықпаған.

«Қазақстадық патриотизм» ұғымы тәуелсіздікке қол жетккізгеннен бері ғылыми айналысқа ене бастағаны белгілі. Қазір елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілдері ынтымақтастық жағдайда өмір сүруде. Әртүрлі ұлт өкілдері Қазақстанды туған отанмыз деп есептеп, мәңгі мекен етіп, еңбек етіп жатыр. Бұл орайда Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев кейінгі жолдауында: «Қазақстан жолы — 2050; Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ... Ұлттық идеямыз — Мәңгілік Ел! Байлығымыз да бақытымыз да болған мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек» — деген [2].

Сондықтан Қазақстан халқы бүгінгі отанымыздың әрбір жетістіктері — «Әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы» болып отыр. Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан патриоттық тәлім — тәрбие дәстүрлерін, әдістер мен құралдарын мысқалдап жинап, оны оқушылар тұлғасын тәрбиелеуде тиімді пайдаланып отыр.

Ұлы Дала тарихына үңілсек ғасырлар бойы халқымыз туған жердің ұлтарақтай жерін жауға бермей, қасық қаны қалғанша қорғаған. Орта ғасырлар ойшылдары (Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи), жыршы — жыраулар, ақындар — Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Махамбет тағы басқа қазақтың ағартушылары (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы т. б) және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылары (А. Байтурсынов, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев т. б) ой-пікірлерінде көрініс тапты. Отансүйгіштік сезім-адамға туа біткен қасиет емес, себебі ол адамның саналы өмірімен, еңбекпен, табиғатпен қатынастары негізінде қалыптасатын, психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім адамды еліне туған жеріне, ана тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, жеке қарым-қатынасын, өзіндік бағасын түсінуін, қуаттап

қолдануын пайымдайтын сезім көрсеткіші. Н. Ә. Назарбаев: Патриотизм «әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бір де бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау» — деп көрсетті [3].

Қазақстандық патриотизм-ерекше құбылыс ретінде қазақ ұлтының тәуелсіздік жолындағы мазмұны жағынан өте күрделі және қиын тарихымен байланысты болды. Қазақстан ғалымдарының, қоғам қайраткерерінің зерттеулерінде «Ұлттық патриотизм», «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары қатар қолданылып келеді. Олардың қолдану аясы қандай деген сұрақтан туындап жүргенін айтып кетуге болады. Олардың әрқайсысының мазмұны, әдіс-тәсілдері, формалары төңірегінде практикалық педагогтар арасында кейбір қиыншылықтар туындап жатады.

Біздің ойымызша, жалпы білім беретін орта мектептің жоғарғы сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, олардың бойында қазақстандық патриотизм және ұлттық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін, жастарды өз халқының тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін, басқа да құндылықтарын өз болмысында еш бұрмаламай білу шарт. Отанын шексіз сүйген, елін жырлаған ақын-жыраулардың, әділ билердің татулыққа, төзімділікке, адамгершілікке, иманды болуға, туған жерін, елін сүюге үндеген өлең жырлары, шешендік сөздері және де Қазақстан галым-педагогтарының еңбектеріндегі патриоттық сезімдерді, жастардың патриоттық рухын биікке көтеретін идеяларының маңызы зор. Патриотизм дегеніміз өз халқын шексіз сүюшілік, барша күш-қуатын Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім.

Р. А. Жаңабаева — «Патриотизм ұғымы азаматтардың қоғамдық өмірдің саяси құрылымына және басқа да компоненттеріне деген идеологиялық қарым-қатынасын білдіреді. Әрбір адам осы бір жоғары да ізгілікті сезімді әртүрлі түсінетіні белгілі: біреулер бұл ұғымды өз отбасы, істеп жүрген жұмысы, туып өскен және мекен ететін жерімен салыстырса, ал екінші біреулер үшін бұл мемлекет, ел, қоғам, қоршаған ортаны бүтасымен қамтитын аса кең мағыналы ұғым. Патриотизм жалпы алғанда, ұлттық мәдениеттің, ал жекелей алып қарағанда сяси мәдениеттің бір бөлігі болып табылады.

Ж. Н. Қалиев: «Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру» атты еңбегінде: «Тұлғаның құндылық бағыты-патриотизм идеясы адамгершілік танымының даму деңгейін сипаттайды, патриоттық ұстанымын айқындайды» — дейді. Ол отансүйгіштік тәрбие берудің адамгешілік танымының алатын орнына құндылық бағдары негізінде сипаттама береді. Автордың бұл ойымен келісе отырып, отансүйгіштік — ол адамгершілік қасиетің жоғары элементі деп санаймыз. Адамгершілігі төмен адам отанын сүймейтін, ол үшін жан аямай қызмет етуге құлқы жоқ деп есептейміз. Отанының дамуына, халқының намысын ойлайтын, туған табиғатын, салт-дәстүрлерін құрметтейтін адамда ғана патриоттық рух биік болады [4].

Қазіргі кездегі ерлік, патриотизм рухы мәселесі бойынша ғалым Р. Б. Әбсаттаров «Қазақстандық патриотизм» ұғымына былайша анықтама берген: «Қазақстандық патриотизм дегеніміз — Қазақстанда өмір сүретін барлық ұлттардың отансүйгіштік сезімі мен бірлігі». Ғалымның пікірінше «Қазақстандық патриотизмнің» еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға және халықтар достығын насихаттаудың маңызы зор деген болатын.

Сонымен жоғары сынып оқушыларын (жас өспірімдер) патриоттық рухта тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың ғылыми-педагогикалық, психологиялық мектептегі іс-тәжрибелерін зерттеп, бақылау нәтижесінде оларды елін, халқын сүюге тәрбиелеудің негізгі бағыттары төмендегідей мәселелерді көздейді:

— патриоттық тәрбие — маңызды мемлекеттік міндет болып табылады. Ол үшін жасөспірімдердің рухани адамгершілік қасиеттерін және азаматтық саналығын қалыптастыра отырып, өз Отанын сүюге, өз қоғамына, мемлекетіне қызмет ете алатындай етіп тәрбиелеу;

— елін жырлаған ақын-жыраулардың, билердің, Республикамыздағы ғалымдардың еңбектерін пайдаланып, батырлардың ерлігін дәріптеп, оқушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау;

— жас өспірімдерді өз Отанын көп ғасырлық тарихын оқыту арқылы оның дүниежүзілік тарихи үрдістегі алатын орнын, ел тәуелсіздігі үшін күрескен азаматтардың арман, мақсатын таныта отырып, өз Отаны алдындағы парызын өтеуге әрқашан дайын болуға тәрбиелеу — білім беру ұйымдарының негізгі міндеттері болып табылады [5].

«Тәрбие тұжырымдамасында» Гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүюі мен құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, поли-тілді, қалыптасқан ұлтты, өзіндік сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс» — деп нақты айқындалған.

Мемлекеттік рәміздер — жас, біржағынан тәуелсіз мемлекетті бейнелесе, екінші жағынан — тарихи дәстүрлердің сабақтастығын куәландырады. Сондықтан әрбір адам үшін қасиетті Отанының мемлекеттік нышандарына деген құрмет пен сүйіспеншілік жасөспірімдерге беріліп отыру қажет. Себебі бүгінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері Қазақстанның көпұлтты халқының бір шаңырақтың астына бірігуінің бастамасы болады.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә, Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.

2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы: Атамұра, 1999.
3. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2014. — 18 ақпан.
4. Джанабаева Р. Патриоттық тәрбиенің жүйелілік сипаты/Абай ат. ҚазҰПТ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. — 2006. П 1
5. Джанабаева Р. Қазақ ақын жыраулары мұраларының патриоттық тәрбиедегі тәлімі // Білім берудегі менеджмент. — 2006, п3.


# Отбасындағы бала еңбегін ұйымдастырудағы негізгі талаптар

Тілепбаева Гүлдана Тілепбайқызы, мұғалім
№82 орта мектеп (Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қазакстан)

Бала тәрбиесі қай уақытта болса да өзекті мәселе болып келе жатыр. Нұр Отан партиясының XIII съезінде ел басымыз президент Н. Ә. Назарбаев «Баланың бас ұстазы ата-ана» дей келе бала тәрбиені ең алдымен ата мен анадан алатынын нұсқады.

Дүниеге келген әрбір перзенттің өмірі, келешегі тәрбие ісіне байланысты, одан сыртқары болуы мүмкін емес.

Баланы дұрыс тәрбиелеуде еңбектің орны ерекше. Белгілі психологтар мен педагогтардың еңбек тәрбиесі және оған ықпал ететін негізгі факторлар туралы айтқан пікірлерін талдай келе, төмендегі мазмұнда кестені бере аламын.

Ерте замандардан бері адамның жеке тұлға болып қалыптасуына еңбектің маңыздылығы белгілі болатын. Еңбектің басқа тәрбие түрлерімен байланысты дұрыс үйретілуі, оның балаға шынайы әсерін арттыра түседі. Еңбек ету барысында баланың бойында ерекше қасиеттер қалыптасады, олар: белсенділік, өз бетінше жұмыс істеуге талпыну, өз көзқарасын қорғау т. б. Ата-аналар баласын еңбеу етуге тәрбиелеуде мыналарға мән беру керек: еңбек ету барысында бір заттың басқа затқа айналуы, ал оған бала тікелей себепші болуы мүмкін. Бұл жиналыс практикалық маңызға ие болып баланың бойында тәрбие қалыптастырады бала еңбек ету барысында күшін қолданып қана қоймай, ақылды да қолданылады. Сондықтан ол қоғамдық пайдалы жұмыс ретінде бағаланады. Еңбек ету барысында балаларды айналасындағылармен тығыз қарым-қатынас, өзін-өзі күту, жан-жағын қорғау сияқты нәрселерге тәрбиелеу маңызды. Еңбек ету, көп қырлы еңбек ету барысында бала шынығады, ақыл-ойы дамиды, іскерлік, дағдылар қалыптасады.

Тәрбиелеушілік маңызында, балаға өз еңбегінің пайда келтіретінін, еңбектен ләззат алуды, оның қажеттілігін үйрету керек. Кіші мектеп жасындағы балаларды еңбекке тәрбиелеу оның жас ерекшелігіне сай жүргізілуі тиіс. Баланың еліктеушілігі үлкен маңызға ие болады. Сонымен бірге әр нәрсені білуге құштарлық, тынымсыз қозғалыс еңбек әрекетін қалыптастыруда көмегін тигізеді. Еңбек ету балаға ойын ойнаған сияқты әсер қалдырады. Оның себебі, еңбектену барысында бала бір нәрседен басқа нәрсе жасап шығарады, өз мүмкіндігінше жоспарлап, құрастырып, әрекет етеді, заттармен адамдармен тығыз қарым-қатынаста болады. Кіші мектеп жасындағы балалар кез-келген жұмысты, үлкендердің тапсырмаларын барлық ынтасымен орындайды, үй жұмысына көмектеседі, бірақ олардың еңбек әрекетінің өзгешелігі, басқаларды өзіне назар аударту. Сондықтан балаларға әр түрлі жұмыстар тапсыру керек, олардың мазмұнын өзгертіп отыру қажет, жетістіктерге қол жеткізу үшін сенімдірек қолдап, мадақтап отырған жөн. Міне, сол себепті де ата-аналар балаларды жай ғана еңбек етуге емес сапалы еңбектенуге, оның пайдасын түсінуге үйреткені дұрыс. Бір нәрседен жетістікке қол жеткізген бала оны тағы қайталағысы келеді. Еңбек етуге үйретудің келесі себептері болады үлгі-өнеге, қызығу және парыз. Кіші мектеп жасындағы бала үшін үлгі мен қызығудың маңызы зор. Ал парыз, ол үлгі мен қызығудан туындайды, бала бойында өзгеше эмоционалдық құбылыс туғызады. Парыз- бала бойында өзін-өзі бақылау, өзі қаламаған жұмыстарды атқару сияқты іс-әрекеттерге жетелеп, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға негіз болады.

Мысалы. Үй жинау, ыдыс жуу, әсіресе өз киімдерін уақытылы күтіп ұстауға, бала назарын аудару- бұл басты міндет. Себебі: келешектегі баланың еңбекпен айналысуы- бұл жанұяда басталады. Үйде еңбекпен айналысудың басты мақсаты, ол баланы еңбекке баулу, келешекке даярлау болып табылады.

Ата-аналар балаларын еңбекке үйреткен кезде оның маңызын «құрал» ретінде пайдаланбауы керек.

Мысалы. «Егер еденді сыпырып, стол үстін тазаласаң ғана, серуендеуге барасың» деп талап қою орынсыз. Бұндай талап қоюлар да арасында керек-ақ. Бірақ үлкендер тәрбиелеу кезінде «жақсы әрекет- сыпайылық», «жаман әрекет —жазалау» деп үнемі біржақты әрекетке бармаған жөн. Бұндай жолмен олар балаларын еңбектен алшақтата түседі, еңбек олар үшін тек қолдану құралға айналады. Кейде үлкендер мақсатындағы: «Мен үдені үйіп төгіп берсем, балалар соғырлұм еңбектенуге құштар болады, сөйтсем еңбексүйгіштік қасиеті дамиды» — дейді. Бірақ бұдан бала басында еңбекке деген қажеттілік қалыптаспайды, бала үшін еңбек өзінің сүйкімділігін жояды, амалсыздан істеу деген маңызға ие болады.

Балаңыздың еңбек ету барысында өзін көрсете білуге, өзінің шеберлігін, шыдамдылығын, жігерін, талапшылдығын көрсетуіне мүмкіндік беріңіз.

Балаңыз күш жұмсайтын, ақыл-ойын қолданатын еңбектен қанағаттану сезімін алатын болса, бұл өте пайдалы болғаны. Еңбек етуден рахаттану, оның қажеттілігін қалыптастырады. Егер балаңыз уақытында тұрғаннан рахаттанатын болса, онда бұрын болмаған басқа талабына жалғастық табуына көмектесуге тырысыңыз.

Көбінесе ата-аналар өз ойымен әрекеттерін баласының қайталағанын талап етіп жатады. Үлкендер өздері қаламайтын істерді балаларына да сондай көзқарастарын жұқтырады.

Мысалы. Ыдыс жуу, аяқ киім тазалау. Бірақ мүмкін балаға ыдыстар қалай су тиісімен жарқырап шыға келетіні қызық шығар. Үлкендер үшін ешқандай қызығы жоқ іске баланың қызығушылығы туындап, «мен өзім істейінші» деген атақты қызығушылығы қалыптасып келе жатқанда, біз оны су сепкендей етіп жатамыз.

Балаларды тым өбектеп еркелетіп жіберу, олардың еңбекке деген талабын жояды. Сондықтан оларға көмектесе отырып, еңбектенуге үйретіңіз. Алдымен әр жерде шашылған ойыншықтарды жинаудан басталған еңбек әрекеті, сөмкені әкелуге апарады. Осылайша еңбек ету өзөзіне қызмет етуден басталады. Жуынуға, сүртінуге, түймелерді тағуға ойыншықтарын жинауға аса төзімділікпен үйрету арқылы, өз бетінше осыларды орындау әдеті қалыптасқанша көмектесуіміз керек. Жасы өскен сайын бұл әрекеттер жиынтығы молая береді. Сонымен қатар ұлыңызға немесе қызыңызға кез-келген үй жұмысты орындау қадірлі іс екені туралы ой қалыптастыруымыз керек. Тұрмыстағы міндеттерін орындауға үйрету арқылы балаға ата-аналар еңбек ету, жақындарын бағуға байланысты әдеттерді қалыптастырамыз.

Баланың үнемі атқаратын міндеті болуы тиіс. Сонда ғана еңбек тәрбиесі маңызға ие болады. Үнемі атқаратын міндеттер жауапкершілікті туғызады. Әрбір адамның міндет бөлінісі бар отбасында еңбексүйгіштікке тәрбиелеу өз жемісін береді. Үй жұмыстарына ер баланы тартуға үлкен мән берген жөн. Үй жұмысына араласу олардың өз бетімен өмір сүруіне дайындығын қалыптастырады. Еңбекке тәрбиелеуде өнегенің маңызы зор. Анасы жұмыстан орала салысымен, барлық уақытын асханада өткізетін, ал әкесі газет оқып немесе теледидар қарайтын отбасында жетістікке жету өте қиын. Еңбексүйгіштік баланың өміріндегі әртүрлі тапсырмаларды шығармашылықпен шешуге қабілетін шыңдайды. Бұл қабілет қалай қалыптасады? Еңбек етуге әдеттену үлкен жігермен орындалады. Балаңыздың «болады», «қажет», «болмайды» деген ұғымдарды ажырата білуге үйрету маңызды. Осы мақсатта оған осы кезде оның қалағанын орындатуға емес, қажет нәрсені орындатуға үйреткеніңіз жөн. Ұлыңызға не қызыңызға шартты тапсырма беріңіз. «Сен өз бөлмеңді жинаған соң барып теледидар көресің» Ата-аналар өз айтқандарын аса төзімділікпен орындатуға тырысқаны жөн, сонда ғана бала алдымен «қажетті» жасайды, содан соң «қалағанын» орындайтын болады. «Болмайды» деген сөзге үйрету арқылы, олардың өз бетімен кетуін, қалағанын орындауын шектейміз, яғни өзін-өзі ұстауға, өзін-өзі бақылауға үйретеміз, бұл жеке тұлғаның жігер, қасиетін қалыптастыруда үлкен маңызға ие болады.

Сонымен еңбек сүйгіштік- еңбекке дұрыс қатынас. Бұл ұйымдастырушылыққа тәрбиелеуде бір-бірімен байланысты. Бала кезден бастап баланы жоспарлауға жинақы, бірқалыпты еңбектенуге үйрету керек.

Ата-аналар кейде бала ыдыс-аяқты жуу, ойыншықты жинау т. б жұмыстарын орындауды қай жастан бастағаны жөн деп күдіктенеді. Бір жақты жауап жоқ. Ол балаңыздың қабілеті мен қызығушылығына байланысты. Баланың үлкендердің ескертуінсіз-ақ міндетерін орындауға қалыптасуы- жетістік. Әрине, сол баланың әлі келетіндей болғаны дұрыс.

Сондай-ақ баланы еңбекке тәрбиелеуде отбасының негізгі қағидалары:

— өзін-өзі қызмет ету арқылы еңбекке үйрету;

— өзіне-өзі қызметтен бірте-бірте басқа да еңбекке ауысу;

— міндеттерді бірте- бірте көбейту, оларды күрделендіріп отыру;

— тапсырылған жұмыстың сапасының дұрыс, әрі уақытында орындалуын бақылауда ұстау;

— еңбек әрекетін орындауда қалай жасау керектігін үйрету;

— — тапсырылған жұмысты орындаудың маңыздылығына баланың сенімін қалыптастыру;

— — балаға жұмысты тапсырғанда оның ерекшелігін, баланың сол жұмысқа икемділігін ескеріп отыру;

— жақсы орындалған жұмыстарды, өз бетінше жасалған баланың талабын мадақтап отыру;

— кіші мектеп жасындағы бала үшін еңбек пен демалысты, сондай-ақ әр түрлі жұмыс түрлерін кезектестіріп отыру.

Қорыта келгенде ата-ана балаларға көмектесіп, үйретіп отыруы керек.

Әдебиет:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті», №8, 2007ж., 19-бет.
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2003ж., 73-бет.
3. Білім жетілдіру институтының материалдары.

# Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу

Төлегенова Айнур Бимырзақызы, мұғалім
Арал ауданы, Қаратерең елді мекені, №82 орта мектеп

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз.

Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек.

«Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар түсы халықтың өзінде, ата —баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [1].

Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы жолбасшы керек.

Ғалымның ісі — ғалымдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті — ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу.

Педагогтың міндеті — ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру [2].

Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру — ұстаз алдындағы үлкен міндет.

Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы.

Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы.Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім- болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз.

*Ұлттық құндылықтар дегеніміз не?* Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материялдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі —тілі, екіншісі —діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі —тарихы, бесінші-атамекені.

Құндылықтар —шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж. Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі — өзім, екіншісі — халқым» — дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материялдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Қазақ халқы баланыжамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратынқұлықты болуын, сұлу сөз сиқырлы ұн. әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, һәм байсалды, ойламдышымыр болып өсуінұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған.

Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: — Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынанимандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз деген болатын-деген болатын. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құрдылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

— белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

— индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

— өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;

— шыдамдылық: әр түрлі пікірлкрді қабылдай алу, бірбірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

— оқушылдардың сана-сезімін қалыптастыру;

— жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

— ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

— жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

— сыныптағы тәрбие сағаттары;

— баспасөз және қабырға газеттері;

— бұқаралық ақпарат құралдары;

— тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т. б.)

— кітап оқу;

— мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;

— шығармашылық жобалар қорғау;

— қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;

— саяхат жасау;

— үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салтдәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т. б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту — өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат — ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру.

Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Ягни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарыд қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық қкндылық қазақ патриотизм ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші.

Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамидарды сүйе білу қажетілі болып табылады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Әдебиет:

1. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
2. Бастауыш мектеп журналы/республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/№ 7, 2007.
3. Бастауыш мектеп журналы/республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/№ 5, 2002.
4. Сынып жетекшінің анықтамалығы/№ 1 (01) 2009.
5. Әдеп жіне жантану/хрестоматия/Атамұра Алматы, 1996.

# ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА И СПОРТ

## Дене тәрбиесі сабағында сөзді қолдану әдісі

Есіркепов Жандос Мергенбайұлы[1], педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Зулпыхаров Хайролла Шариатуллаұлы[2], мұғалім
[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан);
[2] «Қаражон» шағын жинақталған мектебі (Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Қаражон ауылы, Қазақстан)

Дене тәрбиесі мұғалімі дене тәрбиесі сабағында сөз әдісін қолданбай сабақты жүргізуі мүмкін емес.

Оқу үдерісі сөзді қолданудан, оқушылар алдында міндеттер қоюдан басталады. Сөз арқылы мұғалім өз қызметі мен оқушылардың қызметін, сыныпқа жетекшілік етуді, білімді қалыптастырыды, оқушыларға оқу тапсырмасын берді, орлардың орындалуын бағалайды.

Дене тәрбиесі мұғалімі оқу жұмысында сан алуан сөз тәсілдері мен түрлерін пайдаланады.

**Дидактикалық әңгіме.** Бастауыш сыныптарда балаларды қимыл-әрекеттердің жаңа түрлерімен жаңа ойындармен таныстыруда кеңінен қолданылады. Бастауыш сыныптарда сабақты дене жаттығуымен қимыл-қозғалыстармен дидактикалық әңгімелер түрінде жүргізген тиімді өтеді. Бұл әрекеттер сюжетті әңгімеге біріктіріліп, балалар оны қимыл әрекеттермен көрсетеді.

Мұндай дидактикалық әңгімелер-туристік жорықтарға, аймақ территориясына серуендегенде, экскурссияларда, тауға және өзен жағасына саяхатқа шыққанда жақсы нәтиже береді.

Бұл әңгімелер сан алуан жакттығуларды, мысалы: сапқа тұру жүру және жүгіру, таяз суды кешу, бөрененің үстімен жүру, бұлақтан өту тастан-тасқа секіру, таяқша, тас, бүрлер және доптарды нысанаға лақтыру, бөренеге өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға мініп, төмен түсу, бөрене, қбырғадан асып түсу және қыздырыну түріндегі жаттығулар кешенін реттілікпен орындауға негіз болады.

Осы жаттығулардың барлығын ойын және жарыс түрінде өткізеді.

Мұғалімнің сабақ барысында сөйлеу мәдениетінің маңызы зор. Сөздің эмоциялық сипатын өзгерте білу- қуанышты, екпінмен, толқып, құпия, дауысты күшейтіп және бәсеңдетіп бейнелік өрнектер орынды нақылдар қанатты сөздер және мақал-мәтелдермен сөзді түрлендіру оқушының сабаққа деген ынтасы мен ықыласын арттырады [1]. Бастауыш сынып оқушыларына мұғалім ойын мазмұнын түсіндіруде сөз ырғағын жеделдетіп асығыстыққа көшпеуі тиіс, сөздің аяғы жұтылмауы керек дауысты жуаннан бәсеңдетуге ауыстыру қимыл мағынасына сай болуы керек. Мұндай бейнелі баяндау оқушылардың қызығушылығын тудырады.

**Әңгіме.** Барлық сыныптарда қолданылады. Әңгіме кіріспе, негізгі жәнеқайталау немесе белімді бекіту кезіндегі болып бірнеше түрге бөлінеді.

Ұйымдастырушылық немесе кіріспе бөлімдегі әңгіме оқу жылы, оқу тоқсаны, сабақтың жаңа циклі алдында өткізіледі. Мұғалім оқушыларғасабақ өткізу тәртібі, мінез-құлық ерекшеліктері, спарт киімдері құрал-жабдықтары туралы ережелерді әңгімелейді.

4-сынып оқушыларына I тоқсанның бірінші сабағында өткізілетін кіріспе әңгімеге мысал келтірсек:

4-сыныпта жүгіру, секіру, лақтыру кедергілерден өтуді жалғастырамыз, жаңа қозғалыс ойындарды гимнастикалық жаттығуларды орындауды және арқанмен өрмелеуді үйренеміз.

Көп жаттығулар бізге таныс, бірақ 4-сыныпта жоғары секіруге, жылдам жүгіруге, допты алысқа лақтыруға дағдыны қалыптастырамыз. Ол үшін ептілік, күш, шыдамдылық, шапшаңдық дене қабілеттерін дамыту қажет. Сондықтан әрбір жаттығуды бірнеше рет қайталау керек.

Жақында бастауыш сыныптар арасында сыныпаралық жарыс өткізіледі, сол жарысқа дайындалуымыз керек. Сіздер сапта түзу жүріп, бұрылуларды дұрыс орындап, мәліметті қатесіз тапсырып, 1—3 сыныптарға үлгі болуларың керек. Бұл жаттығуларды сабақ барысында үйренеміз. Алғашқы оң сабақты спорт алаңында өткіземіз. Онда біз жүгіру, екпін алып ұзындыққа секіру және допты алысқа лақтыруды, үйде орындайтын теңертеңгілік гимнастика жаттығулар кешенің үйретуді жетілдіреміз. Осы жаттығуларды дұрыс орындаған оқушыларға баға қойылады.

Кіріспе бөлімде этика-эстетикалық бағыттағы тақырыптардың тәрбиелік маңызы зор. Әңгіме белгілі мақсатқа бағытталған, қысқа әрі нұсқа тақырыбы қызықты болуы тиіс. Мұғалім оқушылардың пікірін тыңдай отырып, мәдениетті түрле қателіктерге дер кезінде түзетулер енгізіп, сабақты сенімді қорытындылауы керек.

Мұғалім топпен іскерлік қарым-қатынас орната алса, әңгіме өте табысты өтеді. Бұл жағдайда оқушылар,

сұрақтарға ынтамен жауап береді. Атақты спортшылар өмірінен қызықты мысалдар, жарыстардағы эпизодтарды еске түсіріп, оқушылардың қызығушылығын тудыратын сөздер табу керек.

Негізгі бөлімде жаңа жаттығуларды таныстыру мақсатында әңгіме оқушының бұрын алған білімдері, тәжірибе негізінде жүргізіледі. Мұғалім өткен оқу материалдарымен жаңа сабақты байланыстырып, сұрақтарды ойластырады және оқушыларға алдағы міндетті сезінуге мүмкіндік береді.

Қайталау немесе білімді бекітуге арналған әңгіме жеке оқушы немесе бүкіл топтан жаппай сұрау түрінде жүргізіледі.

**Нұсқау беру.** Ұсынылатын жаттығу, тапсырма мәнін ойын ережелерін сөзбен түсіндіруде қолданылады. Мұғалім жаттығуды атайды, оның ерекшеліктерін ашады және оның орындау техникасын көрнекті түрде көрсетеді, мысалы, серпілу алдында аяқ жартылай бүгіледі, аяқты тез жазу қатты серпілуді қамтамасыз етеді т. б.

Түсіндіру реттілікпен болуы тиіс. Алдымен үйретілетін қимыл техникасының басты элементтеріне назар аударылады. Егер ол күрделі болса, оны бөліп көрсетіп түсіндірген жөн (бөлшектеп көрсету әдісі). Түсіндіру қысқа, дәл, барлық жастағы оқушыларға түсінікті болуы тиіс.

Бастауыш сыныптарды түсіндіру бейнелі және нақтылықпен ерекшеленуі тиіс.

Түсіндіру барынша түсінікті және жеткілікті болу үшін көрнекілік құралдар мен практикалық көрсету мен толықтиыру ұсынылады.

Түсіндіруде осы бөлімге тән спорт атаулары кеңінен пайдаланылады (жеңіл атлетика, гимнастика, күрес т. б.). Спорттық атауларды қолданутүсіндіруді одан әрі қысқартады.

**Түсініктемелер.** Озат оқушы орындаған жаттығуларға қысқа түсініктемелер мен ескертулер жасау немесе қабылдауды тереңдету және бағыттау мақсатында көрнекі құралдарды көрсету.

Жалпы дамыту жаттығуларын орындағанда қысқа ескертулер (1—2 сөз түрінде) кеңінен қолданылады.

Ескерту барлық оқушыларға немесе бір оқушыға жасалуы мүмкін.

**Нұсқаулар.** Егер жаттығу орындау барысында оқушылар қателіктер жіберсе, мұғалім жаттығуды тоқтатып, тиісті түзетулер енгізіп, жаттығуды орындау техникасын қысқа және анық көрсету керек.

Нұсқаулар бастауыш сыныптарда жиі қолданылады. Ал, жоғары сыныптарда, жаттығу барысындағы қатенің себептерін анықтап, оқушыларға оны өз бетімен түзетуге дағдыландырған жөн.

Нұсқаулар алдын-ала нұсқау беру, міндеттер қою, тапсырманы нақтылау мақсатында пайдаланылады. Нұсқаулар түрі жағынан қысқа, дәл, түсінікті, сонымен бірге сенімділік тудыратындай болуы тиіс.

Бұйрық пен пәрмен беру ауызша ықпал етудің өзіндік түрі. Олар ерекше қысқа және өте түсінікті болуымен ерекшеленеді, оқущылар қызметін оперативті басқарудың негізгі құралы болып табылады.

Пәрмен беру дегеніміз — мұғалімнің сабақта сөзбен нұсқауы, оның белгілі түрі жоқ. Пәрмендер барлық сыныптарда негізінен бастауыш сыныпта көп қолданылады, ал бірінші сыныптың бірінші тоқсанында балаларды жаттығулар орындауға біртіндеп дайындаудың негізгі құралы болып табылады [2].

Пәрмен қандай болмасын қимыл-әрекет, жаттығулар орындауға («саптал», «оң-ға», «сол-ға», «ай-нал» т. б.) сабақ өткізетін орынға құрал-жабдықтарды дайындау, жинау т. с. с беріледі.

Тәжірибелі мұғалімдер пәрменді балалардың жас ерекшеліктеріне қарай қысқа және анық береді. Мысалы: «кезекші доптарды тарат», «бірінші топ орында», «екінші топ оң-ға» т. б.

Бұйрық берудің белгілі нысаны, белгіленген тәртібі және накты мазмұны бар. Бұйрық — оқушыларды қандай болмасын әрекетті тез, сөзсіз орындауға немесе тоқтатуға итермелеудің сөз әсерінің ерекше түрі.

Мұғалімнің нұсқауды, пәрменді қалай беретініне, санауды қалай жүргізетініне қарай, оның кәсіби дайындығына тұжырымды қатесіз жасауға болады.

«Алға адымда!», «Топ тік тұр!», «Тоқта!», «Жаттығуды баста!» т. с. с. бұйрықты жас мұғалім де бере алады. Мәселе, пәрменді (бұйрықты) айту мәнері, сендіру, талап ету, анықтық, өктемдік т. б.) қалай беруінде. Мұғалімнің бұйрық беру кезіндегі тұрысынын да маңызы зор.

Тәжірибелі мұғалім сапқа тұру талаптарын өте жақсы біледі. Оның бұйрықтары әрдайым аса дәлдікпен ерекшеленеді, ол ешқашан бұйрық беруде де, өзінің тұрысында да ол қылыққа жол бермейді. Егер топ шағын болып, сабақтар залда жүргізілсе, ол бұйрықты қатты дауыстап бермейді. Ол әрдайым алдын алу және орындай командалары арасында үзіліс жасайды және топтың дайындығы мен келесі қимылдардың күрделілігін есепке алып қатесіз үзіліс жасайды. Мұндай мұғалімнің бұйрығы, оқушылардың қимыл-әрекеттерді дұрыс орындауына әсер етеді. Мұндай бұйрық өктем беріледі.

**Сөзбен бағалау.** Қол жеткен жетістіктер дәрежесін ғана емес, тапсырма орындау барысында әрекеттерді бағалауға қолданытатын аса маңызды оқыту тәсілі. Сөзбен бағалау («жақсы», «нашар», «өте жақсы» т. б.) оқушы назарын тапсырманың сапалы орындалуына бағыттайды және қимыл-әрекет ағымындағы түзету құралы (әдісі) болып табылады.

Тапсырма орындағаннан кейін оқушы нұсқауды күтеді. Мұғалімнің шеберлігі — жаттығудың қалай істелгенін тез әрі дұрыс анықтау, қателерді табу және оларды түзету жолдарын көрсету болып табылады.

**Сөзбен есеп беру және өзара түсіндіру.** Негізінен жоғары сыныптарда қолданылады. Оқушы мұғалімнің нұсқауымен немесе өз бастамасымен алынған тапсырма, орындалған жаттығуды өз түсінігімен дәлірек тұжырымдауға тырысады. Мұғалім ақпарат дәлдігі негізінде осы кезеңдегі өз әрекеттерінің тиімділігі жайлы айтуға қосымша мүмкіндік алады.

Оқушыларға құрбысының қателерін ескерту ғана емес, оған кеңестер беріп, түсіндіруге тапсырма беру де пайдалы. Бұл сөзсіз, білім, дағды және шеберліктің қалыптасу процесін тереңдетеді, оқушыларға дене жаттығуларымен белсенді шұғылдануға, өздігінше білімді тереңдетуге үйретудің қазіргі талаптарына жауап береді.

Әдебиет:

1. Әбілдаев Х. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі // Оқу құралы. — Алматы, 2004. — 215 б.
2. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері // Оқу құралы. — Өскемен, 2001. — 66 б.

# ФИЛОЛОГИЯ

## Ағылшын тіліндегі фитокомпонентті тұрақты тіркестердің ұлттық-мәдени коннотациясы

Алибекова Айгуль Орынтаевна, магистр, аға оқытушы;
Қадырова Гүлнұр Мақсатханқызы, магистр, аға оқытушы;
Ержанова Айжан Садыковна, магистр, оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Ағылшын тілінде жер өңдеу ісі мен түрлі жидектердің атауларымен байланысты ботаникалық компоненттер кеңінен қолданылады, мысалы: throw straws against the wind-сәтсіз қадам жасау; make hay-мүмкіндікті сәтті пайдалану, қолын жылы суға малу; a grain of wheat in a bushel of chaff-қажырлы еңбектен кейінгі болмашы нәтиже; make a long harvest about a little corn-айдағаны бес ешкі ысқырығы жер жарар; the whole tree or not a cherry on it- бар не жоқ қылу; get the huckleberry-күлкілі жағдайда қалу; give somebody the raspberry-біреуге жайбарақаттылық таныту. Бұндай компоненттер ағылшын халқының этномәдениеті мен тарихи жағдайын көрсетеді.

Ұлттық-мәдени коннотация (лат. connotatio, connoto) бірқатар еңбектерде экстралингвистикалық факторлармен байланысты жүретін кең ұғым ретінде танылады. Лингвистикалық тұрғыда бұның бәрі тарихи, тұрмыстық, эмоционалды-экспрессивті- бағалауыштық белгілер, олар фразеологиялық бірліктердің семантикасында ұлттың өзін тануы мен рухани дүниесін білдіріп, коннотативтік семаларда көрініс табады.

Мәдени-ұлттық коннотация фразеологиялық бірліктердің барлығында бар, тарихи, мәдени, этнографиялық, тұрмыстық және халықтың рухани өмірімен (әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, сенімдер) байланысты фразеологизмдер сияқты ұлттық-мәдени ақпараттардың мағына деңгеңі әртүрлі болса да коннотация міндетті түрде көрінеді. Олардың белгілі бір тілдік қауым мүшелерінің мәдениеттанымдық, ұлттық және халықтық поэтикалық дүниетанымында негізі қаланады. [1]

Л. В. Мельниковтың пікірі бойынша, фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени коннотациясы алдымен ұлттық символдар, терең ұлттық-мәдени аялық лексемалар сияқты мәдени реңктегі компоненттерге негізделген. Бұндай лексемалардың қатарына ботаникалық компоненттер де жатады.

В. Крупаның пайымдауынша, фразеологияда ең жиі қолданылатын ағаш (tree) образы ең алдымен өзінің әлемдік мәдени маңыздылығымен байланысты. Көптеген мәдениеттердің мифологиялық жүйелерінде ағаш әмбебап концептуалды модель ретінде қолданылады.

Ағылшын фразеологиялық бірліктері құрамында tree фитокомпоненті сирек болса да ұшырасады: you can not judge a tree by its bark-адам аласы ішінде, мал аласы сыртында; as the tree, so the fruit- алма алма ағашынан алыс түспейді; flourish like a bay tree — гүлдену, shake the pagoda-tree —тез байып кету, the tree of life- өмір тірегі; shake the tree when the fruit is ripe- темірді қызғанында соқ; the tree is known by its fruit-адамды ісінен, ағашты жемісінен таниды; [2]

Фразеологизмдердің арасында ең белсенді қолданылатын ботанизмді лексемалар емен (oak) ағашымен байланысты.

Емен- ежелгі германдықтар үшін қасиетті ағаш, сондықтан осы ағаштың атауының құрамы көркем бейнелі коннотацияларға ие. Ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де емен мықтылықты, қуаттылықты, кейде батылдықты бейнелейді, мысалы, every oak has been an acorn, little strokes fell great oaks, a heart of oak; Айта кетерлік жағдай, емен (oak) фитокомпоненті бар фразеологиялық бірліктер дәстүрлі жағымды символиканы білдіріп қана қоймайды, сондай-ақ жағымсыз коннотацияны да білдіреді, бұған an oak may fall when reeds stand the storm (oak фитокомпоненті иілгіш, сынғыш, жасық мағынасында қолданылады). Қазақ тілінде еменге қатысты емендей мықты, емендей ерегесу, емендей қату, кәрі емендей құлау, қара емендей қасқию сияқты тіркестер бар.

Ағылшын тілінде бұта (bush) компонентті фразеологиялық бірліктер де көптеп кездеседі. Бұта- аң-құстардың табиғи панасы, сондықтан бұл тілде бұта образы артында қауіп-қатері бар жұмбақ, жасырын, бұлыңғыр нәрселермен ассоциацияланады, мысалы, beat the bushes for smb-барлық жерден шарлап іздеу; he thinks every bush is boggard- қорыққанға қос көрінер; he that feareth every bush must never go a- birding- шегірткеден қорыққан егін

екпес; ағылшын тіліндегі to beat around the bush (уақытты босқа кетіру, айналсоқтап жүру) тіркесі де ұлттық-мәдени реңкке ие. [3]

Ағылшын фразеологиялық бірліктері гүл компонентімен де өте жиі кездеседі. Британ мәдени дәстүрінде, әсіресе, раушан гүлінің орны айрықша. Longman Dictionary of Language and Culture түсіндірме сөздігінде британдықтардың ұғымынша раушан- нағыз ағылшын гүлі деп көрсетілген.

Раушан- Англияның ұлттық символы, осыдан келіп елдің ботаникалық атауы The Land of Rose — Раушан гүлінің отаны деп аталады. Осындай ботаникалық атауға XV ғасырдағы Ұлыбританияның тарихында ұзақ жылдарға созылған The War of the Roses (Қызыл және ақ раушан гүлдер соғысы) шайқасы да ие болды (қызыл және ақ раушандар жауласушы Ланкастерлер мен Иорктердің символдары).

Тарихтан Англияның бірнеше ғасыр Рим Империясының қол астында болғаны мәлім, сондықтан Ежелгі Рим салт-дәстүрлері ағылшын тілінде де өз іздерін қалдырды. Ежелгі Римде раушан гүлі салтанаттың, бекзаттылықтың, бақытты да қамсыз өмірдің символы болған. Осы фактілер ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктерден де көрініс тапқан: path strewn with roses- раушан гүлі төселген жол; life is not bed of roses- өмірдің де өз қиындығы бар; gather life's roses-өмірдің ләззатына бөлену; not all roses- барлық нәрсе оңай емес;

Ағылшын тіліндегі раушан гүлді фитонимдік тіркестерін әйел сұлулығымен салыстыра суреттеу тән: a rose between two thorns, milk and roses, with roses in one's cheeks, as faif as a rose, rose-bud lips т. б. Әсіресе ашылмаған раушан гүлінің қауызымен өрімдей жас қыздар суреттеледі. Қазақ халқының мәдени дәстүрінде де раушан гүлі болмаса да сұлулықты, жастықты гүлмен бейнелейді: гүл өссе жердің көркі, қыз өссе елдің көркі; үкісіз қыз болмас, тікенсіз гүл болмас; қырдың қызыл гүліндей, жауқазындай жайқалу, қызғалдақтай үлбіреу;

Ағылшын тіліндегі гүлмен байланысты өте жиі қолданылатын тіркестердің қатарына лалагүлді (lily) жатқызуға болады. Лалагүл тазалық пен пәктіктің символы болғандықтан (as pure as a lily) одан ұлттық мәдениеттің ізі байқалады. Осылай бола тұра лалагүл тіркесті lily-liver фразеологиялық бірлігі қорқақтықты, әлсіздікті, жасықтықты білдіреді. Бұның астарында лалагүлдің ақ қауызы жатыр, өйткені ағылшын халқының ұғымынша ақ түс- адам ағзасындағы бауырда өттің жетіспеушілігін білдіреді және осыған орай ол күш-жігердің сарқылғандығын, еңсенің түсуін, енжарлықты бейнелейді. [4]

Келесі бір белсенді қолданылатын фразеологиялық фитокомпонент- шөп (grass). Қазақ тілінде шөппен байланысты жел тұрмаса шөптің басы қозғалмайды, бір қозы туылса бір уыс шөп артық шығады, шөп те басынан құрайды, шөптің басы айыр туады, жүрген жерінде шөп шықпайды, сәуір туса күн күркірер, күн күркіресе шөп дүркірер, шөбі жоқ деп жерден түңілме, мал бітпес деп ерден түңілме, жабайы шөп егінді аздырар, еріншектік ерді аздырар, т. б. мақал-мәтелдер мен тіркестер халықтың тұрмыс-салтынан, дүниетанымынан хабар береді. Ағылшын тілінде hear the grass grow-сыбдыр еткенді есту; let the grass grow under one's feet- уақытты текке өткізбеу; to look for the grass on the top of the tree-пайдасыз іспен айналысу; the grass roots- қоғамдағы қарапайым адамдар деген тіркестер болса, қазақ тіліндегі теріс коннотацияны білдіретін арам шөптей қырқу, күзгі шөптей, қуарған шөптей, қырыққан шөпше сылқ ету, солған шөптей кілбию, шапқан шөптей отау, шөпше шабу деген тіркестер кеңінен қолданылады.

Ағылшын тілінде өрімдей жас, өмірлік тәжірибесі жоқ жасөспірімдерді көк шөпке теңейді: between grass and hay —жастық шақта, as green as grass-көктей жас т. б. Сондай-ақ grass компоненті жайбарақат, қамсыз өмірді, демалысты да бейнелейді: send somebody to grass-біреуді демалысқа жіберу; run at a grass- демалыста болу, жұмыссыз отыру;

Ағылшын тілінде жемісті білдіріп, фразеологиялық бірлік құрайтындардың қатарына apple лексемасын жатқызуға болады. Алма қазақ тілінде фразеологиялық бірлік тудыруға аса көп қолданыла қоймайды, сондықтан екі тілде ұқсас жайттар жоқтың қасы. Ағылшын тілінде шіріген алма сырты бүтін, іші түтін адамды бейнелейді: the rotten apple injures its neighbours- бір құмалақ бір қарын майды шірітер; a bad apple- нашар адам; there is small choice in rotten apples- апама жездем сай;

Сондай-ақ Библияда алманы алдамшы жетістікпен ассоциациялау ағылшын дүниетанымына тән. Кітапта Өлі теңіздің жағалауындағы Содом қаласында жалт-жұлт еткен алмалар өсетіні, бірақ олардың адам қолы тиісімен түтін мен күлге айналатыны айтылған. Библиямен байланысты тұрақты тіркестердің қатарында the apple of Sodom- алдамшы табыс, dead sea apple-алдамшы жеміс бар. [5]

Жаңғак (nut) фитокомпоненті әмбебап әрі ұлттық мазмұнға бай кең қолданылатын фразеологиялық бірліктердің бірі. Жаңғақтың қабығын аршып, өзегіне жету өмірдің қиындықтары мен ауыртпалықтарын бейнелейді: a hard nut to crack- шағылмайтын (қатты) жаңғақ; he that will eat the kernel must crack the nut- бейнет түбі зейнет; сондай-ақ жаңғақ түкке тұрғысыз деген теріс коннотацияға да ие.

Ағылшын тіліндегі орман (wood) фитокомпоненті де назар аударуға тұрарлық. Орман жабайы аңдардың мекені болғандықтан адамдарға айтарлықтай қауіп-қатер әкелетіні сөзсіз. Міне, осы жағдай ағылшын тұрақты тіркестері семантикасында көрініс таба білген: do not halloo till you are out of wood (сөзбе-сөз орманнан шықпай жатып асыр салма) асатпай жатып құлдық деме; out of wood- қауіп-қатерден тыс, to get out of the wood- қиындықтан сытылып шығу;

Осылайша фитокомпонентті тұрақты тіркестер бір жағынан ұлттық ерекшеліктерге ие болса, екінші жағынан сол тілдік қауым мүшелерінің бейнелік — ассоциациялық дүниетанымы мен өзіндік рухани және материалдық мәдениетін көрсетеді.

Әдебиет:

1. Алефиренко Н. Ф. Фразеология и культура // Язык и культура: Тез. Второй международ. конф. — Часть 1. — К., 1993.
2. Алехина А. Семантические группы во фразеологии современного английского языка. — Минск: «Вышэйшая школа», 1978.
3. Арсентьева Е. Ф. Сопоставительный анализ фразеологических единиц (на материале фразеологических единиц, семантически ориентированных на человека, в английском и русском языке). — Казань: Изд-во Казанского университета, 1986.
4. Артемова А. Ф. Прозвища в английском языке // Иностранные языки в школе. — 1981. — №6.
5. Воркачев С. Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Филологические науки. — 2001. — №1.
6. Телия В. Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке. — М.: Наука, 1988.
7. Krupa V. The Tree as a Cognitive Model in Speech and Literature // Asian and African Studies. — 1998. — V. 7. — №1.

# Дебатная технология на уроках русской литературы

Досмаханова Райкуль Амандыковна[1], кандидат филологических наук;
Ажиев Канат Омирзакович[1], кандидат филологических наук, старший преподаватель;
Файзуллаева Айдана Хамитбековна[2], учительница
[1]Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата (г. Кызылорда, Казахстан);
[2]Средняя школа №27 (Кармакшинский район, Кызылординской области, Казахстан)

В настоящее время литература, как никакой другой предмет общеобразовательной программы нуждается в новых формах организации учебных занятий. Сегодня учитель литературы стоит перед сложной задачей: как обучить не читающее поколение в век обесценивания слова, потока информации через СМИ и интернет. Известно, что в выпускном XI классе предмет «литература» перестал быть обязательным экзаменом при итоговой аттестации школьников за курс средней школы, что значительно снизило интерес к данной дисциплине у большей части учащихся. Следует отметить, что количество учащихся, выбирающих русскую литературу как четвертую дисциплину, в последний год резко уменьшилось. Ситуация усугубляется общим снижением общественного интереса к чтению художественной литературы. Известно, что литература — вид искусства и форма общественного сознания. В связи с этим при анализе художественного произведения обучающийся является одновременно читателем, реципиентом и испытывает воздействие искусства слова. Понятно, что плодотворная работа на занятии по литературе предполагает теперь не только знание текста произведений и умение анализировать его, но и навыки сопоставления различных точек зрения на это произведение, выяснение которых логичнее всего проводить в форме дискуссий, диспута. Организовать дискуссию на литературную тему, научить обучающегося следить за содержанием своей речи и ее правильностью и в то же время слышать собеседника, тактично и доказательно отстаивать свое мнение — сложная задача.

Более приемлемым видом организации диспута на занятии по литературе, на наш взгляд, являются «Дебаты». Рассматриваемая нами проблема диалогизации современного образовательного процесса имеет философские и психолого-педагогические предпосылки в исследованиях М. Бубера, М. Бахтина, В. Библера, Ф. Розенцвейга, Д. Бома и других ученых. Так, М. Бахтин полагает, что доминирующим началом человеческого существования является межличностная коммуникация, то есть «быть — значит общаться» [1, с. 312]. Понимание познания как непрекращающегося диалога человека (человечества) с природой, социумом, самим собой неизбежно ведет к необходимости иного осмысления образовательного процесса образования и осознания его коммуникативных связей и специфики учебного диалога. Практика подтверждает эффективность использования дебатов на занятиях по русской литературе и позволяет дать определение учебным дебатам как метода обучения и средству диалогизации образовательного процесса. Дебаты (в педагогическом аспекте) — это жанр проблемного обучения, направленный, прежде всего, на формирование у учащихся опыта самостоятельного поиска новых знаний, их применения в новых условиях, на формирование опыта творческой деятельности в сочетании с выработкой ценностных ориентаций.

Дебаты как технология развивающего обучения эффективна на занятиях по русской литературе. Одной из актуальных проблем общества является в настоящее время

проблема эмоционального общения людей. Человек может сотрудничать с другими людьми, достичь жизненного успеха, быть счастливым только тогда, когда он обладает развитой коммуникативной культурой или системой знаний, норм и образцов поведения, принятых в обществе, в котором живет и реализует их в деловом общении. В этом смысле дебаты представляют собой «прения, формализованное обсуждение, построенное на основе заранее фиксированных выступлений участников-представителей двух противостоящих, соперничающих команд (групп)» [2, с. 158]. Наибольшие возможности методики дебатов связаны с использованием их как элемента занятия: в процессе актуализации знаний, систематизации и закрепления материала, обеспечения «обратной связи» или организации самостоятельной работы обучающихся. Использование дебатов как формы занятия требуют большой предварительной подготовки и включение всех обучающихся в ходе занятия.

В методической литературе [3] выделяют несколько видов дебатов. Так, классические дебаты — это формат дебатов, в которых участвуют шесть человек и тайм-спикер. Остальные — либо жюри, либо слушатели, либо судьи. В данном случае дебаты выступают как форма занятия. Такому занятию предшествует определенная подготовка. Всех обучающихся перед игрой следует ознакомить с правилами. Минимум шесть человек (или вся аудитория) получают опережающие задания — подготовиться к дебатам. Перед занятием определяются спикеры. Организация «модифицированных» дебатов допускает некоторые изменения правил, например, можно увеличить или уменьшить количество игроков в командах; допустимы вопросы аудитории; организуются группы поддержки, к которым команды могут обращаться во время тайм-аутов; создается «группа экспертов», которая выполняет функции судейства. Такие дебаты чаще всего выступают как элемент занятия или форма проверки знаний обучающихся. Разновидностью модифицированных дебатов можно считать «экспресс — дебаты». В таких дебатах подготовка сведена к минимуму. Подготовка осуществляется непосредственно на занятии по материалу учебника или лекции преподавателя. Этот тип использования формата дебатов можно рассматривать как элемент «обратной связи», закрепление учебного материала или форма активизации познавательной деятельности.

Дебатную технологию на уроках словесности целесообразно использовать с учетом специфики литературы как вида искусства и формы общественного сознания. Так, эксперт международной программы «Дебаты» С.А. Василевская выделяет несколько форм дебатов на уроках русской литературы: текстовые дебаты, дебаты на основе литературоведческого анализа, литературно-критические дебаты, проблемные дебаты, скоростные дебаты. «Т е к - стовые дебаты» рекомендуются на ранних этапах обучения игре, для учеников среднего звена или для учащихся, не владеющих, в достаточной мере, русским языком (учеников казахских школ) и не имеющих навыков чтения русской литературы, а также в качестве формы контроля преподавателем качества чтения обучающихся. Аудитория делится на две группы. Каждая половина должна отстоять правильность или ложность сформулированного в теме утверждения, используя только цитаты из изучаемого произведения. Примеры: 1. *«Аркадий — представитель нового поколения»* (по роману И.С. Тургенева «Отцы и дети»). *Цель:* Путем накопления текстового материала учащиеся должны увидеть определенную близость героя дворянскому миру отцов и одновременно демократическому лагерю детей, выяснить причину двойственности героя; 2. *Онегин — лишний человек* (по роману А.С. Пушкина «Евгений Онегин»); 3. *И один в поле воин, если он Чацкий!* (по комедии А.С. Грибоедова «Горе от ума»).

Урок в форме «дебатов на основе литературоведческого анализа» позволит продемонстрировать хорошую ориентацию учащихся в художественном тексте, умение самостоятельно анализировать отдельные сцены, сопоставлять образы, знание контекста эпохи, в которую было создано произведение. Пример: 1. *Н.В. Гоголь считает, что Чичиков — человек будущего. Цель:* в ходе выступлений понять авторскую позицию, трагичность творческого пути писателя; 2. *Татьяна Ларина — «верный идеал» Пушкина. Цель*: в ходе выступлений понять пушкинскую концепцию образа Татьяны.

«Литературно-критические дебаты» проводятся на основе ранее изученных статей известных русских критиков: Белинского, Чернышевского, Добролюбова, Писарева, Переверзева, Дружинина, Аннекова. Обучающиеся защищают здесь точку зрения того или иного критика, их задача отстоять ее в борьбе с оппонентами. Пример: *Добролюбов прав в оценке характера Катерины* (драма А.Н. Островского «Гроза»). *Цель:* учащиеся должны сопоставить понимание драмы Добролюбовым с позицией Писарева, сформулированной им в статье «Мотивы русской драмы». Возможен другой тип дебатов данного типа: сопоставление точки зрения критика с точкой зрения команды учащихся. Пример: «Обломов — последний в ряду лишних людей» (Добролюбов). Утверждающая команда отстаивает мнение Добролюбова, а отрицающая опровергает его с помощью своих собственных доказательств.

«Проблемные дебаты» предполагают, что охватываемый обучающимися объем материала не ограничивается каким-либо одним произведением. Обучающиеся должны привлечь все известные им источники, в которых поднимается заявленная в теме проблема. Пример: *Герой, не выдержавший испытание любовью, не состоятелен как личность. Цель:* дать учащимся понимание того, что в русской литературе существуют вечные (сквозные) темы, выработать навык аналитического мышления, упорядочить представления о различных этапах литературного процесса, продемонстрировать особенности авторского видения проблемы. Данный вид дебатов, на наш взгляд, является самым сложным, ибо предполагает хорошее владение текстом достаточно большого количества источников, требует долговременной подготовки. Поэтому для учащихся

проводятся дополнительные консультации, иногда допускается досрочный выбор позиции «За» и «Против».

«Скоростные дебаты» иначе можно назвать мини-дебатами, так как проводятся они один на один и каждый из участников имеет право задать два вопроса своему оппоненту. Для темы занятия берется какая-то общая проблема, которая дробится на составляющие (на начальных этапах это делает преподаватель, позднее вся аудитория). По каждой мини-проблеме заслушивается пара конкурирующих спикеров (по 2 минуты каждый) и их вопросы друг другу, в тетрадь записываются выводы после выступления каждой пары. Затем выводы обсуждаются в аудитории. К примеру, на уроке по теме «*Противоречивость характера Базарова* (И.С. Тургенев «Отцы и дети»)» можно предложить следующие темы для мини-дебатов: *Базаров любит и понимает народ; Базаров неспособен чувствовать прекрасное*; *Базаров — истинный друг Аркадия*; *Спор с П.П. Кирсановым Базаров проиграл; В сцене дуэли Базаров проявил большую человечность, чем Павел Петрович. Базаров — преданный сын своих родителей; Базаров сам сделал невозможным свое счастье в любви.* Заметим, что существуют минипроблемы, по которым выбор однозначной позиции сложен, а по некоторым пунктам практически невозможен.

Эффективность использования дебатов на уроке литературы во многом зависит от осознания преподавателем возможности и целесообразности их применения: при изучении той или иной темы — не всякая тема может быть предметом дискуссии; дебаты могут использоваться для обобщения, систематизации, контроля знаний, закрепления материала; для реализации поставленных учебных целей — успешная реализация поставленных целей, достигаемых посредством дебатов, определяется умением преподавателя создать условия для эффективного взаимодействия на занятии; установления доверительных отношений с обучающимися, четкое определение темы и объема обсуждаемого материала, умение преподавателя и обучающихся организовать деловое общение.

Таким образом, «Дебаты» представляют собой не просто увлекательную игру, но и эффективное средство развития учащихся, формирования у них качеств, способствующих эффективной деятельности в условиях современного общества; способствуют развитию критического мышления, навыков системного анализа, формулирования собственной позиции, искусства аргументации — тех качеств, которые необходимы каждому человеку в условиях существования в социуме. «Дебаты» — это интеллектуальная игра, в которой две команды (утверждающая и отрицающая), обсуждая заданную тему, сформулированную в виде утверждения, выдвигают свои аргументы и контраргументы по поводу предложенного тезиса. Поэтому дебатная технология позволяет решить одну из главных задач обучения литературе как пробуждение личностного мотива, привитие интереса к предмету, развитие стремления к речевому и духовному самосовершенствованию. На уроках литературы, проведенных в форме дебатов, обучающиеся приобретают навыки ведения спора с самыми разными оппонентами, активно отстаивать свою точку зрения, осваивать новые виды деятельности, в результате чего повышается качество знаний.

Литература:

1. Бахтин, М.М. Эстетика словесного творчества. — М.: Художественная литература, 1979 – 341 с.
2. Ожегов, С.И. Словарь русского языка. — М.: Русский язык, 1990. — 797 с.
3. Светенко, Т.В. Дебаты: Учебно-методический комплект. — М.: Издательство «Бонфи», 2001. — 296 с.

## Концепт ұғымының теориялық негіздері

Ержанова Айжан Садыковна, магистр, оқытушы;
Сыдықова Айнұр Калиевна, аға оқытушы;
Туребаева Айдана Елубековна, магистр, оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Концепт туралы ғалымдар ойы — әртүрлі. Орыс тіл білімінде ғалымдар оны термин ретінде қарастырса (В.И. Карасик, С.А. Аскольдов), енді біреулері (Д.С. Лихачев, В.Т. Москвин) ұғыммен теңестіреді. Әсер ету күшін Б.А. Ларин концептіні тілдік тұлғаның танымдық деңгейлерінің басты бөлшегі ретінде танып, ғаламның тілдік моделін беруші ұжымдық сананың қозғалысын анықтаушы бірлік екендігін көрсетеді. В.А. Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп таратады [1].

«Концепт» терминін тіл аясындағы мәселелерге қатысты пайдалануды өткен ғасырдың бірінші жартысында тұңғыш рет орыс философы С.А. Аскольдов ұсынған. Ол «Концепт и слово» атты еңбегінде концептіні былайша ұғындырады: *«…мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода»*. Осымен са-

бақтастырып, В.З. Демьянков, Ю.С. Степанов ұғым мен концептінің аражігін ажырата қарастырады. Осы тектес концепт туралы пікірлердің ішінен қазіргі кезде көптеген ғалымдар тарапынан қолдау тауып, ғылыми тәжірибеде қолданылып жүрген — А. Вежбицкаяның анықтамасы. Ғалым концептіні адамның әлем туралы тиянақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі ретінде таниды [2].

Ю.Д. Апресян концепт мәселесін былай танытады: «Әрбір табиғи тіл дүниені қабылдау мен қалыптастырудың нақты тәсілін бейнелейді. Ондағы мағына, мән белгілі бір ұжымдық философия тәрізді ой-пікір жүйесіне топтастырылады. Дүниені концептілеу тәсілі әрі әмбебап, әрі ұлттық ерекшеліктермен толықтырылады. Дүниеге деген көзқарас барынша қарабайыр. Ол дүниенің ғылыми бейнесінен ерекше, бірақ бұл қарапайым түсінік емес». А. Вежбицкая: «концепт — бұл ақиқат әлемі туралы адамның мәдени-шартты түсінігін бейнелейтін «идеалды әлемнің объектісі»; Р.М. Фрумкина концептіні мәдени категориялардың әсерінен туған вербалды ұғым ретінде түсінеді.

«Қонцепт» терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Қубрякова, А.Н. Мороховский, Н.Қ. Рябцева, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич, А.А. Залевская, А. Вежбицкая т. б. зерттеу еңбектерінде қарастырылып, олардың «концепт» жайлы ой-тұжырымдары концептіні құрылымына енетін сөздердің мағыналық жақтан өзара үйлесе келіп, негізгі өзек — тірек сөздің аясына шоғырлануынан туындайтындығын дәлелдейді. Қазақ тіл білімінде «концепт» термині А. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Н. Уәлиев, Б. Қалиев, Қ. Жаманбаева, Г. Смағұлова, Б. Ақбердиев, Г. Снасапова, М. Құштаева, С. Жапақов, Қ. Қайырбаева, А. Сыбанбаева, А. Ислам, Ш. Елемесова, Н. Аитова, А. Әмірбекова, Ж. Саткенова, Ж. Жампейісова, С. Жиренов, Б. Нұрдәулетова, Г. Мұратова, Ж. Қошанова т. б. зерттеушілердің еңбектерінде әр қырынан зерттеледі. Қогнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы — концепт бірнеше түрге бөлінеді. В.А. Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп таратады [3].

Жеке тұлғалық концептілер дегеніміз — біздің пайымдауымызша, белгілі бір тұлғаның немесе автордың жеке қолтаңбасына тән тірек мағыналар. Ал адамдардың жас ерекшеліктеріне тән концептілер тобы сол адам санасының жасына қарай дамуын, сол арқылы әлемді, қоршаған ортаны қабылдауын көрсетеді.

Жалпыұлттық концептілер сол ұлттың танымын, талғамын, өмірлік тәжірибесін, парасат-пайымын, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер тобын құрайды. Сонымен қатар әрбір концепт адам санасының даму ерекшелігіне байланысты, қоғамның өзгеріп, өркендеуіне байланысты бірнеше қабаттардан тұрады. Сонымен қатар концептілердің негізгі қабаты жалпыұлттық сипатты қамтып, қосымша қабаты — семантикалық өріс шеңберіндегі концептілерді құрайды [3].

«Қонцепт» терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Қубрякова, А.Н. Мороховский, Н.Қ. Рябцева, В. Айрапетян, В.В. Қолесов, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич, А. Вежбицкая еңбектерінде әр қырынан қарастырылады. Н.Д. Арутюнова мәдени концептілер туралы былай дейді: «…каждое из этих слов обладает своими законами, своей областью референции, и поэтому, описывая и анализируя «язык» каждого культурного концепта, мы открываем доступ к соответствующему понятию».

Қонцепт сөздерінің терминдік мағынасы әр ғылым саласында әртүрлі. Адам күнделікті өмірде тағдыр, шындық, парыз, абырой, бостандык, еркіндік т. б. сөздерді колданса да, олардьщ мағынасын анық түсіндіре алмауы мүмкін. Ол сөздердің беретін ұғым-түсінігін түсіндіруі адамның тілде беру тәжірибесіне қарай әртүрлі болады.

Қонцепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер рухани мәдениеттін басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып. олардың мән-мағынасын камтиды. Бұл өз кезінде бұрынғы түсіндірмелерді жаңа кырынан бағалауға әкеледі.

Қонцептінің құрылымы күрделі. Оның құрылымына этимология —сөздің түп-төркіні, мазмұн тарихы, қазіргі ассоциация, баға, коннотация енеді.

Қонцепт терминінің құрылымы өте күрделі болып келеді. Бір жағынан алғанда, оған ұғым құрылымына катыстының барлығы, екінші жағынан — концепт құрылымына оны мәдениет фактісі етіп отырған — бастапқы мағынасы да кіреді (этимология); мазмұнның негізгі белгілеріне қатысты ықшамдалған тарих; қазіргі ассоциациялар; баға және т. б. ұғым мәселесіне тоқталатын болсақ, оның логика мен философия салаларында қарастырылып жүргендігіне орай ғалымдар осы ұғымға ұқсас болып келетін заттар тобын, яғни — көлем және ұғымның осы топка сәйкес келетін жалпы және жеке белгілерінің жиынтығын — мазмұн деп түсіндіред [4].

З.Д. Попова, И.А. Стернин адам санасындағы когнитивтік концепт: а) оның тікелей сезімдік тәжірибесінен әлемнің сезім мүшелері арқылы қабылдау; ә) адамның қызмет, әрекеті пәні; б) адам санасында концепті түрінде өмір сүретін ой операцияларынан; в) тілдік қарым-катынастан (концепті адамға тілдік формада түсіндіріліп, жеткізілуі мүмкін; г) тілдік бірліктерді саналы түрде түйсініп, тану аркылы қалыптасады.

Қонцепт қатпарлы қабаттардан тұрады және әр қабат түрлі дәуірлердегі мәдени өмірдің «тұнбасы», яғни нәтижесі болуы мүмкін. Олар (қабаттар) сондай-ақ, тарихи тұрғыда эртүрлі қабаттардан және пайда болу уақыты, шығу тегі — семантикасы жағынан әртүрлі болып табылады. Соған байланысты оның ерекше құрылымы бар. Ол келесі белгілерді қамтиды): негізгі (актуалды) белгісі); қосымша (пассив, тарихи) белгі); ішкі (әдетте санамен түйсінілмейтін) формасы [5].

Ішкі форма, яғни этимологиялық белгіні зерттеушілер ашуы мүмкін. Басқаларға ол делдарлар (ұрпақтан-

ұрпаққа) арқылы жеткен, осы ішкі форманың негізінде қалған мағыналық қабаттар пайда болған.

Негізгі пәрменді қабат — сол мәдениетті тұтынушы ұжымның әрбіріне мәлім, жалпыұлттық концепт болып табылады; пассив қабат — бұл косымша кабат, мәдениетті тұтынушы ұлттың белгілі бір жеке тобы үшін маңызды болып табылады (ягни жекелеген субкультураның концептосферасына жатады); Концептінің ішкі формасы (күнделікті өмірде түйсінілмейтін, тек мамандарға мәлім) мәдениетті тұтынушы көпшілік үшін концепт бөлігі болып табылмайды, мәдени элементтерді түсіндіруші ретінде кабылдайды.

Концептіні зерттеудің әртүрлі амал-тәсілдері бар: тілдік-жүйелік тәсіл, денотативті тәсіл, сигнификатты тәсіл, функционалды-прагматикалык тәсіл. Денотативті тәсіл пропозицияның тілдік емес коррелятын суреттеуге аса көңіл бөледі, яғни концептті дұрьтс пайдалануды жүзеге асыратын коррелят деңгейі мен жағдайын қарастырады.

Сигнификатты тәсіл, сарапталып отырған феноменнің сигнификаттық өріс арқылы жүзеге асуын немесе мифопоэтикалық, этникалық мағыналарды қарастырады. Функционалдық-прагматикалықтәсілдәстүрліконтексттерде бекітілген лексемаларды парафразалау тәжірибесі мен дәстүрлік емес синтагмаларда жаңа семантикалық байланыстардың пайда болуын қарастырады [6].

Концепт — бұл кез келген ұғым емес, бұл адамның әлемдік көзқарасы мен әлемнің концептуалды бейнесінің маңызды әрі күрделі элементі.

Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контексінде қарастырған қазақ тіл білімінде А. Исламның пікірінше: «Концепт дегеніміз — ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады.

Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Ұғымның пайда болуы да санадағы құбылыс. Ұғым айтылған ой арқылы ғана емес, көзбен көріп, қолмен ұстап, ұқсас қасиеттерін еске түсіріп, қиялмен елестетіп, ойша бейнелеп, формасын жасау арқылы да қалыптасады. Алғашқыда негізгі ұғымдардың пайда болуында көз қызметі ерекше орын алған. Онда ұғым пайда болуының негізінде **объект —** денотат тұрады. Ол — қозғаушы, сана әрекетін қоздырушы күш. Егер зат (құбылыс) болмаса, оның санадағы сәулесі, яки бейнесі жоқ [7].

Ұғымдық белгілер арқылы мағына жасалады. Табиғат пен әлем бейнесінің адам санасында бейнеленуі ұғымды қалыптастырады. Ұғым арқылы таңбаға мағына беріледі. Мағына ұғымның нақ өзі деуге де болмайды, абстракцияланған, ұқсатылған, ассоциацияға түсірілген бейнесі. Санадағы ой сөзбен тұлғаланғанда, белгілі мағынаға ие болғанда әр түрлі факторлар арқылы қалыптасады. Ондай факторлар:

— халықтың дүниетанымы
— уақыт
— танымның дамуы

Яғни, белгілі уақыт аралығында дүниетанымның жетілуі мен дамуына сәйкес қалыптасатын халықтық дәстүр мен салт-санаға байланысты болатын ұғымның тілдегі таңбалық жүйеге түскен абстрактылы, ассоциативті бейнесі мағына болады» деп көрсеткеніне қосыламыз.

Демек, ұғым — дүниетанымның санадағы бейне суреті. Сонымен, ой мен тіл арасындағы бейне не ұғым тудыратын процесс когнитивтік ғылымның негізгі нысаны, тірегі, тұжырымдық құрылымы болып табылады. Оның басты мақсаты ой мен тіл арқылы калыптасатын тұжырым қалыптастыру.

Ұғымдық бейне — ойлау жемісі. Ал дыбыстық бейне — сол ұғымдық бейненің материалдық көшірмесі. Бұл бейнелердің қай-қайсысы да заттың (ленотаттық) өзі емес, оның негізгі образдық бейнесінің суреттері: ұғым-санадағы сәуле арқылы салынған сурет болса, сөз — дыбыс арқылы салынған сурет. Тіл — табиғат пен адамзат аралығындағы сана арқылы болатын байланысты адамдардың өзара қарым- қатынасында бейнелейтін аралық құрал.

Әлемде өмір сүре отырып адам тек тілмен белгілі бір «құрал» ретінде қамтамасыз етілмеген, «бірақ адам үшін жалпы әлем не екені осы тілде негізделген және онда сипатталады». Тіл бізге әлемді тануға мүмкіндік береді, «мұнда әр жеке адамның санасынан жоғары тұратын көзге көрінерліктей болады». Және де тіл рөлі — адам мен арасындағы аралықтағы үзбе (звено) рөлі емес, себебі онда адамның өмір сүруі (бытие) ғана жүзеге аспайды, «тілде әлем өзін-өзі бейнелейді». Осылайша тілде әлем өзін біз үшін бейнелейді және осы тіл аясында біз әлемді тануға ие боламыз.

Әдебиет:

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
2. Тхорик В.И. Языковая личность (лингвокультурологический аспект): дисс.... докт. филол. наук. — Краснодар: Куб. ГУ, 2000.
3. Лотман Ю.М. Культура и взрыв. — М.: Гнозис, 1992.
4. Бенвенист Э. Общая лингвистика. — М.: Эдиториал. УРСС, 2002.
5. Арутюнова С.А., Багдасаров С.А. Язык — культура — этнос. — М.: Наука, 1994.
6. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. — Алматы, 1998.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. — Алматы: Санат, 1997.

# ПРОЧЕЕ

## «Болашақ» университетінің халықаралық ынтымақтастық бағытындағы жетістіктері

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты
«Болашақ» университеті, (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

«Болашақ» университеті үшін 2013–14 оқу жылы халықаралық ынтымақтастық жолындағы жетістіктері мол болды. Әсіресе, чехиялық «Социосфера» ғылыми-баспа орталығы және ресейлік «Молодой ученый» баспасымен жасалған келісім-шарттар университет профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінің шет елдік журналдар мен Халықаралық конференциялардағы жарияланымдар әлеуетін көтерді. Сонымен бірге, университеттің оң имиджін қалыптастырды.

Чехия астанасы Прага қаласында 4 Халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ, «Қазіргі әлемдегі жарнама: тарихы, теориясы және тәжірибесі», «білім беру жүйесіндегі PR-технологиялар және ақпараттандыру: дамудың жағдайы және басымдықтары», «Қазіргі шарттардағы тәрбиенің мақсаттары, міндеттері және құндылықтары», «Адам мен қоғам қауіпсіздігі». 2015 жылы аталмыш конференциялар екінші рет өткізіледі.

Жалпы аталмыш конференцияларға Қазақстан, Ресей, Беларусь, Украина, Өзбекстан, Тәжікстан ғалымдары қатысты. Ғалымдардың 134 баяндамасы апробациядан өтті.

Ресейдің «Молодой ученый» баспасымен келісім-шартына сәйкес, екі тарап бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, ғылыми мақалаларды жариялаудағы ынтымақтастық жұмыстары қарастырылған болатын.

Баспаның негізгі басылымы болып табылатын «Молодой ученый» журналының арнайы сандарын шығару келісім шеңберіндегі маңызды қадам болып табылады. Алғаш рет арнайы шығарылымды ұйымдастырған «Болашақ» университетінің бастамасы баспа әріптестеріне үлгі болып отыр. Оған дәлел, басқа жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының арнайы шығарылымды ұйымдастыруға белсенділігінің артуы деп білеміз.

Бүгінде «Болашақ» университеті ұйымдастырған арнайы шығарылым саны жетеу болса, қолдарыңызға сегізінші нөмірі тиіп отыр. Осы сандар барысында «Қазіргі ғылым және инновациялар» тақырыбында 4 Халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды.

Арнайы шығарылым университет профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерінің ғылыми жарияланымдарының санын көбейтумен қатар, Қызылорда, Алматы, Қостанай, Тараз қалаларындағы жоғары оқу орындары ғалымдарының ғылыми мақалаларын жариялауға септігін тигізді. Сонымен қатар, облысымыздағы мектеп мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік жұмыстарын таныстыруға көмек берді.

Осы жеті нөмір барысында 2013 жылы 22, 2014 жылы 114, 2015 жылдың өзінде 90, барлығы 226 ғылыми мақала жарияланып үлгерді. Журнал бөлімдеріне сай жарияланымдар көрсеткіштері төмендегідей:

| | | | |
|---|---|---|---|
| Математика | 5 | Химия | 8 |
| Информатика | 9 | Экология | 8 |
| Ауыл шаруашылығы | 13 | Экономика жәнек басқару | 16 |
| Мемлекет және құқық | 11 | Тарих | 16 |
| Саясаттану | 9 | Педагогика | 73 |
| Филология | 29 | Философия | 4 |
| Биология | 5 | Техника ғылымдары | 7 |
| Дене тәрбиесі және спорт | 5 | География | 2 |
| Физика | 1 | Психология | 2 |
| Мәдениеттану | 2 | Өнертану | 1 |

Алдағы уақытта университет ұжымы берілген бағыт бойынша жұмыстарды жандандырады.

## ИНФОРМАЦИЯ ОБ УНИВЕРСИТЕТЕ «БОЛАШАК»

Реализуя инициативы Главы государства Н. А. Назарбаева, университет «Болашак», имеющий 20-летний опыт подготовки кадров в области образования, бизнеса, инженерии, сельского хозяйства и других специальностей, стремится к удовлетворению потребностей работодателей в специалистах, обладающих логическим мышлением, способных адаптироваться к изменяющимся условиям мирового рынка в условиях глобализации. Прием в Университет осуществляется по государственным образовательным грантам и на договорной основе. Подготовка специалистов осуществляется по 42 специальностям бакалавриата и 6 специальностям магистратуры. Университет включает 3 факультета, 10 кафедр, 2 колледжа.

Как учебное заведение Университет видит свою миссию не только в передаче имеющихся знаний, но и наработке новых знаний на основе достижений науки. При таком подходе в научный поиск вовлечены не только преподаватели, но и большинство студентов, а также магистранты университета. Сегодня Университет «Болашак» является исследовательским университетом инновационного типа.

Университетом проводится работа по созданию и внедрению совместных образовательных программ с зарубежными вузами. Так, с целью творческого сотрудничества университет подписал договора о сотрудничестве с Аэрокосмическим институтом, институтом Аэронавигации Национального авиационного университета Украины, Федеральным государственным бюджетным образовательным учреждением высшего профессионального образования «Московским государственным университетом экономики, статистики и информатики (МЭСИ)», университетом Экономики и предпринимательства (Кыргызстан), научно-издательским центром «Социосфера» (Чехия), издательством «Молодой ученый» (Россия) **и т. д.** В договорах рассматриваются конкретные мероприятия по развитию сотрудничества в области учебно-методической и научно-исследовательской деятельности; повышению квалификации и организации стажировок профессорско-преподавательского состава; а также по реализации совместных образовательных программ бакалавриата и магистратуры.

Увеличивается количество зарубежных публикаций ППС, в том числе в научных изданиях с высоким импакт-фактором базы Томсон Рейтер. За 2013 год за рубежом опубликовано свыше 68, за 2014 около 80 научных статей ППС университета. Основные результаты исследования опубликовались в России, Чехии, Польше, Болгарии, Германии, США, Пакистане, Южной Корее, Испании, а также в рецензируемых журналах, которые имеют SJR (Scopus, Elsevier и т. д.).

## INFORMATION ABOUT «BOLASHAK» UNIVERSITY

Realizing initiatives of the Head of state N. A. Nazarbayev, the «Bolashak» University having 20 years' experience of training in the field of education, business, engineering, agriculture and other specialties for Kyzylorda area, achieves for satisfaction of needs of employees in the experts of possessing logical thinking, capable to adapt for changing conditions of the world market in the conditions of globalization. The university train 42 specialties of a bachelor degree, 6 specialties of a master. It includes 3 faculties, 10 departments and 2 colleges.

The university predict its mission not just having the knowledge as an institution, but also having the new achievements in sciences. In research not only the teachers are involved, but also students and masters of university. As a result, today «Bolashak» University is one of the innovation types of research work.

The presence of the international joint educational programs by university is conducted work on creation and introducing the joint educational programs with foreign high schools. For example, university has signed the agreement on cooperation with Aerospace institute and institute to Aeronavigations National aircraft university of the Ukraine, has signed the agreement on strategic partnership with Federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)» and Erevan branch of the federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)», one more agreement is signed in this year about cooperation between university «Bolashak» and university of the Economy and enterprise (Kyrgyzstan), with press «Young scientist» (Russia). Permanent cooperation is provided in agreement between university in the field of scholastic-methodical, research and cultural activity; in increasing of the qualifications and organizations of the periods of trial professorial-teaching composition; in realization of the joint educational programs bachelors and the masters.

The quantity of foreign press of teaching staff is improving. 68 articles of teaching staff are published in foreign countries like Russia, Czechia, Poland, Bulgaria, Germany, Pakistan, the South Korea, Spain in 2013 year and in 2014 year about 80 articles.

There are many articles which are published in reviewed journals like SJR (Scopus, Elsevier etc). The results of scientific research work of professor-training staff is actively being developed and implemented in the educational process.

# Молодой ученый

Научный журнал
Выходит два раза в месяц

№ 7.2 (87.2) / 2015



Редакционная коллегия:

**Главный редактор:**
Ахметова Г. Д.

**Члены редакционной коллегии:**
Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Авдеюк О. А.
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Игнатова М. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кузьмина В. М
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матроскина Т. В.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенюшкин Н. С.
Ткаченко И. Г.
Яхина А. С.

**Ответственные редакторы:**
Кайнова Г. А., Осянина Е. И.

**Международный редакционный совет:**
Айрян З. Г. (*Армения*)
Арошидзе П. Л. (*Грузия*)
Атаев З. В. (*Россия*)
Борисов В. В. (*Украина*)
Велковска Г. Ц. (*Болгария*)
Гайич Т. (*Сербия*)
Данатаров А. (*Туркменистан*)
Данилов А. М. (*Россия*)
Досманбетова З. Р. (*Казахстан*)
Ешиев А. М. (*Кыргызстан*)
Игисинов Н. С. (*Казахстан*)
Кадыров К. Б. (*Узбекистан*)
Кайгородов И. Б. (*Бразилия*)
Каленский А. В. (*Россия*)
Козырева О. А. (*Россия*)
Куташов В. А. (*Россия*)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (*Украина*)
Нагервадзе М. А. (*Грузия*)
Прокопьев Н. Я. (*Россия*)
Прокофьева М. А. (*Казахстан*)
Ребезов М. Б. (*Россия*)
Сорока Ю. Г. (*Украина*)
Узаков Г. Н. (*Узбекистан*)
Хоналиев Н. Х. (*Таджикистан*)
Хоссейни А. (*Иран*)
Шарипов А. К. (*Казахстан*)

**Художник:** Шишков Е. А.
**Верстка:** Бурьянов П. Я.



Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.
За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.



Адрес редакции:
420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.
E-mail: info@moluch.ru
http://www.moluch.ru/

**Учредитель и издатель:**
ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Тираж 1000 экз.
Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», г. Казань, ул. Академика Арбузова, д. 4